

Казахстанский институт стратегических исследований  
при Президенте Республики Казахстан

# НУРСУЛТАН НАЗАРБАЕВ – БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Статьи, интервью, выступления,  
экспертные комментарии  
и справочно-аналитические  
материалы

Астана 2017

**УДК 323 (574)**  
**ББК 66. 3 (5Каз)**  
**Н 90**

*Рекомендовано к печати Ученым Советом  
Казахстанского института стратегических исследований  
при Президенте Республики Казахстан*

**Редакционная коллегия:**

З.К. Шаукенова (общая редакция),  
Ж.С. Ордалиева, К.Д. Исаев, М.М. Нургалиева,  
М.М. Омаров, Н.Ж. Биекенова, Г.А. Бимагамбетова,  
А.А. Арзикулов (ответственный за выпуск)

**Н 90 Нурсултан Назарбаев – Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру**  
(статьи, интервью, выступления, экспертные комментарии и справочно-аналитические материалы) – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2017. – 512 с.

**ISBN 978-9965-844-30-0**

12 апреля 2017 года была опубликована программная статья Президента Республики Казахстан – Елбасы Н.А. Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» – «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

Статья Елбасы вызвала большой интерес и широко обсуждалась как в Казахстане, так и за его пределами. В книге представлены статьи, интервью, выступления, комментарии известных политических и общественных деятелей, представителей научно-аналитического сообщества республики и стран зарубежья. Также в издание включены отклики сотрудников Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан и подготовленные КИСИ справочно-аналитические и методические материалы по ключевым направлениям, изложенным в статье Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру».

Книга адресована широкому кругу читателей.

**ISBN 978-9965-844-30-0**

**УДК 323 (574)**  
**ББК 66. 3 (5Каз)**

## Содержание

<b>ВВЕДЕНИЕ</b> .....	11
<b>ПРОГРАММНАЯ СТАТЬЯ Н.А. НАЗАРБАЕВА «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – «ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ: МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»</b> .....	15
<b>НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМИССИЯ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН</b> .....	51
<b>ОБЗОРНЫЕ СТАТЬИ, ИНТЕРВЬЮ И ВЫСТУПЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ И ОБЩЕСТВЕННЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ, ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ НАУКИ И КУЛЬТУРЫ КАЗАХСТАНА</b> .....	69
<b><i>Қасым-Жомарт Тоқаев</i></b> Рухани жаңғыру: озығын алып, тозығын тастау.....	70
<b><i>Нурлан Нигматулин</i></b> Президент открывает новые горизонты духовного развития.....	74
<b><i>Гүлшара Әбдіқалықова</i></b> Рухани жаңғыру – Қазақстанның үшінші жаңғыруының негізі.....	76
<b><i>Мұхтар Құл-Мұхаммед</i></b> Кездесу Елбасы мақаласына арналды.....	83
<b><i>Бектас Бекназаров</i></b> Жарқын болашағымыздың тұғыры – рухани жаңғыру.....	85
<b><i>Владимир Божко</i></b> Новые горизонты духовного развития.....	90
<b><i>Бырганым Айтимова</i></b> Сохранить наше наследие.....	96
<b><i>Мәулен Әшімбаев</i></b> Латын әліпбиіне көшу – дұрыс қадам.....	98

**Жабал Ерғалиев**

Елбасының мақсаты – Мәңгілік ел.....100

**Бақытжан Жұмағұлов**

Латын әліпбиіне өту – ұлт тілінің болмысын сақтау.....107

**Дархан Кәлетаев**

Ұлттың ұлы мұраты.....112

**Қуаныш Сұлтанов**

Ойландырады. Іздендіреді. Дамыттырады.....115

**Серик Сейдуманов**

Рухани жаңғыру – ответ на вызовы современности.....121

**Дархан Мынбай**

На одной волне.....126

**Ержан қажы Малғажыұлы**

Тектілікке тәрбиелейтін тұжырым.....132

**Султан Акимбеков**

Меняться вместе с миром.....135

**Анатолий Башмаков**

Нравственный навигатор общества.....137

**Гарифолла Есим**

Самоидентификация нации.....139

**Әбдуәли Қайдар**

Зор толғаныстан туған игілікті шешім.....141

**Дархан Қыдырәлі**

Тарихи таңдау.....145

**Саттар Мажитов**

Забота о силе и разуме нации.....149

**Асылы Осман**

Язык – душа народа.....156

<b>Өмірзақ Айтбайұлы</b>	
Рухани сілкініс немесе қазақ жазуының күні туды.....	158
<b>Абсаттар Дербисали</b>	
Национальный код предков.....	163
<b>Смағұл Елубай</b>	
Біз күткен бетбұрыс.....	166
<b>Георгий Кан</b>	
Формирование нового общественного сознания.....	168
<b>Уәлихан Қалижанов</b>	
Бұл – қоғамға соны серпіліс әкелген байламы жоғары бағдарлама.....	170
<b>Карл Байпақов</b>	
Заманмен үндескен мақала.....	173
<b>Ескендір Хасанғалиев</b>	
Ауыл мен қазақ – ажырамас ұғымдар.....	175
<b>Мырзатай Жолдасбеков</b>	
О «контенте» для души.....	177
<b>Мурат Журинов</b>	
Уникальный шанс обновления.....	182
<b>Наталья Калашникова</b>	
Каркас национальной идентичности.....	186
<b>Серік Пірәлиев</b>	
Өзгеру – өмір талабы.....	191
<b>Нұрлан Оразалин</b>	
Елдіктің ерен сөзі.....	197
<b>Амангелді Айталы</b>	
Діндарлық және имандылық.....	204

***Бүркітбай Аяған***

Бұқаралық сананы өзгерту – заман талабы.....212

***Ерлан Сыдыков***

Задача историков – приумножить духовный потенциал народа...217

***Жабайхан Әбділдин, Раушан Әбділдина***

Ескіні жаңамен, дәстүрді инновациямен  
сабақтастыру сәті туды.....223

***Ахан Бижанов***

Держим курс по маякам.....230

***Ерден Кажыбек***

Квинтэссенция языковой реформы.....234

***Асанәлі Әшімов***

Латын әліпбиіне көшу туралы пікірлер.....240

***Князь Мирзоев***

Важнейший фактор модернизации.....241

***Галымкаир Мутанов***

Для повышения конкурентоспособности.....244

***Александр Тараков***

Латиница – выбор сделан!.....246

***Жапсарбай Қуанышев***

Тұрақтылықтың негізі – ұлттық бірегейлік.....248

**СТАТЬИ, ИНТЕРВЬЮ,**

**ОТКЛИКИ ЗАРУБЕЖНЫХ ЭКСПЕРТОВ.....253**

***Фархад Мамедов (Азербайджан)***

Программная статья Президента Республики Казахстан  
вызвала интерес в Азербайджане.....254

<b>Александр Аузан (Россия)</b> Внимание к своей культуре – это и есть секрет модернизации.....	256
<b>Эльхан Шаиноглу (Азербайджан)</b> О переходе на латиницу.....	258
<b>Дмитрий Журавлев (Россия)</b> Переход казахского языка на латиницу даст преимущество Казахстану.....	260
<b>Юрий Кофнер (Россия)</b> Модернизация общества по-евразийски.....	262
<b>Бәкей Ағыпарұлы (Моңғолия)</b> Әр Азаматқа Айқын Бағдар.....	269
<b>Jeremy Luedi (Canada)</b> Kazakhstan's Plans For 2017 And Beyond.....	271
<b>Георгий Пряхин (Россия)</b> Назарбаев выступает как стратег всего Содружества.....	277
<b>L. Todd Wood (USA)</b> With big changes, Kazakhstan tries to chart a new path.....	280
<b>Сванте Корнелл (Швеция), Пауло Ботта (Аргентина), Есенгалий Ибраев (Россия)</b> Ориентиры Общества Созидания.....	283
<b>Çağlar Erbek (Turkiye)</b> Kazakistan'da milli modernizasyon ve Nazarbayev'in vizyonu.....	286
<b>Kirtan Bhana (South Africa)</b> Kazakhstan As It Evolves.....	291
<b>Cassiano Pereira Viana (Brasil)</b> O Desbravador Visionário – Presidente Nursultan Nazarbayev.....	292

**Catherine Putz (USA)**

Coming in 2018? A new Latin-based Kazakh alphabet.....295

**Ярослав Лисоволик (Россия)**

Три ключевых аспекта статьи Президента Казахстана  
«Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»....297

**Ирина Звягельская (Россия)**

Модернизация общественного сознания в Казахстане.....299

**Андрей Казанцев (Россия)**

Реформа экономики невозможна  
без модернизации общественного сознания.....301

**Михаил Чумалов (Россия)**

Латиница в Казахстане: взгляд в геополитику через историю.....303

**Александр Пухкал (Украина)**

Перезагрузка современного общества невозможна  
без модернизации общественного сознания.....308

**Kishore Mahbubani (Singapore)**

Modernisation of Kazakhstan’s identity: view from Singapore.....309

**СТАТЬИ, ИНТЕРВЬЮ И ОТКЛИКИ В СОЦИАЛЬНЫХ  
СЕТЯХ СОТРУДНИКОВ КАЗАХСТАНСКОГО ИНСТИТУТА  
СТРАТЕГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ  
ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....311**

**СТАТЬИ, ИНТЕРВЬЮ.....312**

**Зарема Шаукенова**

Рухани жаңғыру: от модернизационных ожиданий  
к изменению общественного сознания.....312

Қазақ тілі – көркем тілдердің бірі.....316

Модернизация казахского языка: историко-философские  
предпосылки перехода на латинскую графику.....321

Курс на укрепление коммуникационных возможностей.....324



<b>Санат Көшкімбаев</b>	
Латын әліпбиіне көшу: жаңа көкжиектер.....	327
<b>Лязат Нуркатова</b>	
Прорыв в межкультурное мировое пространство.....	330
Сто лиц одной страны.....	335
<b>Ирина Черных</b>	
Выступление на Парламентских слушаниях «О вопросах введения единого стандарта алфавита государственного языка на латинской графике».....	340
Новое гуманитарное знание как основа для модернизации общественного сознания.....	343
<b>Юрий Булуктаев</b>	
Будут добрыми всходы.....	347
<b>Леся Каратаева</b>	
История каждого успеха Казахстана – история успеха каждого казахстанца.....	352
<b>Берік Әбдіғалиұлы</b>	
«Қасиетті Қазақстан» картасы жасалуда.....	356
Познавая историю заново.....	361
<b>Мадина Нургалиева</b>	
Переход казахского языка на латиницу: размышления и комментарии.....	367
<b>Меират Омаров</b>	
Ценностные установки современного человека в эпоху глобальной дигитализации.....	373
<b>Алуа Жолдыбалина</b>	
Әлемдік тренд.....	376
<b>ОТКЛИКИ В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ.....</b>	<b>378</b>

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ  
ҚСЗИ-ДЫҢ АНЫҚТАМА-САРАПТАМАЛЫҚ ЖӘНЕ  
ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАРЫ .....409**

**СПРАВОЧНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ  
И МЕТОДИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ КИСИ  
ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....458**

## ВВЕДЕНИЕ

12 апреля 2017 года была опубликована программная статья Президента Республики Казахстан – Елбасы Н.А. Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» – «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

По своей значимости, внутреннему содержанию и масштабности поставленных задач этот документ уже вписан в летопись истории Казахстана.

С одной стороны, статья «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» стала логическим продолжением Послания народу Казахстана в 2017 году «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность», в котором был дан старт процессам обновления – политической реформе и модернизации экономики. С другой стороны – это принципиально новая точка отсчета прогрессивного развития Казахстана, где модернизация общественного сознания станет стержнем политических и экономических преобразований. Видение перспектив государства напрямую связано с национальной консолидацией граждан Казахстана, а потому нужно «нам вместе сделать шаг навстречу будущему, изменить общественное сознание, чтобы стать единой Нацией сильных и ответственных людей».

По своему посылу программная статья Главы государства – это, прежде всего, статья мировоззренческо-идеологического характера, которая в рациональном формате дает общее определение национальному сознанию XXI века и путям изменения общественного сознания. Процесс модернизации является стадийным, многофакторным, исторически инвариантным и обратимым; он обладает региональной и цивилизационной спецификой и протекает с различной скоростью и интенсивностью в разных общественных подсистемах и на разных этапах развития.

Конечной целью модернизации является превращение государства в систему, способную к саморазвитию и постоянному обновлению своих механизмов, приведению в соответствие с требованиями времени. Казахстан осуществил Первую модернизацию, создав новое независимое государство. Результатами Второй модернизации стали принятие

Стратегии-2030 и строительство новой столицы – Астаны, вхождение Казахстана в число 50 развитых стран. С 2017 года Казахстан приступил к реализации Третьей модернизации страны, направленной на достижение глобальной конкурентоспособности. Главная цель – вхождение в число 30 передовых стран мира.

Цивилизационный и ценностный выбор в сторону открытости, инноваций и прогресса был свойственен для Казахстана всегда. Доминантная идеологема, продвигаемая Президентом, это реформа через открытость, готовность к изменениям, здоровый прагматизм, духовный и культурный динамизм всего казахстанского общества.

Модернизация – это социокультурный феномен, за ним стоят соответствующие мироощущение и мировоззрение человека, его понимание окружающего мира и его места в нем, мотивация и стиль поведения, усвоенная система ценностных ориентаций и культурных предпочтений, общественные, в том числе политические формы жизни, определенная система прав и обязанностей. Программная статья Елбасы «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» выделяет модернизацию как процесс фундаментальных перемен, не подразумевающих смены системы, но мобилизующих имеющийся потенциал в целях динамичного развития государства.

Логически и структурно статья состоит из двух основных блоков, в которых сконцентрированы ключевые направления и задачи развития Казахстана:

I. Формирование единой Нации сильных и ответственных людей:

– Модернизация общественного сознания возможна и будет успешной только при сохранении собственной культуры, национального кода;

– Конкурентоспособность и прагматизм основаны на эффективном использовании национальных и личных ресурсов при планировании будущего;

– Духовная модернизация предполагает сохранение национальной идентичности, сопряженной с традициями и обычаями, языком и культурным наследием;

– Культ знания и открытость сознания должны стать повсеместными, а ориентация на качественное образование, с учетом технологий передовых стран мира, является фундаментальным приоритетом;

– Эволюционное развитие предполагает переосмысление современных процессов, происходящих в мире.

II. Конкретные пути и решения в повышении национального духа в XXI веке. Приоритеты и задачи на ближайшие годы:

– Поэтапный переход казахского языка на латиницу при параллельном функционировании кириллицы в период адаптации;

– Внимание к социальному и гуманитарному знанию через реализацию проекта «100 лучших учебников мира» обеспечит платформу для подготовки квалифицированных кадров, способных конкурировать в сфере знаний в глобальных масштабах;

– Формирование патриотизма через программу «Туған жер», организованную на краеведческой основе;

– Продвижение современной казахстанской культуры в глобальном мире;

– Проект «100 новых лиц Казахстана» позволит презентовать гражданам истории реальных современников Независимости, внесших весомый вклад в развитие страны.

Обозначенные Президентом страны основные направления развития уже начали активно претворяться в жизнь. Создан единый информационный портал «Рухани жаңғыру», функционирующий на базе ресурса [www.strategy2050.kz](http://www.strategy2050.kz), завершены отбор и онлайн-голосование по проекту «100 новых лиц».

В обществе активно обсуждался переход казахского языка на латинскую графику. 26 октября 2017 года был подписан Указ Президента Республики Казахстан № 569 «О переводе алфавита казахского языка с кириллицы на латинскую графику».

В масштабах всей республики, в регионах состоялись многочисленные мероприятия, нацеленные на модернизацию общественного сознания, а также сфокусированные на реализации проектов «Туған жер», «100 учебников». Можно отметить высокую вовлеченность всех социальных групп казахстанского общества в процесс осмысления глубинных смыслов и реальных инициатив, сформулированных Президентом страны в заявленной статье, которая, по большому счету, стала главным ориентиром для успешного развития нашего государства.

Программная статья «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» вызвала большой интерес общественности, активно обсуждалась

как внутри страны, так и за ее пределами. В октябре 2017 года в штаб-квартире ЮНЕСКО в г. Париже прошла международная презентация проекта «Современная казахстанская культура в глобальном мире» в рамках программы «Рухани жаңғыру». Для зарубежной аудитории был представлен комплекс мероприятий, направленный на демонстрацию лучших достижений казахстанской культуры.

Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан подготовил к изданию книгу «Нурсултан Назарбаев – Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Идея подготовки книги связана с тем, что казахстанское общество очень активно откликнулось на месседжи Главы государства и поддержало их, что подчеркивает наличие внутреннего социального запроса и своевременность статьи.

Открывают книгу текст программной статьи Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»), Указ Президента РК о создании Национальной комиссии по реализации программы модернизации общественного сознания при Президенте Республики Казахстан и информация о ее работе по всем направлениям.

В книге собраны и представлены отклики на статью Елбасы, опубликованные в средствах массовой информации. Среди них – статьи, интервью, выступления известных казахстанских политических, общественных деятелей, представителей научно-аналитического сообщества и зарубежных экспертов. Также в книге представлены отклики сотрудников Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан и подготовленные КИСИ справочно-аналитические и методические материалы по ключевым направлениям, изложенным в программной статье Н.А. Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру».

**ПРОГРАММНАЯ СТАТЬЯ Н.А. НАЗАРБАЕВА  
«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» –**

---

**«ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ: МОДЕРНИЗАЦИЯ  
ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»**





**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,**  
Қазақстан Республикасының Президенті

## **«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»**

### **КІРІСПЕ**

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мен жыл басындағы халыққа Жолдауымда **Қазақстанның үшінші жаңғыруы** басталғанын жарияладым.

Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – **саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды** қолға алдық.

Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – **әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.**

Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, ба-  
сымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Мен көздеген жұмыста-  
рымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына  
сенімдімін. Бірақ, ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз.

Мақсатқа жету үшін біздің **санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс.** Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

**Рухани жаңғыру** тек бүгін басталатын жұмыс емес.

Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық.

2004 жылы **«Мәдени мұра»** бағдарламасы аясында Қазақстан ау-  
мағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық.

2013 жылы **«Халық – тарих толқынында»** бағдарламасы арқылы  
әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды  
жүйелі түрде жинап, зерттедік.

Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды  
бастағалы отырмыз.

Мен еліміз **мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқара-  
лық сананы қалай өзгертетініміз** туралы көзқарастарымды ортаға  
салуды жөн көрдім.

## I. XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде **сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес.** Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты **жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу.** Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымызды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен **озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу** қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың **түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды.**

Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын **ұлт жадының тұғырнамасы.**

Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір **қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын** қалаймын.

Бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың **санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын** атап өтер едім.

### 1. Бәсекелік қабілет

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі **бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.**

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен **өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы.** Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, **адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады.** Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт **XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы** керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға бауына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында.

Сол себепті, **«Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім»** сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

### 2. Прагматизм

**Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес.**

Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады.

Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді.

Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Бағзы замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға

кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды.

Осының бәрі – жерге аса немқұрайлы қараудың ащы мысалы.

**Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек.**

Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді.

**Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.**

Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, **елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар** пайда болады.

Өкінішке қарай, тарихта **тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес.** Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді.

**Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмекке кетті.** Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс.

Яғни, реализм мен прагматизм ғана таяу онжылдықтардың ұраны болуға жарайды.

### 3. Ұлттық бірегейлікті сақтау

**Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.**

Оның екі қыры бар.

**Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту.**

**Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.**

Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін?

Қатер жаңғыруды әркімнің **ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде** қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның **түбірімен қате** екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде **әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда.**

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда **ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.**

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар **біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.**

Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын **кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді** білдіреді.

Мысалы, **жершілдікті алайық.** Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені – **өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екеніңді ұмытуға есте болмайды.**

Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. **Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді.**

Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын.

**Біріншісі** – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды.

**Екіншісі** – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

#### 4. Білімнің салтанат құруы

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет.

**Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды.** Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған **«Болашақ»** бағдарламасынан басталды. Елімізде **өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі** қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды.

Дегенмен, **білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс.** Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, **таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді.**

Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген.

Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді.

Осыны бек түсінгендіктен, **біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз.**

**Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім** екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында **білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт.** Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

#### 5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Биыл Еуразия құрлығының ұлан-ғайыр аумағын астаң-кестең еткен 1917 жылдың қазан айындағы оқиғаға 100 жыл толады.

**Күллі XX ғасыр революциялық сілкіністерге толы** болды. Бұл осы аумақтағы барша ұлттарға мейлінше әсер етіп, бүкіл болмысын өзгертті.

Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа.

Біреуге өзіңнің көзқарасыңды еріксіз таңуға ешқашан болмайды. **Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ.**

Өткен **XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр** болды.

**Біріншіден**, ұлттық дамудың көнеден жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды.

**Екіншіден**, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді.

**Үшіншіден**, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады.

**Төртіншіден**, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды.

Әрине, тарих тек ақтаңдақтардан тұрмайды.

**XX ғасыр Қазақстанға бірқатар игіліктерін де берді.**

Индустрияландыруды, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуын, жаңа интеллигенцияның қалыптасуын осыған жатқызуға болады.

Бұл кезеңде елімізде белгілі бір жаңғыру болды. Бірақ, бұл – **ұлттың емес, аумақтың жаңғыруы еді.**

Біз тарихтың сабағын айқын түсінуіміз керек. **Революциялар дәуірі әлі біткен жоқ.** Тек оның формасы мен мазмұны түбегейлі өзгерді.

Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – **эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне** көзімізді жеткізді.

Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы **әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға** тиіс.

Бірақ, қоғамның эволюциялық дамуы қағида ретінде **мәңгі тұмшаланудың синонимі емес.**

Сол себепті, тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрықша маңызды.

Бүгінде **революциялар өңін өзгертіп**, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірақ, бәрі де, түптеп келгенде, қантөгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз.

Сондықтан, **әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау** – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстар-

дың да, білім беру жүйесінің де **ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі.**

## 6. Сананың ашықтығы

Көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің **«от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан** туындайды.

Бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармағай оқып жатқан **ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі** еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей.

Еуропалық Одақтың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламай ма? Әлде 100 миллиондаған қытай мен индонезиялықтар, малайлар ағылшын тілін еріккеннен үйреніп жатыр ма?

Бұл – бәзбіреулердің әншейін қалауы емес, **жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты.**

Бірақ, мәселе бұған да тіреліп тұрған жоқ. Сананың ашықтығы зерденің **үш ерекшелігін білдіреді.**

**Біріншіден**, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

**Екіншіден**, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін **өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз.** Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

**Үшіншіден**, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі.

«Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, **басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі.**

Егер қазақстандықтар жер жүзіне үйден шықпай, терезеден теліріп отырып баға беретін болса, әлемде, құрлықта, тіпті іргедегі елдерде қандай дауыл соғып жатқанын көре алмайды.



Көжиектің арғы жағында не болып жатқанын да біле алмайды. Тіпті, бірқатар ұстанымдарымызды түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмай қалады.

## II. ТАЯУ ЖЫЛДАРДАҒЫ МІНДЕТТЕР

Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті **нақты жобаларды** жүзеге асыруымызды да талап етеді.

Осыған байланысты, мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын **бірнеше жобаны** ұсынамын.

**Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру** жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық.

Қазақ тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынын білесіздер.

**VI-VII ғасырлар** – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрлығында ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған **көне түркілердің руникалық жазуы** пайда болып, қолданылды.

Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі.

**V–XV ғасырларда** түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды.

Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді.

Халқымыз **Ислам дінін** қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады.

**X ғасырдан XX ғасырға дейін**, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды.

**1929 жылғы 7 тамызда** КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады.

Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі **1929 жылдан 1940 жылға дейін** қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды.

**1940 жылғы 13 қарашада** «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды.

Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен **нақты саяси себептермен** айқындалып келді.

**Мен 2012 жылғы желтоқсан айында** жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім.

Бұл – сол кезден **барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз** деген сөз.

Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, **бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз.**

Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Үкімет **қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін** жасауы керек.

Латыншаға көшудің **терең логикасы бар.** Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес.

**2017 жылдың аяғына дейін** ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, **қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап** жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет.

Алдағы **2 жылда** ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс.

**Әрине, жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавиті де қолданыла тұрады.**

**Екіншіден,** қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «**Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық**» жобасын қолға аламыз.

Оның мәні мынада:

1. Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет.

2. Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша **әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып**, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз.

3. Ол үшін қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес **Ұлттық аударма бюросын құру керек**. Ол Үкіметтің тапсырысы бойынша 2017 жылдың жазынан тиісті жұмыстарға кірісе бергені жөн.

**Бұл бағдарлама арқылы неге қол жеткіземіз?**

Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке **жаңа сапалық деңгейде білім бере** бастаймыз.

Бұл – **білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау** деген сөз.

Оған қоса, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты **сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке** айналады. Осылайша, **болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында** қаланады.

Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық. Әлемнің үздік 100 оқулығының қазақ тілінде шығуы 5-6 жылдан кейін-ақ жемісін бере бастайды. Сол себепті, уақыт ұттырмай, **ең заманауи, таңдаулы үлгілерді алып**, олардың қазақ тіліндегі аудармасын жасауымыз керек.

**Бұл – мемлекеттің міндеті.**

Үкімет мұны аудармашы мамандармен қамтамасыз ету, авторлық құқық, оқу-әдістемелік бағдарламалар мен профессорлық-оқытушылық құрамды белгілеу сияқты жайттарды ескере отырып, кешенді түрде шешуі керек.

**Үшіншіден**, Қазақ «**Туған жерге туыңды тік**» деп бекер айтпаған.

**Патриотизм** кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни **туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады**.

Сол себепті, мен «**Туған жер**» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «**Туған елге**» ұласады.

Мәселен, «Ауылым – өнім» атты әнді айтқанда, «**Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін**» деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасақ, бұл – мағынасы өте терең сөздер.

**Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады?** Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегiнiң түбiнде әлдилеп өтпейтiн жан баласы болмайды.

**Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу** – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі.

Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін **мәдени-генетикалық кодының негізі**.

Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ.

Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті.

**Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде?**

**Бірінші**, бұл білім беру саласында **ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді**, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі.

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы **талай-талай аңыздар мен әңгімелер** бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған **біртуар перзенттері** бар. Осының бәрін **жас ұрпақ біліп өсуге тиіс**.

**Екінші**, басқа аймақтарға көшіп кетсе де **туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген** кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек.

**Үшінші**, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын **жи-нақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс**.

Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет.

Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек.

Бұл жерде де көп жұмыс бар.

Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады.

Қысқаша айтқанда, «**Туған жер**» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады.

Туған жерге деген сүйіспеншілік **Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге** ұласады.

**Төртіншіден**, жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – **жалпыұлттық қасиетті орындар** ұғымын сіңіруіміз керек.

Ол үшін «**Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары**» немесе «**Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы**» жобасы керек.

Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің **баршаға ортақ қасиетті жерлері** болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі.

Бұл – **рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі**.

Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген.

Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз.

Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ.

Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді **өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды** меңзейді.

**Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды.**

Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында **басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары** тұрғанын есте ұстауымыз керек.

Тиісінше, оларға өзіміздің **ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз.**

**Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі** – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын **символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.**

Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз.

**Биыл Үкімет жұртшылықпен ақылдаса отырып, жобаны әзірлеуі керек.** Онда **үш мәселе қамтылғаны жөн.** Нақтырақ айтқанда:

1. Аталған **«Мәдени-географиялық белдеудің»** рөлі мен оған енетін орындар туралы әрбір қазақстандық білуі үшін оқу-ағарту дайындығын жүргізу қажет.

2. БАҚ осыдан туындайтын ұлттық ақпараттық жобалармен жүйелі түрде, мықтап айналысуы керек.

3. Ішкі және сыртқы **мәдени туризм** халқымыздың осы қастерлі мұраларына сүйенуге тиіс. Мәдени маңыздылығы тұрғысынан біздің **Түркістан немесе Алтай** – ұлттық немесе құрлықтық қана емес, **жаһандық ауқымдағы құндылықтар.**

**Бесіншіден,** заманауи әлемдегі бәсекелік қабілет – **мәдениеттің де бәсекелік қабілеті** деген сөз. АҚШ-тың «қырғи-қабақ соғыс» кезіндегі табысының қомақты бөлігі Голливудтың еншісінде.

Біз XXI ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, **«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет»** жобасын іске асыруға тиіспіз.

Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, **мәдени жетістіктерімізбен** де тануы керек.

**Бұл жоба нені көздейді?**

**Бірінші, отандық мәдениет БҰҰ-ның алты тілі** – ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт.

**Екінші, ол бүгінгі қазақстандықтар жасаған және жасап жатқан заманауи мәдениет болуға тиіс.**

**Үшінші, мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыру керек.**

Мәдени өнімдеріміз тек кітап түрінде емес, әртүрлі мультимедиа-лық тәсілдермен де шыққаны абзал.

**Төртінші, бұған ауқымды мемлекеттік қолдау жасалуы қажет.** Сыртқы істер, Мәдениет және спорт, Ақпарат және коммуникациялар министрліктері жүйелі түрде, қоян-қолтық жұмыс істеуі керек.

**Бесінші, бұл жұмыста шығармашылық зиялы қауым, оның ішінде Жазушылар одағы мен Ғылым академиясы, университеттер мен қоғамдық ұйымдар үлкен рөл атқаруға тиіс.**

**Біз заманауи мәдениетіміздің қандай өкілдері әлемдік аренаға жол тартуы керектігін анықтап алуымыз керек.**

Ұлттық мәдениетіміздің **озық үлгілерін іріктеп алғаннан кейін** шетелдерде оларды **таныстыру рәсімдерін өткіземіз.**

**2017 жыл** жер жүзіне мәдениет саласындағы қай **жетістіктерімізді көрсете алатынымызды айқындап алу** тұрғысынан **ше-шуші жыл болмақ.** Содан соң бірегей бағдарламаны **5–7 жылда** тыңғылықты жүзеге асырамыз.

Осылайша, мың жылдық тарихымызда төл мәдениетіміз тұңғыш рет әлемнің барлық құрлықтарына жол тартып, басты тілдерінде сөйлейтін болады.

**Алтыншыдан,** ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс.

Мен бүгінгі **замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына** да назар аударуды ұсынамын.

Бұл идеяны **«Қазақстандағы 100 жаңа есім»** жобасы арқылы іске асырған жөн.

Еліміздің **Тәуелсіздік жылнамасы** жазыла бастағанына **небәрі 25 жыл** болды. Бұл – тарих тұрғысынан қас қағым сәт десек те, еліміз

үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ.

Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр.

**«Қазақстандағы 100 жаңа есім»** жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы.

Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады.

Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш.

Сондықтан, оларды **телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз** керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек.

Қазіргі медиамәдениетті суырыла сөйлейтін «шешендер» емес, **өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғалар** қалыптастырады. Мұндай оқиғаларды көрсету бұқаралық ақпарат құралдарының басты нысанасына айналуға тиіс.

**Бұл жоба үш мәселені шешуге бағытталғаны жөн.**

**1.** Ақылымен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту.

**2.** Оларға ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мульти-медиалық алаңын қалыптастыру.

**3.** «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау. Ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс.



## ҚОРЫТЫНДЫ

**Мемлекет пен ұлт** құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі **дамып отыратын тірі ағза іспетті**. Ол өмір сүру үшін заман ағымына **саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы** керек.

Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр.

Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс.

Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы **болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр**.

Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін.

Жаңа жағдайда **жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы**. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

**Нурсултан НАЗАРБАЕВ, Президент Республики Казахстан**

# ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ: МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

## ВВЕДЕНИЕ

Казахстан вступил в новый исторический период.

В этом году своим Посланием в объявил о начале **Третьей модернизации Казахстана**. Так мы дали старт одному из важнейших процессов обновления – политической реформе и модернизации экономики.

Цель известна – войти в тридцатку развитых государств мира.

Об модернизационных процессах имеют четкие цели и задачи, приоритеты, методы их достижения. Уверен, что все будет сделано и сроки и максимально эффективно. Но этого недостаточно.

Я убежден: начаты нами масштабные преобразования должны сопровождаться опережающей модернизацией общественного сознания. Она не просто дополнит политическую и экономическую модернизацию – она выступит их фундаментом.

Надо отметить, что за годы Независимости нами был принят и реализован ряд крупных программ. С 2004 года была реализована программа «Мирный мир», направленная на восстановление историко-культурных памятников и объектов на территории Казахстана.

В 2013 году мы приняли программу «Халықтарих толықнанду», позволившему нам системно собирать и изучать документы из ведущих мировых архивов, посвященные истории нашей страны.

А сегодня мы должны приступить к более масштабной и фундаментальной работе.

Поэтому я решил поделиться своим видением того, как нам вместе сделать шаг навстречу будущему, изменить общественное сознание, чтобы стать основой Нации сильных и ответственных людей.

## 1. О НАЦИОНАЛЬНОМ СОЗНАНИИ В XXI ВЕКЕ

Руководитель группы по проекту «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке» министр образования и науки **Ерлан Сагадиев** рассказал о критериях, по которым будут отбираться учебники для перевода. В первую очередь, это должны быть труды по гуманитарным дисциплинам – истории, философии, политологии, социологии, психологии, культурологии, филологии, педагогике. Базовые учебники должны быть по образовательным программам 100 топовых вузов мира и содержаться в базе известных издательств. Кроме того, учебники обязательно должны быть актуальными, то есть переизданы не ранее 2014 года.

На сегодняшний день, по информации Ерлана Сагадиева, сформирован первоначальный список из 800 учебников. В соответствии с выработанными критериями специально сформированная рабочая группа уже отобрала 7 учебников, по которым начались переговоры с международными правообладателями. Первые 4 из них планируется перевести до конца 2017 года («Принципы экономики», «Основы социологии», «Новая история западной философии», «Социология в меняющемся мире»), еще по трем («История современной психо-

логии», «Введение в обучение и поведение», «История искусства») перевод предполагается завершить до конца марта 2018 года.

Руководитель группы по переходу государственного языка на латиницу, директор Института языкознания **Ерден Кажыбек** проинформировал, что в процессе заседаний рабочей группы и ее подразделений, проведения научно-организационных, экспертных и апробационных мероприятий будет осуществлена выработка и систематизация применительно к латинской графике правил воспроизведения исконных слов и заимствований, адаптации знаков латинского алфавита к исконной звуковой системе казахского языка, структурированной по основным тематическим разделам. Это культура речи, орфография; математическая, IT-лингвистика; социолингвистика; фонетика, фонология, интонология, орфоэпия; грамматика, морфология, словообразование; лексикология, фразеология, лексикография; терминология, переводческое дело, специальные названия; ономастика, имена собственные; этнолингвистика, архаизмы; история языка, компаративистика.

– Любой язык должен иметь алфавит и правила, которые базируются на определенных законах, на специфике и природе самого языка. Как отметил в своей программной статье Глава государства, алфавит и правила правописания казахского языка на латинской графике должны разрабатываться научными сообществами и институтами и обсуждаться с общественностью. Вариант необходимо подготовить к концу года. Затем будет постепенное, поэтапное внедрение. Окончательно мы должны завершить процесс к 2025 году, – рассказал Ерден Кажыбек.

### **Важна работа на местах**

Как отмечалось, огромный пласт работы по практической реализации направлений модернизации общественного сознания ложится на местные исполнительные органы – от качества и результативности их деятельности во многом будет зависеть эффективность всей программы в целом. Стоит отметить, что акимы регионов, городов Астана и Алматы активно и ответственно включились в процесс и на второе заседание Нацкомиссии приехали уже с конкретными проектами, наработками, идеями.

Так, аким Алматы **Бауыржан Байбек** рассказал, что сегодня городские власти свою работу выстраивают исходя из программных посылов модернизации общественного сознания. Он отметил, что алматинцы поддерживают инициированную Главой государства программу, включаются в ее обсуждение и реализацию. На заседании Нацкомиссии глава Алматы рассказал о конкретных проектах, которые планируется реализовать в рамках «Рухани жаңғыру».

– Во-первых, это музыкальный фестиваль «Звезда Азии». Мы хотим, начиная уже с этого года, проводить его на высокогорном ледовом стадионе Медеу и сделать такой конкурс, который будут смотреть во всей Азии. Этот проект позволит нам продвигать богатую музыкальную культуру Казахстана. За 25 лет у нас в стране выросли серьезные музыканты, кроме того, сегодня очень популярна этническая, фолк музыка. Второй проект – это формирование на базе «Казахфильма» городка «Этнолэнд». Идея в том, чтобы создать такое место, где люди, приехавшие в Алматы, смогут увидеть традиционный быт казахов, узнать историю формирования нашего тысячелетнего города, – рассказал Бауыржан Байбек.

Кроме того, по словам акима Алматы, есть еще одно интересное направление – на территории города сохранились древние курганы, и есть идея сделать из них музей под открытым небом, который продемонстрирует, как жили люди на этой земле века назад, чем были интересны ушедшие цивилизации. Такой проект способен значительно повысить туристический потенциал Алматы.

Аким Карагандинской области **Ерлан Кошанов** подчеркнул, что с того момента, как Президент озвучил инициативу «Рухани жаңғыру», вся страна живет идеей духовной модернизации – карагандинцы не стали исключением и уже принимают самое активное участие в реализации планов. Так, бизнесмены региона сразу же откликнулись и самостоятельно инициировали социальные проекты на сумму более 1 млрд тенге.

– Как отметил Нурсултан Абишевич в своей статье, от малой родины начинается любовь к большой Родине – своей родной стране. Особым проектом не только для Карагандинской области, но и всего Казахстана является позиционирование Улытау как историче-

ской и духовной ценности. Сегодня нам предстоит большая и серьезная работа. В одночасье невозможно понять и оценить всю глубину идеи духовного обновления. Это будет приходиться постепенно, по мере реализации программы модернизации. Но думаю, что первые результаты масштабной инициативы Президента уже очевидны – мы все стали внимательнее к родной земле и друг к другу. Уверен, что все казахстанцы объединятся вокруг идеи духовного обновления во благо будущих поколений, – подчеркнул Ерлан Кошанов.

Определенные результаты работы есть и в других регионах. Например, аким Западно-Казахстанской области **Алтай Кульгинов** рассказал, что в ЗКО также прорабатывается вопрос привлечения меценатов к реализации проектов в рамках программы модернизации общественного сознания. В частности, по направлению «Туған жер» с местными бизнесменами планируется к 100-летию «Алаша» открыть в областном центре музей.

О том, что в его регионе также составлен конкретный план мероприятий по программе модернизации, сообщил и аким Атырауской области **Нурлан Ногаев**. Вместе с тем он подчеркнул, что «на бумагу» ложатся далеко не все мероприятия, которые будут реализовываться в рамках «Рухани жаңғыру» – сегодня в эту инициативу включаются все большее число казахстанцев, от мала до велика, и каждый стремится внести вклад в общую большую работу.

– На сегодняшний день есть полная поддержка инициатив Президента со стороны народа Казахстана, и мы увидим соответствующие результаты. Нужно понять, что это работа не одного года и даже не одного десятилетия. Но самое главное – хороший старт взят и теперь осталось дальше планомерно двигаться к намеченным целям, – отметил Нурлан Ногаев.

### **Всенародная программа**

Напомним, что национальная комиссия по реализации программы модернизации общественного сознания была образована Указом Президента для реализации Программы «Рухани жаңғыру», обеспечения дальнейшего поступательного культурно-гуманитарного развития страны. В ее состав входят известные общественные деятели, ученые, писатели, журналисты, депутаты Парламента, пред-

ставители Администрации Президента, члены Правительства, акимы областей, городов Астана и Алматы, члены Ассамблеи народа Казахстана, представители политических партий, неправительственных организаций.

Заместитель председателя Мажилиса Парламента, член Ассамблеи народа Казахстана **Владимир Божко** обратил внимание на то, что работа по каждому направлению уже начата – конкретизированы планы деятельности, определены подходы, обозначены конкретные проекты в рамках ключевых сфер «Рухани жаңғыру».

– Важно то, что начинать конкретную работу надо сразу по всем обозначенным Главой государства направлениям – это и переход на латиницу, и «Туған жер», и «100 новых лиц Казахстана», и «100 новых учебников», и «Сакральная география Казахстана», и «Современная казахстанская культура в глобальном мире». Модернизация общественного сознания это комплексный процесс, к тому же сопряженный с другими программами модернизации – экономической и политической. Поэтому работа должна вестись равномерно и интенсивно по всему полю, – выразил мнение Владимир Божко.

Депутат Мажилиса, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности **Маулен Ашимбаев** отметил, что в рамках второго заседания Национальной комиссии по реализации программы модернизации общественного сознания состоялся конструктивный диалог, позволивший нарисовать четкую картину того, что уже сделано по обозначенным в «Рухани жаңғыру» направлениям и что предстоит сделать в перспективе. Конкретные планы мероприятий, составленные каждой рабочей группой, готовились с участием авторитетных экспертов, ученых, представителей общественности, творческой интеллигенции, что в целом позволяет говорить об их высоком качестве и адекватности поставленным задачам.

Как отметил мажилисмен, теперь впереди большая работа по практической реализации программы, деятельно включиться в которую должны не только государственные органы на всех уровнях, но также широкая общественность – все казахстанское общество. Ответственная работа предстоит в перспективе и законодательному органу страны.

– В дальнейшем по ходу реализации программы модернизации общественного сознания будут необходимы определенные изменения и дополнения в наше законодательство. В национальную комиссию включен ряд депутатов Мажилиса и Сената, и я думаю, что на последующих этапах на этой площадке будет в том числе и обсуждение того, какая законотворческая работа потребуется для поддержки и эффективного продвижения модернизационных процессов, – отметил Маулен Ашимбаев.

Ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, сопредседатель рабочей группы по проекту «Туған жер» **Ерлан Сыдыков**, подчеркивая важность проводимой Национальной комиссией работы, обратил внимание на то, что она запускает механизм реализации как конкретных проектов, так и модернизации общественного сознания как таковой. И важно на этом этапе сделать работу так, чтобы далее ее подхватило все казахстанское общество.

– Только директивами «сверху» ничего сделать не получится. Мы сейчас должны создать такую систему по реализации этой программы, чтобы она уже в ближайшее время нашла место в сердце каждого казахстанца. Тогда процесс пойдет по-настоящему всенародный, – считает Ерлан Сыдыков.

То, что модернизация общественного сознания – это работа, в которую должно быть включено все общество, неоднократно подчеркивалось участниками заседания. Член АНК, заведующий кафедрой Ассамблеи ЕНУ **Анатолий Башмаков** отметил, что статья «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», из которой выросла программа «Рухани жаңғыру» – это нравственный, духовный манифест, имеющий огромное значение для каждого казахстанца.

– Успешная экономическая и политическая модернизация возможна только в том случае, если мы, народ Казахстана, сумеем изменить себя. Сумеем изменить свой менталитет, сохранив и укрепив все лучшее, что есть в нас, отринув все мешающие прогрессу пережитки и открыв свое сознание новым перспективам, – сказал Анатолий Башмаков.

В целом в ходе второго заседания Национальной комиссии по модернизации общественного сознания состоялся обстоятельный



обмен мнениями, были выработаны рекомендации по дальнейшему продвижению программы «Рухани жаңғыру» и специальных проектов.

Также членам Национальной комиссии были представлены разработанные методические материалы по программе «Рухани жаңғыру», включая рекомендации для вузов, пособие по информационно-разъяснительной работе, 20 ответов на важные вопросы о программе.

По итогам заседания приняты необходимые решения, даны поручения государственным органам.

*Юлия Магер*

*Казахстанская правда, 29 мая 2017 г.*

## **17 АВГУСТА 2017 г. - ТРЕТЬЕ ЗАСЕДАНИЕ**

### **О НЕКОТОРЫХ ИТОГАХ ЗАСЕДАНИЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ КОМИССИИ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

На рубеже третьего тысячелетия Казахстан переживает сложное время изменения общественного развития и радикальных преобразований, стремясь выйти на дорогу общемирового цивилизационного развития, достичь параметров модернизированного общества.

В историческом процессе, как и всяком другом, оказываются жестко переплетенными различные противоборствующие силы и тенденции. В нем нельзя не заметить периода как динамического развития, так и движения вспять. Для их описания в социальных науках давно используются категории «модернизации» и «архаизации». Опираясь на них, развитие любой страны и мира в целом можно представить как сложное взаимодействие указанных процессов. Перед Казахстаном тоже стоит эта альтернатива.

Опыт социальных преобразований в республике на протяжении всех 26 лет независимости убеждает нас в том, что изменение социокультурной модели не может быть осуществлено политическим пу-

тем и для этого потребуются не одна смена поколений. Возможна ли «управляемая модернизация» не в форме «революций сверху»? Что является мобилизационным рычагом социальной модернизации в Казахстане и что ее объективно ограничивает? Ответы на эти вопросы во многом остаются дискуссионными. Выбор между различными вариантами модернизации и архаизации во многом будет зависеть от того, какая особенность данной модели будет признана определяющей, и как она будет оцениваться и в общественном сознании, и при принятии решений о модернизации.

Именно поэтому Елбасы в своей программной статье призвал совершенствовать наше общество путем модернизации сознания граждан, сохранив всё лучшее в поведенческом и культурном аспекте, накопленное вековыми традициями и историей народов, живущих в Казахстане.

Задуманная Президентом идея требует реализации масштабных проектов и реформ во всех сферах жизнедеятельности общества. Поэтому одним из следующих логичных шагов стало создание Национальной комиссии по реализации программы модернизации общественного сознания, в состав которой вошли опытные государственные служащие и общественные деятели, способные реализовать все цели программной статьи. Создание Национальной комиссии свидетельствует об огромной ответственности и значимости задачи по модернизации сознания казахстанского народа. Можно отметить однозначно, что подобного рода авторитетный состав Национальной комиссии при Президенте наблюдается впервые в истории независимого Казахстана.

Модернизация идеологической сферы жизни казахстанского общества основывается на духовном аспекте, на развитие которого будут направлены проекты «Туған жер», «Духовные святыни Казахстана» («Сакральная география Казахстана»). Исходя из этих приоритетов программной статьи, после первого заседания комиссии по реализации масштабного идеологического документа от теории уже переходят к практике.

Так, 17 августа в Евразийском национальном Университете имени Л.Н. Гумилева под председательством Руководителя Администрации

Президента Республики Казахстан А. Джаксыбекова – председателя Национальной комиссии состоялось третье заседание Национальной комиссии по реализации программы модернизации общественного сознания при Президенте Республики Казахстан.

Перед началом заседания члены комиссии познакомились с работой Офиса по управлению программой «Рухани жаңғыру» (Проектный офис), а также действующего при нем Коммуникационного центра.

Проектный офис обеспечивает координацию деятельности всех заинтересованных центральных и местных исполнительных органов по всем направлениям программы «Рухани жаңғыру».

За отчетный период Проектным офисом проработано 1170 проектов, предложенных министерствами и акиматами, начата их реализация.

В ходе заседания члены Национальной комиссии рассмотрели ход исполнения Программы «Рухани жаңғыру». О проделанной работе доложили акимы Актюбинской и Восточно-Казахстанской областей, руководители рабочих групп.

В целом, по проекту перехода казахского языка на латиницу соответствующей группой осенью будет представлен на рассмотрение рабочий вариант нового алфавита.

В рамках проекта «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке» к настоящему времени экспертами определен список из 17 учебников по гуманитарным дисциплинам. Созданное в рамках Программы Национальное бюро переводов начало их перевод.

По проекту «Сакральная география Казахстана» отобрано 100 сакральных объектов на уровне республики и 500 – на уровне регионов.

По проекту «Современная казахстанская культура в глобальном мире» сформированы шорт-листы лучших произведений.

Среди них 216 произведений по литературе, 48 – в жанре «театр, кино и хореография», 182 произведения изобразительного искусства, более 200 – в сфере музыки.

Предварительный отбор произведений будет проводиться с учетом общественного обсуждения. Далее перечень будет представлен экспертным группам для проведения экспертизы на предмет соответствия критериям отбора.

В рамках проекта «100 новых лиц Казахстана» поступило более 1500 заявок, из них формируются промежуточные пулы для последующего открытого голосования.

Высокий содержательный уровень статьи Президента «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» предполагает и высокую ответственность при ее реализации, итогом которой станет общество, нацеленное лишь на созидание, подытожили участники третьего заседания.

Большинство обществоведов единодушны в том, что до последнего времени отсутствовали предпосылки для создания общенациональной идеологии и национальной идеи. Это связано с тем, что в современном казахстанском обществе существует конфликт ценностей и жизненных устремлений различных социальных групп. В связи с этим формирование национальной идеи предлагается осуществлять в рамках демократических процедур согласования различных интересов.

В связи с этим логичнее полагать, что модернизация общественного сознания будет происходить безопасным и более надежным образом вследствие ценностных, политико-идеологических изменений и перемен в религиозной доктрине. Нормальное общество должно развиваться на собственной основе, творчески адаптируя инородные ценности и институты. Иными словами, модернизация современного казахстанского общества возможна как саморазвитие, основывающееся на национально-культурных корнях казахстанского народа.

**Аян Турекулов**

*<http://infozakon.kz/life/4121-o-nekotoryh-itogah-zasedanii-nacionalnoy-komissii-po-realizacii-programmy-modernizacii-obschestvennogo-soznaniya-pri-prezidente-respubliki-kazahstan.html>*

**ОБЗОРНЫЕ СТАТЬИ,  
ИНТЕРВЬЮ И ВЫСТУПЛЕНИЯ  
ГОСУДАРСТВЕННЫХ И ОБЩЕСТВЕННЫХ  
ДЕЯТЕЛЕЙ, ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ НАУКИ  
И КУЛЬТУРЫ КАЗАХСТАНА**

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ОЗЫҒЫН АЛЫП, ТОЗЫҒЫН ТАСТАУ

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ**

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының Төрағасы

Елбасы елімізді рухани жаңғыртудың бірегей бағдарламасын ұсынды. Бұл халқымызға рухани жол көрсететін нақты бағдар екеніне күмән жоқ.

Елбасы атап көрсеткендей, ХХ ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы дәуір болды. Бұл – ақиқат. Мысалы, ашаршылық кезеңінде қазақ халқының жартысынан астамын жоғалтып алдық. Бұл бүкіл адамзат тарихындағы ең ауқымды қасіреттің бірі және сол кездегі биліктің бүкіл адамзатқа қарсы жантүршігерлік қылмысы.

Дегенмен Президент айтқандай, тарих тек ақтаңдақтардан тұрмайды. ХХ ғасырда Қазақстан бірқатар жетістіктерге қол жеткізді, олардың ішінде индустрияландыру және әлеуметтік инфрақұрылымның негізі қалыптасты. Алайда осы жерде біз бәріміз сол кезеңдегі жаңғырудың қазақ ұлтының жаңғыруы болмағанын айқын түсінуіміз керек.

Нағыз ұлттық жаңғыру тек Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгенде ғана, Елбасының ұзақ мерзімді стратегиясының негізінде басталды деп дүдәмалсыз айтуға болады.

Әлемдегі әрбір ұлттың әлеуеті тарихтың сабақтарынан үлгі алуы мен тәжірибе жинақтаудағы қабілетіне тікелей байланысты. Мысалы, Қытай XV ғасырда бүкіл әлемдегі жалпы ішкі өнімнің жартысына ие болды. Бірақ, басқа әлемнен оқшауланып, «Күн астындағы» империямыз деп тоқмейілсіген қытайлар индустриялық жағынан әлемдегі дамыған мемлекеттерден кенже қалып, Батыс елдері тарапынан басқыншылыққа ұшырады. Ал XIX-XX ғасырларда азаматтық соғыстың тауқыметін бастан кешірді. Тарихтың сабақтарын ескерген Қытай қазір экономикада, жаңа технологияларды енгізіп пайдалануда едәуір ілгерілеуге қол жеткізді.

Сондықтан, Елбасы халқымызға өз дүниетанымын түбегейлі өзгерту жөнінде нақты кеңес беріп отыр. «Өзімдікі – таңсық, өзгенікі – қаңсық» деген пайым қазіргі ұғымға мүлдем сай келмейді. Бұл ретте, еліміздің бүкіл дүниежүзіндегі жағымды үдерістерге сәйкес келуі аса маңызды.

Қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталып отырған бұл идеяның ұсынылуы уақыт талабы мен ел дамуының тарихи кезеңіне сай, маңызы зор шешім болып отыр. Бұл идеяның үшінші жаңғырудың өзегіне айналуы, елімізге мүлдем жаңаша сипат, тың серпін әкелері анық.

Біз саяси жаңғыру мен экономикалық реформаларды жүзеге асыруды қолға алып, бүгінгі күнге нақты нәтижелермен жетіп отырмыз. Президент бұл мақсатты толық орындау үшін «Санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс», – деп нақты міндет қойды.

Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Оның ең негізгісі ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстынды сақтап қалу. Тарихтың белестерінен сүрінбей өткен құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте, Елбасы «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкіл деп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түле туіміз керек», – екенін атап көрсетті.

Президент рухани жаңғырудағы ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтуде екі нәрсенің басын нақты ашып беріп отыр. Оның бірі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтындығы. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея – болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау.

Елбасының идеясы тарихқа деген көзқарасты түзету мен ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту жайлы болып отыр. Елбасының «Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға ешкімнің қақысы жоқ» деуі – табанды пікір.

Адамзат тарихына үңілсек, әлемдегі озық өркениеттер ұлттық сипаттан бастау алғандығын білеміз. Үшінші жаңғыруда біз әлемге

еліміздің жаңаша бет-бейнесін танытуымыз қажет. Мұнда ең алдымен сапа керек. Біз өткен дәуірден қалған таптаурын қағидаларды өзгертіп, орындалмайтын «елес идеологиялардан» бойды аулақ ұстап, жаңа прагматикалық сипаттағы деңгейге қол жеткізуіміз қажет.

Әлемдегі түрлі революциялар ешқашан оңтайлы нәтижеге әкелген емес. Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі жаңғыруы байыпты қалыпта, уақыт талабын ескере отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Эволюциялық жолмен жаңғыру қазақстандық даму жолының негізгі кілті екендігін ұғынып, әрбір қазақстандық азаматтың басты бағдарына айналуы тиіс.

Рухани жаңғыруда қойылып отырған маңызды мәселенің бірі – «сананың ашықтығы». Жаһандану үрдісіндегі басты талап – әлемдік тілдерді игеруге ұмтылу. Бұл біздің ғаламдық үрдіске толыққанды араласуымызға жол ашады. Әлемдік озық тәжірибе мен жетістіктерге қол жеткізуімізге мүмкіндік туғызатыны анық.

Елбасы рухани жаңғыру жолында таяу жылдары атқарылуы тиіс негізгі міндеттерді де нақты анықтап беріп отыр. Соның бірі – латын әліпбиіне көшу. Бұл орайда, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдайтын боламыз.

Білім беру жүйесінде дүние жүзінде баламасы жоқ бағдарлама іске асырылатын болады. Әлемдегі ең жақсы әртүрлі тілдердегі 100 оқулық қазақ тіліне аударылады. Бұл халқымыздың білімін әлемдік кеңістікке, ғаламдық деңгейге алып шығуға тың серпін беретіні сөзсіз.

Президент рухани жаңғыруды жүзеге асыру аясында әлемде ешкімге ұқсамайтын дербес ұлт болуымыз үшін «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру міндетін қойып отыр. Мәдениетіміздің озық үлгілері әлемдік деңгейде кеңінен танылып, дүниежүзіндегі бәсекеге қабілеттілігі халықаралық деңгейге сай болуы қажет. Мәдениетті жасайтын халық болғандықтан, осы идеяның аясында замандастарымыздың жетістіктерін көрсетуге бағытталған «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы қолға алынатын болады. Бұл тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерге қол жеткізуге мол үлес қосқан тұлғаларымызды елге танытуды көздейтін жоба болмақ.

Елбасы ұсынып отырған рухани жаңғырудың негізгі сипаты өткен мен болашақты үйлестіре жүзеге асыру болғандықтан, біз екі арна-



да мұны іске асыруымыз қажет. Оның бірі – ғаламдық жетістіктерді өзімізге әкелу арқылы жаһандық дамуда өз үлесімізді алу. Екіншісі, өткен тарихымыз бен дәстүрлерімізден асыл құндылықтарымызды қайта жаңғыртып, ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалу. Осы орайда, Елбасы ауқымы кеңейіп, «Туған елге» ұласатын «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып отыр.

Елбасы ұсынған рухани жаңғыру бағдарламасы оны дәйекті түрде жүзеге асыру тұрғысынан жан-жақты талқылау мен зерделеуді қажет ететін маңызды құжат болып табылады. Бұл жерде, немқұрайлылық пен дүмбілездік орын алмауы тиіс. Өйткені, бұл мәселе біздің ұлтымыздың болашағы мен рухани әлеуетіне тікелей қатысты. Түптеп келгенде – бұл күйзеліс пен дүрбелеңнің, сонымен қатар, прогресс пен дамудың алмағайып кезеңінде Қазақстанның экономикалық және технологиялық жаңғыруының идеологиялық негізі. Біз, қазақ ұлты рухани жаңғыру арқылы өркениетті әлемнің ажырамас бөлігіне айналамыз. Бұл – біздің тарихи таңдауымыз.

*Егемен Қазақстан, 2017 ж. 13 сәуір*

## ПРЕЗИДЕНТ ОТКРЫВАЕТ НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ ДУХОВНОГО РАЗВИТИЯ

***Нурлан НИГМАТУЛИН***

Председатель Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан

И мировая общественность, и наши сограждане хорошо знают, как Первый Президент страны – Лидер нации Нурсултан Назарбаев, обладая уникальным видением будущего, которое охватывает все основные сферы жизни казахстанского общества: экономику, политику, духовно-культурную сферу, успешно формирует долгосрочные перспективы развития нашей страны.

Именно поэтому Президент Нурсултан Назарбаев в рамках осуществления Третьей модернизации Казахстана вслед за программой политической реформы и экономической модернизации выдвинул масштабный проект модернизации сознания всего казахстанского общества и каждого казахстанца.

Предлагаемые Главой государства в статье «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» 6 основных направлений духовной модернизации – конкурентоспособность нашей нации, прагматизм, сохранение национальной идентичности, культ знания, эволюционное развитие Казахстана и открытость сознания – являются реформаторскими новациями в духовной сфере Казахстана.

Президент особо отмечает, что, делая ставку на технологии и инновации, на развитие новых отраслей экономики и строительство современной инфраструктуры, мы не должны забывать и про духовные ценности, которые играют важнейшую роль в развитии любого народа.

Только высокообразованные и духовно обогащенные люди могут гибко реагировать на новые вызовы времени и принимать верные решения.

Поэтому очень важно, что статья содержит ряд конкретных мер в виде актуальных на сегодня общественно-политических и культур-

но-просветительских проектов, каждый из которых нацелен на реальное воплощение идей нашего Лидера.

Уверен, что новые масштабные задачи модернизации общественного сознания, поставленные Лидером нации, откроют перед нашим народом новые горизонты духовного развития.

*Казахстанская правда, 13 апреля 2017 г.*

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮШІНШІ ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ НЕГІЗІ

**Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА**  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік хатшысы

Өткен аптаның ортасында еліміздің саяси өмірінде елеулі оқиға болды. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарыққа шықты.

Мақаланы оқып шыққаннан кейінгі алғашқы байқайтынымыз, ойды жеткізудегі ерекше мәнерлілік, дәлдік пен қарапайымдық. Сонымен бірге, бұл еңбек мейлінше терең, күрделі әрі кемелдігімен ерекшеленеді. Еліміздегі рухани жаңғырудың тұжырымдамалық бағдары министрден бастап, қатардағы қарапайым азамат түсінетін, баршаға ұғынықты, бай әрі ықшам тілмен жеткізіледі. Биылғы жылдан бастап Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге бағытталған еліміздің Үшінші жаңғыруын іске асыруға кіріскені баршаға белгілі. Оның басты мақсаты – Ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіру болып табылады.

Бұған дейін еліміз жаңа тәуелсіз мемлекетті құру арқылы Бірінші жаңғыруды жүзеге асырды. Содан кейін «Қазақстан-2030» Стратегиясын қабылдады және Астананы салды. Нәтижесінде еліміз әлемнің дамыған 50 елінің қатарына кірді. Бұл Екінші жаңғырудың нәтижелері.

Мұның бәрін таратып айтып отыру себебіміз еліміздің жүйелі әрі дәйекті эволюциялық дамуына бағытталған мемлекеттік саясаттың өзара байланысы мен сабақтастығын көрсетуді мақсат тұтып отырмыз.

Бүгінгі таңда Қазақстанның Үшінші жаңғыруын іске асыру аясында саяси реформа, экономикалық өсімнің жаңа моделін құру және рухани жаңғыру сияқты үш жаңғыру үдерісі жүзеге асырылатын болады. Аталған үдерістердің қатарында рухани саланы жаңғырту негізгі бағыт болып табылады. Мұндай аксиомалық байлам жасауға берік негіз бар деп ойлаймын. Әлбетте, саяси және экономикалық жаңғы-

рудың жетістігі, бірінші кезекте, рухани қатынастар басымдық алатын қоғамдық сананың деңгейіне байланысты болмақ. Сондықтан, бүгінгі таңда рухани жаңғыру ең өзекті міндеттердің алдыңғы қатарына шығып отыр.

Бұл орайда, ең әуелі, жалпыұлттық құндылықтарды тереңдету негізінде түбірлі өзгерістерді қажет етіп отырған осы саланың бүгінгі жай-күйін атауға болады.

Мәселен, егер де биік мінберде зерделейтін болсақ, бізде демократияның басты белгісі саналатын сайламалы үдеріс саяси өмірде өзінің орнын тапты. Биылғы жылы конституциялық реформалардың аясында ел Президентінің бірқатар өкілеттіктері биліктің өзге тармақтарына берілді. Осыған орай, Мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөз сөйлеп «Біз жүріп келеміз, біртіндеп алға басудамыз, яғни бұл қоғамды демократияландырудың сатыларының бірі... Басқа мемлекеттер өздерінде бар демократияға жүздеген жылдар бойы жүрді... Демократия – бұл жолдың басы емес, бұл жолдың аяғы, ол біздің мақсатымыз», екенін атап көрсетті.

Экономикаға келетін болсақ, Қазақстан нарықтық экономиканың көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады. Мысалы, бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше көптеген елдердің ІЖӨ-нің 15%-ы деңгейі көлеміндегі мемлекеттің экономикаға қатысуын азайту бойынша жұмыс жүргізуде. Мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін есепке алғанда, мемлекеттің бақылауындағы және жанама бақылауындағы ұйымдардың ІЖӨ-ге шаққандағы жалпы қосымша құнының (ЖҚҚ) арақатынасы ескеріледі. 2014–2015 жылдардың қорытындылары бойынша ЖҚҚ-ның ІЖӨ-ге арақатынасы 21,1% және 19,1%-ды құрады.

Мемлекеттің экономикадағы қатысуын қысқарту мыналар арқылы қамтамасыз етіледі:

- мемлекеттік меншікті жекешелендіру және квазимемлекеттік сектордағы активтерді іске асыру;

- ұлттық холдингтерді трансформациялау;

- Кәсіпкерлік кодексте қарыстырылған «Yellow Pages Rule» қағидаттарын іске асыру.

2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспа-рында 780 ұйымды, оның ішінде мемлекеттік меншіктегі 64 барынша ірі компанияларды, атап айтсақ, «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры, «Бәйтерек», «ҚазАгро» акционерлік қоғамдары, «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының құрамына кіретін 171 еншілес және тәуелді ұйымдарды, сондай-ақ, жекешелендірудің, мемлекет-жеке меншік бағынышты әріптестікгі және тарату нәти-жесінде бәсекелестік ортаға берілген 545 кәсіпорынды іске асыру қарастырылған.

Қабылданған шаралар мемлекеттің экономикағы қатысуын еле-улі қысқартады және елімізде жеке бастамалардың белсенділігін арттырады.

Рухани-мәдени салаға қатысты әзірге мұндай өзгерісті айта ал-маймыз. Әрине, аталған саланы тұтастай нарыққа беру жөнінде әңгіме қозғалып отырған жоқ. Басты мақсат мемлекеттің және аза-маттық қоғамның өзара іс-қимылының негізінде барша руханиятты жаңғырту болып табылады. Бұл орайда, елімізде 2014 жылдан бері қазақстандықтардың жоғары руханилығы мен мәдени ментальдығы-ның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы іске асы-рылуда. Мәдениет руханияттың іргесі ажырағысыз құрылымы екені аян. Ал, кейінгі жылдары мәдениеттің ең негізгі өзегі рухани салада түбірлі жаңғырулар жүргізілген жоқ.

Елбасының бағдарламалық мақаласы – бұл, ең әуелі XXI ғасырда шынайы өмірде ұлттық сананы айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүниетаным-дық-идеологиялық мақала. Оның мақсаты күшті әрі жауапты адамдар-дың Біртұтас ұлтын құру болып табылады. Мақала кіріспеден, «XX ғасырдағы ұлттық сана туралы», «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екі негізгі тараудан және қорытындыдан тұрады.

Ең әуелі, ел Президенті тарапынан бүгінгі таңда адамзат қоға-мы жинақтаған аса зор өркениет тәжірибесіне зерделі талдау жасау бойынша қыруар жұмыс жүргізілгенін көруге болады.

Біздің дәуірімізге дейінгі V–VI ғасырларда өмір сүрген Қытайдың ежелгі ойшылы Конфуций адамның өмірі ең әуелі моральмен ретте-луі тиіс екенін тұжырымдап берді. Бұған білім мен тәрбиенің арқасын-

да қалыптасатын дұрыс адамгершілік әдептердің ережесі ли ұғымын насихаттау негіз болды. Қытай өзінің жүздеген жылдардан бергі өмір салтында Конфуцийдің осы өсиеттеріне барынша адалдығын көрсетіп келеді.

Мемлекет басшысының жоғары рухани дамуға қатысты сөзі дүниетанымдық саладағы жаңғыру бойынша қолданылған жаңаша ұғым. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың 6 бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Бұл бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. Олардың әрқайсысына егжей-тегжейлі тоқталу мақаланың басты міндеті емес екенін ескеріп, біз Екінші және Үшінші жаңғырулар – «Прагматизм» және «Ұлттық бірегейлікті сақтауға» назар аударсақ.

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «әуелі экономика, содан кейін саясат» атты әйгілі принципі баршаға таныс. Біздің ойымызша, оның сабақтаса дамуы қоғамдық сананы жаңғыртуда айқын көрінеді. Өлемнің жетекші елдерін табысқа жеткізген нақты прагматизм игілікке қол жеткізудің әмбебап кілті болып саналады. Дәл осының арқасында қоғамдық-экономикалық формация ретінде капитализм құрдымға кеткен социализмді біржолата жеңді.

Мақалада біздің ұлттық кодымыздағы прагматизмнің бар екендігіне дәлме-дәл негіздеме беріледі. Ұлы даладағы қатаң табиғи жағдайлар мен шөлейтті жерлердегі тіршілікпен байланысқан көшпенділік дәстүрі ата-бабаларымыздың бойына табиғатпен үндескен өмір салтын, яғни прагматизмді қалыптастырды. Өткен ғасырлардағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына талдау жасай отырып, Елбасы радикалдық идеологияның заманы мүлдем келмеске кеткенінін тұжырымдайды. Сол себепті, біздің болашаққа жасалатын ұранымыз реализм және прагматизм болмақ.

XIX ғасырда Германияның ұлы канцлері Отто Бисмарк Realpolitik мемлекеттік бағытын өмірге енгізді. Ол әртүрлі идеологиядан бас тартып практикалық тұжырымдарға басымдық берді. Сондықтан, Елбасының тұжырымы анық: біз жекелеген адамның және тұтас ұлттың мүмкіндіктері мен шектерінің аясында нақты мақсаттарға қол жеткізуді бағдарлауымыз керек.

«Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты екінші бағытқа қатысты тоқталсақ, Президент дамудың әмбебап үлгісі болмайтынын нақты жеткізіп, тек ұлттық модельді ғана алға тартады. Бұл тұжырым қазіргі заманғы дәуірдегі ұлт құрылысында аса маңызды болып табылады. Ортақ тіл, мәдениет, тарих – бұлар барлық заманда да қуатты мемлекеттің іргетасы екеніне ешкім дау туғызбаса керек. Бұл бағытта ең әуелі ұлттық рухты атап көрсеткіміз келеді. Бұл жерде біз Мемлекет басшысының «Тарих толқынында» атты келелі монографиясын парақтай отырып, тарихқа қысқаша шолу жасап көрсек. Біздің рухани бастауларымыз қазіргі Қазақстанның аумағында біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдықта өмір сүрген ежелгі арийлерден басталады. Содан кейін саясат сахнасына бірінші мыңжылдықта билік құрған жауынгер сақтар шығады. Бұдан соң ұлы ғұндар дәуіріне кезек беріліп, олар түркілер билігіне дейінгі б.д.д. IV ғасырда өмір сүрді. Одан кейінгі заманда орын алған тарихи оқиғалар еліміздің ақпараттық-мәдени кеңістігінде кең түрде көрініс тапты. Сондықтан, оларды қайта санамалап жатудың қажеті жоқ деп ойлаймыз. Генезистің және біздің ұлттық рухымыздың қалыптасуы мен дамуына екпін берген осындай ортақ құрамдастар бар. Айтылғандарды түйіндейтін болсақ, Мемлекет басшысының ұлттық рух туралы ұсынған тезисі Ұлы Дала елін дамытудың басты қозғаушы күшіне айналады.

Екінші тарау «Таяу жылдардағы міндеттерге» келсек, бұл іс-қимыл жоспары бірінші кезекте Қазақстанның алдағы ұзақ жылдардағы дамуын айқындайтын стратегиялық сипатқа ие.

Осы тараудағы нақты жобалардың қатарында келесі екеуіне жан-жақты тоқталуды жөн көрдік.

Бірінші жоба – бұл қазақ жазуының латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшіру мәселесі. Бұл мәселені өткен аптада бірқатар сарапшылар кең түрде талқылады. Пікір қайталауларға жол бермеу үшін біз тек келесі мәселерді ғана атап өткіміз келеді.



Біріншіден, Мемлекет басшысы латын әліпбиіне көшуді тек бүгін ғана қозғап отырған жоқ, оны 2012 жылы жариялады.

Екіншіден, Қазақстанның дамуында латын әліпбиі арқылы дамудың 11 жылдық тарихи тәжірибесі қалыптасқан (1929–1940 жж.).

Үшіншіден, бір тілдің жалпыадамзаттық немесе былайша айтқанда, «франк лингвасы» бойынша дамуы бұл заңды әрі тарихи құбылыс. Орта ғасырларда арабтар барлық батыс еуропалықтарды осылай атады. Шын мәнінде, сол кезеңдерде франклік билік ерекше салтанат құрды. Бұдан кейін француздардың билікке келу кезеңі басталды.

XX ғасырда біз тағдырдың талқысымен дәйекті тарихи дамудың жалпыға бірдей сүрлеуінен шығып қалдық. Қазіргі таңда біздің елімізге заманымыздың бірегей мемлекет қайраткері, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен өркендеп жатқан тәуелсіз мемлекетімізді жаһандық деңгейде дамуына жол ашатын латын әліпбиіне көшудің керемет жағдайы туып отыр. Біз мұны «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаттарына қол жеткізудің және әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кірудің бірден-бір мүмкіндіктері деп білеміз.

Біз назар аударып отырған екінші жоба «Қазақстанның рухани жәдігерлері». Мәдениет саласы материалдық және рухани құндылықтардан тұратыны өздеріңізге мәлім. Өкінішке қарай, бұған дейін елімізде киелі құндылықтарға деген тұжырымды көзқарас болған жоқ. Сондықтан, ел Президентінің бастамасы бойынша қолға алынған жоба ұлттық бірегейліктің маңызды рухани тірегі болып табылады.

Әрбір халықтың өзіне тән киелі орындары бар. Мәселен, ағылшындар басты храмы – Кентерберий ғибадатханасын, немістер Кельндегі рим-католик готикалық соборын, француздар Нотр-Дам-де Париді мақтаныш тұтады.

Бізде де мақтаныш ететін қасиетті орындар жеткілікті. Бұлар ежелгі Тараз, Ұлытау, Түркістан, Алтай, Жетісу өңірлері және Бекет-Ата кешені. Алайда, қоғамдық санада бұл орындар туралы бірегей ұғым мен ортақ түсінік қалыптаспаған. Сондықтан, ұлтты ұйыстырудағы аталған стратегиялық міндетті орындауда осы жобаны жүзеге асырудың маңызы аса зор.

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, жаңа жағдайдағы рухани жаңғыру баршамыздан жаһандық өзгерістерге және жаңашылдықтарға дайындықты және ұмтылысты қажет етеді. Өйткені, біз айрықша серпінділікпен жылжып жатқан зымыран уақытта өмір сүрудеміз. Әлемге танымал америкалық экономист Джон Коттер өткен ғасырдың 90-ы жылдары өзінің «Өзгерістердің алдында» атты кітабында бәсекелестерден ілгері болу үшін міндетті түрде өзгерістерді алдын-ала біліп, оны басқара білу қажеттілігін айтқан болатын. Аталған тезис біздің заманымызда да өзінің өзектілігін жойған жоқ.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жаңа тарихи кезеңге тән қатерлер мен тәуекелдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің терең көзқарасын білдірді.

Сондықтан, Мемлекет басшысы атап өткендей, еліміздің әрбір азаматы бүкіл қоғам, саяси партиялар мен қозғалыстар, барша мемлекеттік органдар ағымдағы жағдайға талдау жасап, біздің қай жерде тұрғанымызды анықтап, әрбіріміздің не істеу керектігімізді жете ұғынуы керек.

Біз біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Біздің жолымыз айқын: Жаңару арқылы жарқын болашаққа жетейік!

*Егемен Қазақстан, 2017 ж. 17 сәуір*

## КЕЗДЕСУ ЕЛБАСЫ МАҚАЛАСЫНА АРНАЛДЫ

**Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД**

«Нұр Отан» партиясы Төрағасының  
бірінші орынбасары

«Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мұхтар Құл-Мұхаммед Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде болды. Онда ол жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттерінің алдында сөз сөйледі. Кездесу Елбасының «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына арналды.

«Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары ғалымдарға, ұстаздар қауымына, әсіресе, жастарға Мемлекет басшысының жаңа ғылыми еңбегін табандылықпен мұқият зерттеп шығуға кеңес берді. Мұхтар Құл-Мұхаммедтің айтуынша, бұл мақалада қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан.

Сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Елбасы назар аударған мәселелердің дәл қазіргі таңда өте өзекті екеніне екпін түсіре келіп: «Бұл – мақала ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы. Елбасының жүрек төрінен шыққан асыл сөздері сіздерге – тәуелсіз Қазақстан жастарына арналған», – деді.

Сонымен қатар, биыл Мемлекет басшысы үш бірдей тарихи бастама көтергенін айтқан партия Төрағасының бірінші орынбасары: «Біріншіден, Елбасы өзінің халыққа арнаған биылғы Жолдауында елімізді технологиялық дамудың жаңа деңгейіне шығаратын Қазақстанның кең ауқымды экономикалық жаңғыруына жол ашты. Екіншіден, ірі экономикалық қайта құрулармен қатар, бірегей конституциялық реформа арқылы мемлекетіміздің саяси жаңғыруын қолға алды. Ал енді Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын ұсынып отыр», – деді.

Мұхтар Абрарұлының айтуынша, барша қазақстандық, соның ішінде зиялы қауым өкілдері әрдайым ұлт руханияты мен оның

құндылықтарына ерекше назар аударып келді. Латын әліпбиіне тезірек көшу мен тәуелсіз заман жастарының шетел тілдерін меңгеруі қажеттігіне тоқталды. Әрбір жастың ұлт руханиятының қайнар бастауынан сусындап, ата тарихы мен бабалар мәдениетін ардақтай білгенде ғана жан-жақты жетілген тұлға болып қалыптасатынына айрықша мән берді.

«Рухани жаңғыру дегеніміз, ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып, мәдени дәстүрлерді берік сақтай отырып, оны жаңа заман жетістіктерімен, жалпыадамзаттық құндылықтармен байыту», деп атап көрсетті партия қайраткері.

Жаһандану жағдайындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеру мәселесіне кеңінен тоқтала келіп, Мұхтар Құл-Мұхаммед: «Біз жақсылықтардан жатсынбауымыз керек. Мәдениет пен әдебиет, ғылым мен білім салаларындағы бүгінгі заман жетістіктері біздің жастарымыздың да ортақ игілігіне айналуы тиіс. Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» айтқан философиялық өсиетінің мән-мағынасы дәл осындай ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар бірлігінде деп есептеймін», – деді.

Сөзінің соңында «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары: «Елбасы мақаласында қоғамның рухани ұстыны мен ұлттық идеяның мазмұнын қалыптастыруға қатысты өзекті мәселелерге нақты жауап берілген. «Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес. Ол үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті» деген сөздерде әр буын өкілдерінің ұлттық құндылықтарды өз заманының ең үздік, ең озық жетістіктерімен байытып отыру керектігін жастарымызға айқын түсіндіретін өнеге бар. Рухани жаңғырудың басты бағыт-бағдары да осында», – деді.

Сондықтан, Мұхтар Құл-Мұхаммед Мемлекет басшысы жариялаған бірегей бағдарламалық құжат барша қазақстандықтың жаппай қолдауына ие болатынына сенім білдірді.

*Егемен Қазақстан, 2017 ж. 13 сәуір*

## ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ ТҰҒЫРЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Бектас БЕКНАЗАРОВ**

Қазақстан Республикасы Парламенті  
Сенаты Төрағасының орынбасары

Егемен еліміздің кемел болашағы туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласы өз қоғамымызда да, алыс-жақын шет елдерде де қазір қызу талқыланып жатыр. Терең зерделей келе, бұл мақаланың еліміздің рухани дамуына бағыт беретін тарихи еңбек екенін көреміз.

Олай дейтінім, мұнда айтылған ой-пікірлер мен болашақ туралы толғамдар бүкіл қоғамымыздың келешекте қай бағытта дамуы қажеттігін анық та нақты көрсете алатын және соны негіздей алатын тұжырымдарға толы. Ал ел болашағына немқұрайлы қарай алмайтын әрбір адамды бұл тұжырымдар мен толғамдар небір терең ойларға жетелейді, қоғамда орын алып жүрген келеңсіз мән-жайлардың түп тамыры тереңдей берсе, егер оларды жоюға тиянақты шаралар қолданылмаса, елді айықпас ауруға шалдықтыруы мүмкін екендігіне көз жеткізеді.

Солардың біразына тоқтала кету жөн шығар.

Алдыңғы буын аға-апаларымыз жақсы біледі, нарық дәуіріне аяқ баса бастаған алғашқы жылдары теледидардан бір жарнама жиі-жиі көрсетілетін. Онда, тілі енді ғана шыққан бүлдіршін бесігін ұстап тұрып, «өскенде мен миллионер боламын!» деп жар салатын. Міне, сол жас сәбилер қазір отыздан асқан соқталдай жігіт болды. Барлығы бірдей миллионер бола алмаса да, көпшілігі тұрмыс-жағдайын жөндеп алып, енді қоғам істеріне де белсене араласа бастады. Ал енді осы азаматтардың барлығының рухани ой-деңгейі өздерінің жасына сәйкес өсті ме? Өскен жоқ! Оны біз күнделікті өмірден көріп жүрміз.

Мүмкін күнде көріп жүрген соң, көзіміз де үйреніп кеткен шығар, дегенмен, мың өліп, мың тірілсе де адамгершілік пен бауырмалдық қасиетін жоғалтпаған, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсете білген, жан дүниесі

мейірім мен ізгілікке толы қазақ ұлтының ұлттық коды (мен осы сөзді «ұлттық тектілігі» деп те айтар едім) неге теріс өзгеріп келе жатыр?

Аштық пен жалаңаштықты да, сұрапыл соғыс қасіретін де бастан кешірген, ішер ас пен киер киімге жарымай, небір өмір қиындықтарын көрген алдыңғы буын үлкендеріміз, жоғарыда мен айтқан ізгі қасиеттерді бойында бекем ұстап, тектілігіне шүбә келтірмей, өмірден өтіп жатыр.

Ал енді мұндай қиындықтардан бейхабар, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған мына бейбіт заманда дүниеге келген, тамағы тоқ, көйлегі көк, жақсы мен жаманның айырмашылығын оқып та, тоқып та шартараптан біліп отырған қазіргі буынның бойында ізгі тектілік қасиеттер неге азайып барады?

Осындай рухани азудан арылудың жолы қандай?

Бұл сұрақтарға жауапты мен Елбасының осы еңбегінен тауып отырмын. Соңғы кездері қоғамда көтерілетін мәселелердің басым көпшілігі елдің әлеуметтік жай-күйі, тұрмыс-тіршілігі болып келді. Оның да өз себептері жоқ емес. Ал енді, рухани жағдайымыз туралы, оны жаңғыртудың бағыт-бағдарлары туралы айтқан Елбасының өз толғамдары бүкіл қоғамды дүр сілкіндірді. Жаңа тарихи кезеңде, күллі жер жүзінде орын алып жатқан өзгерістерді терең саралай келе, Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына бұл сұрақтардағы өз ұстанымдарын айқындады.

Елбасы толғамдары мен тұжырымдары менің көзқарастарыма да үлкен әсер етті. Солардың ішінде, бұрын біз жиі айта бермейтін ұлттық болмыс, ұлттық сана-сезім және өзім алғаш рет естіген «ұлттық код» деген қасиетті түсініктер қоғам дамуына қалай әсер ете алатындығына жаңа қырынан көз тастадым. Осыны ұғынғандықтан, ұлттық кодты сақтай білуді рухани жаңғырудың ең басты шарты деген Елбасы тұжырымын қоғамның әрбір мүшесінің санасына сіңіруді енді мен біздің ең басты міндеттеріміздің бірі дер едім.

Өткен жылғы демалысымда жол түсіп, бір-екі күн Грозный қаласында болдым. Сонда кездескен әрбір чешен азаматының Қазақ елін, қазақ ұлты мен қазақ халқын қандай жоғары бағалайтынын көріп, керемет әсер алдым. Өз ұлтым үшін сонда бойымды керемет мақтан-ныш кернеді. Сонау бір зұлмат жылдары чешен ұлтының тағдырында қазақ халқы қандай маңызды рөл атқарғаны тарихтан белгілі.

Не көрмеді өр мінезді бұл халық? Ел аман, жұрт тыныш деп келген кеңес дәуірінің соңғы кезеңіндегі әділетсіз соғыстың өзі чешендерге қаншама қайғы-қасірет әкелді. Қаншама отбасының тағдыры талқан болып, нешеме шаңырақтың төбесі ортасына түсті. Осыған қарамастан, бүкіл Чешенстан бойынша бірде-бір жетім балалар үйі, бірде-бір тастанды қарттар үйі жоқ екендігін сіздер білесіздер ме? Себебі, оларда мұндай түсінік те жоқ, туған сәбиін ақшаға сату, тіпті одан сорақысы көшеге, әжетханаға тастау, немесе ата-анасын да лаға қуып жіберу деген нәрсе олардың ойына да кіріп шықпайды. Егер мұндай әрекет байқалса, онда ол өлімнен де жаман масқара екендігі әрбір чешеннің жадында. Бізде де солай емес пе еді, енді қайда бара жатырмыз?

Егер рухани жаңғыру елдің ұлттық тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайтынын Елбасы дөп басып есімізге салып отырған жоқ па?

Осыдан жиырма-отыз жыл бұрын некеде тұрған отбасының бұзылуы 10–15 пайыздай ғана болатын, қазір елімізде бұл келеңсіз көрсеткіш 40 пайызға жақындады, яғни әрбір екі отбасының біреуінде ерлі-зайыптылар ажырасуға келе жатқан үрдіс байқалуда. Бұл жағдай бала тәрбиесіне қандай теріс әсер ететінін айтудың өзі артық шығар.

Елбасы еңбегінде болашаққа деген сенім туралы баса айтылады. Ал мемлекеттің өзі кішігірім отбасылардан тұратынын ескерсек, болашағы бұлыңғыр шаңырақтардан негізі мықты мемлекет қалыптаса ала ма, осы жай бізді мықты ойландыруы керек.

Рухани жаңғыруды бағдар етіп ұстанғанда біздің қоғамға ең бірінші қажет құндылық – ол тәрбие мәселесі дер едім. Өйткені, қоғамымызды тәрбиесіздік мәселесі де аяқтан шала бастады. Оқу-сызуды білетін, озық ақпараттық технологияны меңгерген, сөйте тұра, тәрбиеден жұрдай, қай жағдайда болса да тек жеке басының пайдасын ең бірінші орынға қоятын жастар көбейді. Осыдан қорқу керек.

Осыны ойлағанда, халқымыздың біртуар ұлы Бауыржан Момышұлының мына сөздері еске түседі: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқамын. Екінші – немересіне ертегі айтып беретін ата-әженің азаюынан қорқамын. Үшінші –

дәмді-дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсе, кімді болса да шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ. Үйретіп жатқан әке, ана жоқ!».

Елбасы бағдарында бұл мәселе де қамтылған. Кіндік қаны тамған туған жеріне, өскен ауылы мен қаласына деген сүйіспеншіліктен жүрдай, ақша үшін өзге елге кетіп, қолына қару алып, кісі өлтіріп, қанша қазақтың баласы жүр. Өз елінде жүріп-ақ, пайда табу үшін қолдарын қанға былғап жатқандары қаншама.

Бесігін тербеткен анасынан бастап, тәй-тәйінен жақсы өсиеттерін санасына сіңірген әкесінен жалғастырып, өскен ортасынан ұлтының текті қасиеттерін бойына жинап, дұрыс тәрбие алған бала, әрине, мұндай жат қылықтарға жоламай өседі. Сондықтан, тәрбие мәселесі қоғамымызда қайта көтерілуі керек. Тек сонда ғана біз бүгінгі заманның болмысына сай келмейтін батыстық жаңғыру үлгісін айналып өте аламыз және сол жат үлгідегілерден өреміз де, санамыз да биік болады. Нағыз тәрбиенің жарқын үлгілерін тәл тарихымыздан, бабаларымыздың өмір салтынан көре алатынымызды Елбасы есімізге салып отыр. Бар мәселе енді өзімізде, нұсқаған бағдарды ұстана алатын өз санамызда.

Ғаламторды тереңірек зерделесеңіз, Елбасының бұл сөздерін ұлтшылдықпен теңестіріп жатқан сәуегей саясатшыларды да көресіз. Осындай теріс пікірлердің туындайтынын сезген де болар, аталған еңбегінде Елбасы: «Рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды», деп көрсеткен. Расында да, ұлтшылдық деген ұғымға біз тек сонау кеңес дәуірі психологиясымен ғана емес, оның түрлі қырын көрсете алатын жаңаша көзқараспен де қарай алуымыз қажет деп ойлаймын. Кезінде ғұлама жазушы Ғабит Мүсірепов бұл туралы: «Бүгін ұлтшылдықпен күрес болып жатыр. Ертең ұлтсыздықпен күресеміз!» деген екен. Сол айтылған ұлтсыздықтың неге әкелетінін қазіргі заман өзі көрсетіп отыр.

Елбасының бұл еңбегінен туындайтын тағы бір мәселе – ол тәрбиені біліммен ұштастыру мәселесі. Біз соңғы кезде білімге неғұрлым көп көңіл бөле отырып, салт-дәстүрлеріміз арқылы бойға сіңірілетін ұлттық тәрбиемен қабыспайтын, жалаң білімнің қоғамға пайдасы шамалы екендігіне тиісті көңіл бөліп те жүрген жоқпыз. Өз елімізде



болсын, шетелде болсын, терең білім алып, сол білімін туған елінің жаңғыруына емес, сол өзі уақытша қарны тойған жат елдің мүддесіне жұмсағысы келетін білімдар жастар да аз емес. Сондықтан да болар, Елбасы өз еңбегінде «Туған жерге туыңды тік» деген халық нақылына да тоқталып, отансүйгіштік қасиеттің қыр-сырын жіктейді.

Бір қуантатыны, қазақ халқы үшін «тектілік» деген жай сөз емес, оның негізінде бабаларымыздан бізге мирас болып жеткен адамгершілік қасиеттердің жиынтығы бар, бізде осы қасиеттерді бойына сіңіруге талпынатын жастар да көп. Елбасының аталған тарихи еңбегі замандастарымыз үшін де, еліміздің ертеңгі болашағы – жастар үшін де ізгілікке толы рухани жаңғыруға жетелейтін бағдар болатындығына сенімдімін.

*Егемен Қазақстан, 2017 ж. 21 сәуір*

## НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ ДУХОВНОГО РАЗВИТИЯ

**Владимир БОЖКО**

Заместитель Председателя  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан

С начала нынешнего года Президент Нурсултан Назарбаев выступил с тремя масштабными инициативами, направленными на дальнейшее всестороннее развитие государства и общества, – это конституционная реформа, Послание «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» и статья «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», которая призывает к духовному возрождению и построению единой нации.

Лидером нации поставлена задача опережающей модернизации общественного сознания, которая не просто закономерна и логически дополняет политическую и экономическую модернизацию, но и выступает их ментальной основой. В основе этой задачи лежат глубокие объективные закономерности развития государства и общества: без модернизации общественного сознания невозможно обеспечить кадровую составляющую для Третьей модернизации, нельзя создать эффективную общественно-политическую среду для осуществления масштабного экономического и социального прорыва.

В новой реальности ключевым принципом нашего развития должно стать внутреннее стремление каждого казахстанца к обновлению, конкурентоспособности, прагматизму, которые базируются на культуре знания и открытости сознания. При этом наш национальный дух, собственный национальный код должны опираться на гражданские начала, быть восприимчивыми к инновациям и модернизационным трендам при сохранении национального «Я».

Безусловно, мы строим гражданскую нацию с опорой на общие духовные и исторические ценности, которые выступают основой нашей консолидации и единства. Успешная модернизация страны также возможна только при широкой общественной поддержке. Поэтому Ассамблея народа Казахстана, обладающая огромным гражданским

потенциалом созидания, призвана внести свой весомый вклад в укрепление казахстанской гражданской идентичности, единства и согласия в обществе как базовой и фундаментальной основы процессов стратегического преобразования Казахстана.

Уже в текущем году все структуры ассамблеи активно включились в реализацию задач политической, экономической и духовной модернизации. Это – этнокультурные объединения, советы общественного согласия, матерей, научно-экспертное сообщество, кафедры АНК во всех регионах, все этнические СМИ, дома дружбы и другие. Сразу же после опубликования статьи Главы государства Ассамблея народа Казахстана выступила с обращением к соотечественникам, которое, по сути, призывает всех казахстанцев взять на себя личную гражданскую ответственность и принять активное участие в реализации программы «Рухани жанғыру».

Самое главное – на десятилетия вперед задан четкий вектор работы ассамблеи на основе новой идеологической платформы, творчески развивающей уже достигнутые результаты в сфере идентичности и единства. В статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» даны глубокие теоретические основы формирования единой нации в контексте модернизации общественного сознания, связанные с сохранением культурного кода, идентичности культуры, обычаев.

Серьезным проектом является поэтапный переход казахского алфавита на латиницу. Эта задача связана с особенностями современной технологической среды, коммуникациями, а также научными и образовательными процессами в XXI веке.

Проект «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке» позволит вывести на качественно новый уровень подготовку кадров, адаптированных к глобальной конкуренции знаний. Прежде всего в гуманитарной сфере, потому что именно дефицит гуманитарного знания в глобальном мире приводит к тому, что технологический прогресс человечества не сопровождается социальным прогрессом. Ведущие американские компании в последнее время стали приглашать специалистов с гуманитарным образованием. Это не случайно, ведь именно этим людям предстоит заглянуть за горизонты будущего развития мира.

И конкретная задача Главы государства воспринимается как ответ на веление времени: «Начатые нами масштабные преобразования должны сопровождаться опережающей модернизацией общественного сознания». Поэтому программа духовной модернизации Главы государства – это документ, требующий всестороннего осмысления и обсуждения с точки зрения его претворения в жизнь. Речь идет о конкретном понимании понятия модернизации для народа Казахстана в контексте современности.

Президент абсолютно прав в том, что уроки модернизации XX века для нашего народа во многом трагические. Только в период голощекинской кампании насильственной коллективизации казахский народ лишился половины своей численности. В истории человечества эта трагедия заняла особое место как чудовищное преступление. Был нанесен огромный ущерб демографии нашего народа, его национальным устоям и традициям. В то же время в XX веке Казахстан добился заметных успехов, в числе которых индустриализация, здравоохранение, образование, наука. Тем не менее, мы должны ясно понимать, что модернизация усилила социально-экономический потенциал Казахстана как территории, но модернизации нации не произошло.

А подлинная национальная модернизация началась только после обретения Казахстаном независимости на основе долгосрочной Стратегии Главы государства. Потенциал каждой нации в мире прямо связан с умением извлекать уроки из истории, способностью обретать полезный опыт. Глава государства как выдающийся реформатор призывает наш народ кардинально пересмотреть свое мировоззрение. «Открытость и восприимчивость к лучшим достижениям, а не заведомое отталкивание всего «не своего» – вот залог успеха и один из показателей открытого сознания», – убежден Президент.

Эпоха перемен поставила перед нами весьма актуальный вопрос: будет ли наш будущий успех основан только на экономической и технологической трансформации? Очевидно, что нет. Нам нужна конкурентоспособная культура, уходящая своими корнями вглубь истории и национальных традиций, и в то же время наша страна обретет новый облик в мировом сообществе государств.

Императивом нынешнего сложного времени является то, что крупные успехи в экономических реформах имеют идеологическое измерение и основу. Пожалуй, впервые за 25-летнюю историю нашего государства Президент с такой предельной ясностью и силой акцентировал тему сохранения духовного кода нации. Он призывает, с одной стороны, вспомнить традиции предков, а, с другой – в соответствии с требованиями нынешней рациональной эпохи стать прагматиками. И тут же дает четкое определение современного прагматизма: «точное знание своих национальных и личных ресурсов, их экономное расходование, умение планировать свое будущее». Нужно также обратить особое внимание на то, как Глава государства трактует задачу расширения горизонта национального самосознания.

Первое: никакая модернизация не может иметь места без сохранения национальной культуры. Второе: чтобы двигаться вперед, нужно отказаться от тех элементов прошлого, которые не дают развиваться нации. Другими словами, нам предстоит обеспечить преемственность между прошлым и будущим, мы должны взять самое лучшее и отбросить все устаревшее. При этом Президент высказал принципиальную мысль: «Никто не вправе навязывать нам свое субъективное видение истории».

На пути реализации Третьей модернизации наш народ должен явить миру новый облик передовой нации, идущей в ногу с истинным прогрессом, справедливо гордящейся своими историческими истоками, культурными традициями, но не страдающей пороками ксенофобии. Это будет не «сомнительная идеология», а открытое мировоззрение, ставящее во главу угла современный прагматизм. Казахстан всегда был против революционных катаклизмов.

Наш путь – это эволюционный переход от экономики к политике, продуманная стратегия поэтапных реформ. Такой подход обеспечил феноменальный успех трансформации казахстанского общества.

В условиях глобализации важнейшей тенденцией является стремление овладеть мировыми языками, прежде всего, английским языком. Надо признать, что наша молодежь не сможет приобщиться к лучшему мировому опыту и передовым достижениям, если не приступит к изучению английского языка, ставшего «лингва франка»,

то есть языком глобальных коммуникаций. Нам надо решительно поддержать и предложение Президента перехода на латинский алфавит казахского языка. Это, по сути, цивилизационный выбор.

В сфере образования будет реализована не имеющая аналогов в мировой практике программа: на казахский язык будет переведено с различных языков 100 лучших учебников. Это придаст мощный импульс вхождению Казахстана в мировое образовательное пространство.

Особое значение будет иметь проект «Современная казахстанская культура в глобальном мире». Казахстан представит миру лучшие образцы своей культуры, что повлечет за собой ее конкурентоспособность на международном уровне. Мы должны знать и почитать не только героев славного исторического прошлого, но и в должной мере ценить наших выдающихся современников. На это нацелен президентский проект «100 новых лиц Казахстана».

Поскольку основным принципом концепции духовной модернизации является гармонизация прошлого и будущего, нужно иметь в виду следующее: приобщаясь к мировым достижениям, мы обязаны сохранить нашу национальную идентичность. Поэтому Президент предложил принять программу «Туған жер», которая перейдет в более широкую установку – «Туған ел».

Данная концепция имеет принципиальное значение, поскольку национальная идентичность – категория более устойчивая и консервативная, нежели экономический прогресс. Модернизация культуры предполагает и развитие цивилизованной политической культуры, укрепление общественных институтов. Президент призывает правильно усвоить горькие уроки XX века – века революций, войн и катаклизмов. Наши традиции не должны обрастать мишурой в виде дорогостоящих атрибутов «ярмарок тщеславия».

Бережное отношение к экологии, вежливое общение между собой, милосердие, казалось бы, азбучные истины, признаваемые всем обществом, но пока плохо воспринимаемые на индивидуальном уровне. Не воспитав в себе высокую мораль и культуру прагматизма, мы не сможем привить их детям, будущему поколению. И это тоже вопрос цивилизационного выбора. Мир постоянно меняется, появляются новые научно-технические достижения, новые производства

и технологические процессы, но именно культура и национальные традиции не подвержены переменам.

Программа духовной модернизации Главы государства – это идеологическая основа экономической, технологической модернизации Казахстана в противоречивую эпоху потрясений, катаклизмов, но и прогресса и развития. Мы, казахская нация, пройдя через духовную модернизацию, займем достойное место в цивилизованном мире. Это наш исторический выбор. Он зиждется на стратегических установках Главы государства.

Ведь Родина – это не только земля, территория, но и единая социально-культурная общность носителей общих мировоззренческих ценностей, языка, традиций, обычаев.

Поэтому важно, чтобы смысл и положения статьи Президента дошли до всех слоев населения. Обсуждение должно активно вестись на уровне всего гражданского общества.

В этом направлении Ассамблея народа Казахстана сыграет очень важную роль как драйвер и эффективный проводник идей и созидательной политики Главы государства.

Уверен, что новые масштабные задачи модернизации общественного сознания, поставленные Лидером нации, откроют перед нашим народом новые горизонты духовного развития.

*Казахстанская правда, 17 июля 2017 г.*

## СОХРАНИТЬ НАШЕ НАСЛЕДИЕ

**Бырганым АЙТИМОВА**

Председатель Комитета по  
социально-культурному развитию и науке  
Сената Парламента Республики Казахстан

Триединая задача модернизации нашей страны решается в полном смысле этого слова. Определены векторы важнейшего обновления политического и экономического развития. Недавно внесены изменения в Конституцию. Программная статья Президента «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» направлена на третью часть модернизации общественного сознания сильной нации, на которой зиждется любое государство. Елбасы предлагает повысить ответственность за будущее страны всех казахстанцев через призму духовного самосознания.

Вопросы сохранения национальной идентичности казахского народа все эти годы обсуждались в кругах интеллигенции и общества в целом. Наши известные обычаи, сложившиеся веками традиции, устное музыкальное и поэтическое творчество, язык и другие составляющие, устойчивый пласт духа нации были, есть и должны быть основой нашей духовной культуры. Президент выносит на повестку дня, наряду с поднятием уровня общественных и гуманитарных наук, культом знаний, возвращение исконных понятий и чувств патриотизма.

Необходимо акцентировать внимание не только государственных структур, но и граждан страны на краеведческую работу и любовь к малой родине. Ведь невозможно научиться любить страну и народ, если ты не испытываешь любовь к земле, где родился и вырос. Такая программа, как «Туған жер», а впоследствии «Туған ел», весьма актуальна для молодежи. Язык – одна из важнейших составляющих национальной идентичности, вот почему в программной статье Президента на самое ближайшее время поручается подготовить поэтапный переход казахского языка на латиницу.

Вопрос перехода на латиницу обсуждался в научной среде еще тогда, когда я была министром образования в 2004–2006 годах. В те годы



мы объясняли, что этот вопрос важный, но его нужно внимательно изучить, рассмотреть и вернуться к этой теме тогда, когда это будет возможно. Сегодня Глава государства говорит о том, что время наступило.

В современной действительности такая трансформация продиктована особенностью современных коммуникаций и скоростью информатизации. Правительству предстоит кропотливая, продуманная и ответственная работа по началу перевода казахского языка на латинскую графику. И здесь без привлечения опытных специалистов, создания государственной комиссии, без изучения опыта зарубежных стран не обойтись.

Депутатам предстоит выполнить огромный объем работы для реализации предложений Президента. Сейчас мы должны будем рассмотреть все предложения Правительства, государственных органов по реализации конкретных задач. Предстоит пересмотреть законы о культуре, архитектуре, образовании, туризме. Мы должны определить все объекты культурного наследия, которые требуют восстановления и реставрации, а также создать инфраструктуру и сделать их доступными для туристов. Это касается не только более 220 памятников истории и культуры республиканского уровня, но и тысячи объектов в регионах и особенно интересующих многих людей мест, таких как Байконур, объекты нематериального культурного наследия казахов. Мы, депутаты, будем разъяснять народу всю ценность предложенной Президентом Казахстана духовной модернизации и необходимость реального включения всех на достижение целей – быть среди наиболее развитых стран мира.

*Казахстанская правда, 19 апреля 2017 г.*

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ДҰРЫС ҚАДАМ

**Мәулен ӘШІМБАЕВ**

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі  
Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік  
комитетінің төрағасы

Бүгінгі таңда қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесі бірінші рет көтеріліп отырған жоқ. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бірнеше жыл бұрынғы Жолдауында бұл тақырып нақты атап көрсетілген. Біздің ойымызша, бұл дұрыс қадам әрі еліміз үшін үдемелі ілгерілеушіліктің қадамы.

Қалай десек те, белгілі бір өтпелі кезең қажет болатынын, тиісті қиындықтар туындауы мүмкін екенін түсінуіміз қажет. Осы тұрғыда халықты даярлауға, түсіндіру жұмыстарын жүргізуге қажетті ғылыми жұмыстарға байланысты шаралар қамтылатыны анық. Стратегиялық басым мақсаттар тұрғысынан алғанда, біздің латын әліпбиіне көшуіміз еліміз үшін дұрыс қадам деп пайымдаймын. Себебі, ол біздің мемлекеттің ұлттық мүддесіне сай келеді.

Бүгінде экономикалық ахуал тұрақталып келе жатқандықтан, конституциялық реформадан соң, Қазақстанның ұзақ мерзімді мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған қандай да бір стратегиялық қадамдарды іске асыру қажет. Сонымен қатар, заңнамалық бағытта маңызды жұмыстардан кейін Мемлекет басшысы осындай бастаманы жариялады. Бұл шешімді, әрине, қолдаймыз.

Ал латынға көшу шаралары кезең-кезеңмен жүруі тиіс. Осы орайда, мемлекеттік органдар бұл бағыттағы процесті лайықты деңгейде, яғни жоспарлы негізде іске асыруы қажет. Атап айтқанда, алда атқарылатын шаралар аясында Үкімет сауатты бағдарламаны құруы тиіс. Түсіндіру жұмыстарын, кеңестерді байыппен жүргізу керек. Осыдан кейін біртіндеп латын әліпбиіне көшіруді іске асыруға болады.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан мақаласында латын әліпбиіне көшудің нақты кестесін әзірлеуді тапсырған болатын. Елбасы 2017 жылдың аяғына дейін

ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керектігін де жеткізді. Ал 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кіріскен дұрыс дегені құптарлық іс.

*Егемен Қазақстан 2017 ж. 13 сәуір*

## **ЕЛБАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ – МӘҢГІЛІК ЕЛ**

**Жабал ЕРҒАЛИЕВ**

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының депутаты

«Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», – Нұрсұлтан Назарбаев («Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінен).

### **1. ТАРИХТЫҢ ӨТКЕНІ САБАҚ, БОЛАШАҒЫНАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙЫҚ**

Жер төсінің кіндігінен көтерілген зымыранның әп-сәтте, тіпті көзді ашып – жұмғанша ғарыш кеңістігіне шығатын бүгінгі шапшаң заман үшін қазақ елі Тәуелсіздігінің жиырма бес жылы да қас-қағым сәт. Алайда, тарихтың осы бір аса қысқа мерзімінде Қазақстанның әлемдік және халықаралық аренадағы орны, беделі мен абыройы ертеден қалыптасып, ертеден қуатты мемлекет болып орныққан елдерден кем түсіп отырған жоқ. Бұл бір ғана адамның, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерлігі мен жігерінің, ақылы мен парасатының, даналығы мен даралығының, көрегендігі мен кемеңгерлігінің арқасы екендігін айтар едік!

Біз тәуелсіздікті Кеңес өкіметінен қалған ауыр зардаптарымен қабылдап алып едік. Бұл зардаптар сонау патшалық Ресейдің отарлау саясатынан басталып, коммунистік жүйенің өктемдігімен жалғасып жатқанды. Жаратылысынан тұла бойында адалдығы мен өзгеге деген сенгіштігі бар, жатты жақынындай сыйлар адал ниеті бар, «кең болсаң, кем болмасың» деген пейілі бар Ұлы Даланың кеңістігін жайбарақат жайлап жатқан бейкүнә қазақты «бөліп ал да, билей бер» саясатымен жіліктеп алғандар өздерінің жат тілдерімен, жат діндерімен, жат ғұрыптарымен өзегімізге құрт түсірді.

Қазақтың рухани жан дүниесіндегі сол жегіқұрт әлі де тірі, әлі де ой мен сананы жеп жатыр. Сол жегіқұртты жоямыз, жегізбейміз деген

ұлт саналыларын Кеңес өкіметі түрлі залымдық саясатпен тірідей көмді, жалған жаламен атты, асты, жер аударды. Есімдерін атамақ түгілі, көбінің сүйектерін де тапқызбай қойды. Ұлттың қаймағын ойсырата сыпырып, мұның ақырын халқымыздың ашаршылыққа ұрынуына әкеліп бір тіреп алды да, Ұлы Отан соғысының қанды қырғынына салды.

Тап жауларын да, халық жауларын да аптығып «жеңе» білгендіктен, Отан жауы – фашистерді де ойсыратып, жусата жеңдік. Енді тынысымыз кеңір, енді жақсы тұрмыс болар, енді көсегеміз көгерер деген едік. Сори қалың халқымыздың бұл үміті де ақталмады. Қазақтың жерін игеру керек деген ұранмен «тың көтеру» шықты алдымыздан. Обалы нешік, қазақ даласына жаңа трактор мен соқаның құлағын ұстайтын комсомолдық желкөңілділер де ағылып келіп жатты. Бірер жылдың ішінде өз ата-бабасының жерінде қазақтың саны азайып шыға келді.

Аз халықты аздыру да, тоздыру да оңай. Соның басы қазақтың тілін керексіз етті. Қазақ мектептері жабылып жатты. «Сендерді нанға да тойғыздық, тәрбиелеп адам қылдық, білім бердік», деп миды шайқап, насихат айтты. Осылары рас шығар, бекерге қазақ болып туған екенмін дейтін дүбәра ұрпақ жетіле бастады. Олар жетілген сайын қазақтың сори да қалындады. Енді келімсектердің сөзін сол дүбәралар сөйлейтін болды, солардың сойылын өз халқының маңдайына сол дүбәралар соқты. Келімсектер масайрап, іштен күліп, өз құлдарының қылығын рахаттана қарап, бақылап тұратын болды. Біз сөйтіп, сол кезеңдерде тұтас қазақ ұлты болып қалыптаса алмадық.

Міне, біз осындай да сорақылықтан сориымыз қайнаған халық едік. Сол сори қайнаған, былайша айтқанда, «мың өліп, мың тірілген» қазақтың аяқасты болып жатқан басын да, намысын да жерден көтеріп алған тағы да сол Нұрсұлтан Назарбаев болатын!

Әлемнің алтыдан бір бөлігін алып жатқан Кеңес Одағы ыдыраған тұстағы Қазақстанның экономикалық та, әлеуметтік те жағдайы аса қиын болғаны белгілі. Жаппай жұмыссыздық жайлады. Мұны көз көрді. Дүкен сөрелері бос тұрды. Өзге дүниені қойып, қара сабын іздеп сабылды. Міне, сол жоқшылық пен таршылық, айнала төңіректегі қарулы қақтығыстар мен берекесіздік жайлаған тұста, «осы біз

қазақ өз бетімізбен ел бола аламыз ба екен?» деген күдік пен күмән де кеулеп, соны ойласаң болды, ұйқың шайдай ашылар алакөңіл шақта Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздікті тұғыр етіп, тарих сахнасына шықты. Иә, шықты да Қазақ елінің ұлы тарих сахнасындағы көшін бастап, әлемге жол тартты. Сөйтті де, Әлемге, Ғарышқа, Болашаққа жол ашты!

Біз өз тәуелсіздігіміздің ширек ғасырдан астам кезеңінде Елбасының ақыл-парасатымен, басшылығымен экономикалық-әлеуметтік салада сәтті жаңғырулар өткіздік. Нұрсұлтан Назарбаев жыл басында халыққа Жолдауында Қазақстанның Үшінші жаңғыруы басталғанын жариялап, саяси реформа мен экономикалық жаңғыру қолға алынды. Елбасы Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылуының барлық алғышарттарын жасай алды. Нұрсұлтан Назарбаев, сондай-ақ, Тәуелсіз Қазақ елін құра отырып, тұрақтылықтың кепілі бола алатын мемлекет құрудың назарбаевтық моделін қалыптастыра білді. Сол назарбаевтық модель қазір бүкіл әлемге үлгі бола алды.

Енді біз рухани жағынан жаңғыруымыз керек. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жаһандық философиялық терең мәні бар тұжырымды еңбегі тағы да сол Қазақ еліндегі, тіпті әлем бойынша тұрақтылық пен бейбіт өмірлі мемлекет құрудың назарбаевтық моделінің бүгінгі және келер ғасырлардағы адамзат баласының болашағы жайлы ойлы жалғасы дер едік.

«Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді. Бұл – жаңа жаһандық болмыс, оны біз қабылдауға тиіспіз!», – Нұрсұлтан Назарбаев

(«Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауынан)

## **2. САНАНЫҢ ЖАҒЫРУЫ – ҰЛТТЫҢ САПАЛЫҚ ЖАҒАРУЫ**

Қазақта «санасына берсін» деген сөз бар. Дана халқымыздың осы бір ауыз сөзінің төркінінде адам баласының ойы ашық, көкірегі зерек, өз заманы мен өз ортасының ахуалын терең зерделей алар қабілеті мен сезім түйсігі болса етті деген ой жатқандай. Енді біз айтып отырған осы ой ашықтығы, көкірек зеректігі, өз заманы мен өз

ортасының ахуалын терең зерделей алар қабілет пен сезім түйсігін жаңғыртудың жаңа кезеңі келгендігін білдіргендей.

Осы орайда, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты пайымды көзқарасын қызыға оқып шықтым. Әлі де оқып, әлі де зерделеу үстіндеміз. Бұл жай – бір мақала емес, бұл бүгінгі заманның айнасы, болашақтың бағдары. Елбасы ХХІ ғасырдағы ұлттық сананың негізгі тұғырнамасын терең саралай отырып, жаһандық философиялық тұжырым жасағандығын айту абзал.

Елбасының осы сананы жаңғырту философиясы бір ғана бізді, яғни қазақстандықтарды ғана емес, әлем халқын, барша адамзатты ойландырар деген ұстанымдамын. Өйткені, Нұрсұлтан Назарбаев жалпыадамзаттық мәселені алға тартып отыр. Ендігі адам баласы қандай болуы керек және де бүгінгі аласапыран заманда өзінің адами бітім-болмысынан ажырап, тіпті ой-санасы адаса да бастаған адамзаттың не істеуі керек? Елбасы осы бір өзекті мәселеге жауап береді.

Біз ендігі әңгімемізді өзімізге, яғни Елбасының «еліміздің мықты, жауапкершілігі жоғары біртұтас Ұлт болу көзқарасымен» байланыстыра айтар болсақ, бұл мәселенің әбден орынды айтылғандығы көңілден шықса керек. Өйткені, ХХІ ғасырда қалыптасар ұлттық санамыз біздің ұлт есебінде сақталып қалу мен Мәңгілік Ел болу ұлы мұраттарының жүзеге асуының алғы да басты шарты болары анық. Осы ХХІ ғасырдағы ұлттық сана жайында айта келіп Елбасы «Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек», дегенді алға тартады.

Өйткені, аузымыздың суы құрып айтып келген батыстық жаңғырудың бүгінгі заманның болмысына сай келмей, ол әлемде кей жағдайда наразылық тудырып отырғандығы да бар. Әр ұлттың өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан асыл ойлары мен ізгі амалдарын және де жақсы кісілік бітім-болмысын, салты мен дәстүр, ғұрпын сақтау бүгінгі күні жалпыадамзаттық үлкен мәселеге айналып отыр. Адамзат өмірі мен тұрмысына ғылым мен техника жетістіктері және ақпараттар ағыны араласқалы кез келген ұлттың санасына ауыр салмақ түсе

бастады. Ол салмақ ұлттың санасына идеологиялық және саяси жүк болып артылғанын да бағамдар едік.

«XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында», деген Елбасының тұжырымына тоқтай отырып, заманның қазіргі ахуалын алыңыз. Батыс кейбір өзге халықтар үшін ар мен ұяттың ісі болып табылатын әдептерді мойындағысы жоқ. Кейде бейәдеп, тіпті адам баласының жаратылысына жат тағылық әрекеттерді заңдастыруға дейін баруы, мұны «демократия, адам құқығын сыйлау» деп дәріптеп, сол бейәдеп қағидалар әлемнің кез келген елінде көрініс табуы керек деп талап та қоюы қандай қисынға сыяды?! Бәлкім, содан да болар, бүгінгі күні Батыс пен Шығыс арасындағы және де түрлі діндер арасындағы қарулы қақтығыстар барған сайын өрши түсіп отыр. Бұл, бәлкім, әр халықтың өз ары мен ұятын, бітім-болмысын, халықтық сипатын таза күйінде сақтап қалудың қақтығысы да болар.

Әрине, біз бейбіт өмірді де, кез келген халықтың өзіне тән ары мен ұятын, бітім-болмысын, халықтық сипатын сақтап қалуды қарулы қақтығыстар арқылы шеше де алмаспыз анық. Бұл орайда, біздің Елбасының ұстанымы, кез келген даулы мәселені келіссөздер арқылы бейбіт жағдайда шешу және ендігі дүниені революциялық емес, эволюциялық жолмен өркендету мәселесі бүгінгі жаһандану заманының әлемдік ұстанымына айналуы керек. Өйткені, кез келген революцияның да, кез келген төңкеріс пен кез келген қарулы қақтығыстың да адамзат баласына әкелген қайғысы мен қасіретінің тек бір ғана XX ғасырдағы тарихынан-ақ ой түйіп, сабақ алуға болар еді.

«Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», деген Елбасының осы бір өте маңызды тұжырымына орай ой қосар болсақ, ендігі арада бізді сол ұлттық кодымызды сақтау мен соны дүниеге келген, алдағы уақытта да дүниеге келер ұрпағымыздың бойына қалай сіңіреміз деген мәселе ойландырса етті. Ал бұл орайда, ойланатын мәселе бар деп санаймыз.



«Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек», дейді Елбасы әрі қарай. Сондықтан да Нұрсұлтан Әбішұлының компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты алға тартып отырған мәселелері біздің қоғамның берік ұстанымына айналып, осы бағытта тынымсыз жұмыстар жүргізуді талап етеді. Сол үшін де Елбасы «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалардың қолға алынуы ол біздің халқымызды ХХІ ғасырдың талаптарына сай даярлаудың алғашқы қадамы екендігін үлкен бір жанашырлықпен айтып отыр.

Елбасы прагматизм мәселесіне келгенде «Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпей-інше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес», дейді. Біз үшін аса маңызды да қажет жай осы деп білеміз! Бұл орайда, Елбасының: «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану.

Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі, деген ұлағатты сөзін ендігі арада әрқайсымыз әр ісімізде, күнделікті тұрмысымызда жаңғыртып тұруға тиістіміз.

Қазіргі дүние адамының ойлау қабілеті мен көзқарасының да, білімі мен ғылымының көз ашпас шапшаңдықпен дамып келе жатқандығы соншалықты, бүгінгі әлем «жаңа жаһандық болмыстың» қазанында бұрқ-сарқ қайнап, тіпті жұмыр Жерді мекендеп отырған адам баласы тіршілігінің де мазасы кете бастағандай. Міне, осы жағдайда Елбасы «Ұлттық бірегейлікті сақтау» мәселесін алға тартады. «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас

тарту керек», деген Елбасының осы қағидасы біздің ұлттық жаңғыруымыздың басты әрі мақсатты міндетіне айналуы қажет.

Елбасы өз еңбегінде ұлттық бірегейлік пен ұлттық санамыздың алтын сандығында мәңгі сақталып, әрқайсымыздың ұрпағымыздан ұрпағымызға аманаттап тапсырып, өсиет қылып, мирас етіп қалдырып отырар қасиетті де құнды дүниелерімізді де ашып айтады. «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», деген Нұрсұлтан Назарбаев және де «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана», деп ұлттық санамыздың қайнар көзін ашып көрсеткен деп санаймыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты терең мазмұнды бұл еңбегі Елбасының мұның алдындағы «Ұлы Дала ұлағаттары» ой-толғауымен бір мүддемен, ұлттық және жалпы жаһандану заманындағы жалпыадамзаттық мүддемен сабақтасып жатқандығын атап айтар едік. Елбасының осы қос еңбегін ендігі арада Қазақстан қоғамында қалыптасып қалған түрлі жиын-жиналыстарда ғана талқылап қоймай, бұл еңбектер әр қазақстандықтың қолында жүрер, әр шаңырақтың төрінде тұрар зерде кітабына айналса етті.

Рухани жаңару бізге аса қажет! Соны сезіне білу үшін Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» танымдық та тағылымды еңбегін оқиық, тағы да оқиық! Ой түйейік, зерделейік! Санамызды жаңғыртайық!

*Егемен Қазақстан, 2017 ж. 19 сәуір*

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ ӨТУ – ҰЛТ ТІЛІНІҢ БОЛМЫСЫН САҚТАУ

**Бақытжан ЖҰМАҒҰЛОВ**

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының депутаты,  
техника ғылымдарының докторы, профессор

Екі ғасырдың тоғысында алған тәуелсіздікті баянды ету, бекіту, өрісін кеңейтіп, өркенін өсіру оңай болған жоқ. Алмағайып уақытта қиындықтың қыспағында қалған халықты ертеңіне сендіріп, көрер жақсылықты көңіліне қондыру үшін де істі тиімді ұйымдастыру керек болды.

Осындай сын сағатта «Менің халқым мынау үрейлі әрі қанды ғасырда тәуелсіздікке расында да зарыға аңсаумен қол жеткізді. Мен осы халықтың жаны мен қанының бір бөлшегімін, сондықтан драмалық ғасырдың соңында маған жасалған сол таңдауға лайықты болуға тиістімін», деп білім-білігімен, өмір тәжірибесімен бел шеше кіріскен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тұралап қалған экономиканы көтеруді, жұртты жұмыспен қамтуды халықтың құлдырап бара жатқан әл-ауқатын оңалтуды, кемел келешек иесі жастарды оқытуды, өзге де қиын түйіндерді бірінші кезекте шешуді қолға алды.

Мұндай салиқалы саясат өз нәтижесін берді. Мемлекетіміз ширек ғасыр ішінде елін де, ерін де танытты. Береке-бірлікке, тату тірлікке ұйыған халқымыз достықтың туын көтеріп, білектей бірікті, жұдырықтай жұмылды. Соған куә болғандықтан да елдік жайын айтқанда көкейде көрікті сөз, көркем ой өзінен өзі қанаттанып кетіп жатады екен.

Ел әлеуеті артқан, тамырымыз бекіген соң рухани жаңғыруға бет бұрдық. Мұның да ұлы идеясын Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынды. Ол оның кемел ойынан, тегеруінді байламынан бастау алып, өзі жариялаған үшінші жаңғырудан тамыр тартып отыр. Бұл дегеніңіз, саяси реформа мен экономиканы жасампаздықпен дамыту, әлемдегі белді де беделді 30 елдің қатарынан орын алу болып есептеледі. Осы бір керемет жұмысты атқару барысындағы мақсаттар мен міндеттер Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»

атты айтулы мақаласында баяндалды. Елбасының мақаласы шағын болғанмен, көтерген жүгі үлкен.

Арғы-бергі тарихымыз сараланып, ұлттық үлгі әдемі көрсетілген «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім», дей келіп, рухани код туралы айтып «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніміздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», дейді. Соңғы мысалдан не аңғаруға болады? Сөзге бой алдырмай, нақты жұмысты атқару керектігін тапсырады. Ақиқатына келсек, бұл мақала мемлекетіміздің ертеңіне бағыт-бағдар, кей тұста батыл қадамдар жасау қажеттігін көрсетіп отыр. Мәселен ұлттық кодты жүйелі жүргізу ісінде ақыл мен парасат алда тұру қажет деп ескертеді. «... Ұлттық кодыңды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық», дейді.

Президент даму жолымыз революциялық емес, эволюциялық жолымен болу керектігін де ескертеді. Бүгінгідей құбылып тұрған заманда әр қадамымызды ой тереңінде қорыту керектігін тереңнен қозғап, өткен ғасырдың аласапыранынан дәйектер келтіреді. Одан сабақ алуды ұсынады. Сөзіміз жалаң болмас үшін Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына көз жүгіртіп көрелік.

«Өткен XX ғасыр халқымыз қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың көнеден жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады», дейді де қазақ тілі әліпбиінің тарихын таратады.

Бұл бір күннің емес, көп жылдың жемісі деуіміз керек тәуелсіздігіміздің алғашқы кезеңінде бұрын болған латын әліпбиін қайта оралту жайы қозғалған. Оған Елбасы үлкен әзірлікпен бірте-бірте келу ке-

ректігін айтқаны бар еді. 2012 жылы «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді қамтыған стратегиясында Президент «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керек» деген. Сол ұлы идея пісіп-жетіліп жүзеге асыру қолға алынып отыр.

Түп-тамырымыз бірдей делінетін ағайындар елдігін ала салып латын әліпбиіне көшіп жатты. Бірақ олар сол әліпбиін әлі жетілдірумен келеді. Біздің ел бұл іске салиқалылықпен, жан-жақты ойластырумен табан тіреп отыр.

Латын әліпбиіне өтудің басты тірегі, бұл – ұлт тілінің болмысын сақтау, кей тұста жөнсіз өзгеріске түскен сөздерімізді, әсіресе адам аттарын халықтық қалыппен жазуды жүйелі түрде жүзеге асыру. Кешегі кеңес дәуірінде тіліміздің арқауы босады. Әрлі де нәрлі тіліміз әлсіреді. Сөз құдіретін көп жағдайда ұғына беруден қалғанымызды несін жасырамыз. Сөзге тоқтаған халықтың ұрпағы шұбар тілдің шырмауында қалды, соның зардабы әлі жойыла қойған жоқ. КСРО заманында өмір сүрген халықтардың бастапқы кезде 200-ге таяу ұлттық тілі болса, кейін соның 93-і ғана қалып, өзгесі жойылып кетті. Мұны Елбасы мақаласында айтылған зұлмат демей не дерсің. Әлемдік жағдайға зер салсаң, алты мың тіл болған екен. Қазір соның көбі құрдымға кеткен. Зерттеушілердің болжамына қарасаң 2100 жылы жүз тілдің қалу-қалмауы екіталай көрінеді.

Сонымен көптен күткен ниетіміз ақталып, мақсат айқындалды. Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» тарихи Жарлыққа қол қойды. Бұл ұлт рухын көтерген сәт еді. Енді сол ұлт әліпбиі төрге озады. Мұны бабалар аманатының орындалып, тәуелсіз ел тарихы ұлт әліпбиімен жазылып, құндылықтарымыздың құлпыруына жол ашылады деген сөз. Дүние жүзі бұған дейін бізді өзге жұрттың жазылуымен танып келсе, енді латын қарпіндегі қазақ әліпбиі арқылы оқитын болады.

Осы күндері әлемнің 112 мемлекеті латын әліпбиін қолданады екен. Бұған қарағанда біз де сол көптің қатарына қосылып, азат елдің айбынын асыра беретін боламыз. Өркениет көшіне іркілмей қосылуға жол ашылады. Тағы бір айтарымыз, Елбасының осындай кемел ісінің нәтижесінде Қазақ елі діні бір, тілінің де арқауы ұштас жатқан түркі дүниесімен бір мақсат, бір міндет жолында жақын араласатын

болады. Ортақ істі жүргізуге де мүмкіндік туады. Әсіресе алыс-жақын шетелдерде күн кешіп жатқан қандас бауырлармен тіл табысуға да тигізер септігі өлшеусіз.

Жарты жыл талқыланып қабылданған қазақ тілінің әліпбиі қиындықсыз жүзеге асады десек артықтау болады. Мұндай елдік іске бүкіл жұртымыз жұмылуы тиіс. Атқаратын жұмыс жетіп-артылады. Мәңгі елдің, мәңгі әліпбиі мінсіз болуды Елбасы бүкіл зиялы қауымға, оның ішінде тіл білімінің өкілдеріне, лингвист ғалымдарға сеніп тапсырып отыр. Тілдің қадір-қасиетін арттыру үшін әр сөздің жазу ережелері, ем-лелері сарапталуы керек. Кейбір дыбыстарды дұрыс қолдану мәселесі орфографиялық сөздіктерде дау тудырмайтындай орын алуы тиіс деп білемін. Жалпы, жұрт жүгінетін сөздіктер бірінші кезекте қолға алынса құба-құп. Өйткені кириллицамен жазылған кейбір қазақ сөздері күні бүгінге дейін бірізділік таппай әркім өз топшылауымен жазып жүргені белгілі. Мұндай олқылық тәуелсіз ел әліпбиімен жазылатын тіркестерден орын алмағаны, әсіресе ұрпақ үшін пайдалы болар еді.

Мені де бүкіл өмірімді ғылымға арнаған азамат ретінде осы мәселелер қатты толғандырып отыр. Әр жылдары жарық көрген сөздіктерді саралағанда байқағаным, қазақтың байтақ даласында жаратылған сөздеріміздің жазылуы мен айтылуы әртүрлі болып келеді екен. Жаһандану заманында жас ұрпақты ана тілін терең білуге баулу ба-рысында әр сөзіміздің түп-тамыры терең көрсетіліп, оның баламалары айқындалса деген тілек бар. Мұның бәрі ең алдымен, тіл мамандары мен айтулы оқымыстылармен, зерделі жандармен кеңесе отырып шешетін жұмыс деп ойлаймын. Президент нақтылап берген 2025 жылға дейін осындай жұмыстарды ақаусыз атқарып алсақ ұтылмас едік. Ендігі жерде сөз емес, нақты іс нәтиже береді. Ең бастысы, әліпби іргесін бекітетін ғылыми негізді жасау қажет секілді. Бұған Президент мол мүмкіндік беріп, жеті жылға таяу уақыт белгіледі. Бұл шара жүйелі жүзеге асса халықтың қолдауы болады. Осындай игілікті жұмысты үлкен қалаларда емес, қияндағы ауыл жұртына жеткізуді басты мақсат ету қажет. Бұған жергілікті жерлердегі әкім-қаралар ерекше мән беруі тиіс.

Техника мен технология жағынан не істей аламыз деген сұрақ төңірегінде Қазақстан Ұлттық инженерлік академия ғалымдары да

алуан түрлі жоспар-жобалар қарастыру үстінде. Елдігімізді танытқан рәміздей тағы бір құндылығымыз – қазақ тілі әліпбиін қолданысқа енгізу ісінде кешігуге де уақыттан ұтылуға да болмайтын сәт туып отыр. Мұны тарихи кезең деп бағалай отырып, тиісті мекемелер, тіпті бүкіл отандастарымыз жұмылуы керек. Ал оны үйлестіретін басты мекемелердің қатарында Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, болашақ ұрпаққа қажет екенін кең ауқымда түсінетін Білім және ғылым министрлігі тұрса нұр үстіне нұр.

«Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр», деді Президент. Ендеше осы тарихи мүмкіндікті дұрыс түсініп, салғырттықтан арылып, ой санамызды уақыт талабына қарай жаңғырта алсақ, өркениетті 30 елдің қатарынан табыларымыз сөзсіз.

*Егемен Қазақстан, 2017 ж. 8 қараша*

## ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ

**Дархан КӘЛЕТАЕВ**

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының депутаты,  
саяси ғылымдар докторы

Әлем тарихындағы соңғы бес, он жылдың айналасындағы тектоникалық өзгерістер шын мәнінде таңдануға тұрарлық. Бағамдап қарасақ, осы уақыт ішіндегі геосаяси, геоэкономикалық ахуалдың күрт өзгеруі, ғылым мен технологиядағы революциялық жаңалықтар, рухани, мәдени құндылықтардың шұғыл алмасуы көз ілестірмейтін жылдамдықта жүріп жатыр. Өткен ХХ ғасырдағы қалыпқа түскен, мәңгі өзгермейтіндей көрінген әлемдік тәртіп, қаржы-экономикалық қатынас, үйреншікті қағидалар мен түсініктердің іргесі шайқалды. Кеше ғана Тәуелсіздігінің 25 жылдығын салтанатты түрде атап өткен Қазақстан үшін де бұл дәуір сынақтары болатын. Осы сынақтардың сипатын көріп, түйсінген ел мен қоғам бір уақыт дағдарғандай күй кешкені жасырын емес.

Осы бір жауабы мен жауапкершілігі зілдей ауыр сұрақтарға жыл басында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жауап берді. Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа Жолдауы жоғарыдағы дағдарыстар түйінін түпкілікті шешіп берген еді. Халқына жаңа дәуір қарсаңында сөз арнаған Елбасы Қазақстанның 25 жылдық даму тарихына шолу жасап, жаңа жағдайлардағы мемлекеттің бүгінгі мен ертеңін, оның саяси, экономикалық даму жолын айқындап, бағдарлап берді.

Ел Президентінің «Егемен Қазақстан» газетінде кеше ғана жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы – Елбасының биылғы жылғы Жолдауының табиғи, рухани жалғасы. Президент мақаласының жарық көре салып, барша оқырманның, халықтың ыстық ықыласына бөленіп жатқаны кездейсоқ емес. Себебі, саяси, экономикалық жаңару үшін де мемлекетке, халыққа руха-



ни иммунитет керек. Қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты, экономикасы әлеуетті елдің көңілі мен санасында уақыт өте келе рухани азыққа – ұлттық өрлеу мен сәйкестікке, тарих пен мәдениетке қажеттілік пайда болатыны белгілі. Елбасы осы қажеттіліктің уақыты жеткенін айтты: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси, экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес».

Халқымыздың соңғы бір ғасырлық тарихи, тағдыр-талайлы, трагедиялық өмірбаянын тұшымды да нақты пайымдарымен алақанға салғандай көрсетіп берген Н.Ә. Назарбаев бұл тарихи үдерістерді әлемдік тарихтың сабағымен шебер байланыстырған. Шын мәнінде, ғасырлар, жылдар бойы темірқазық ретінде әспеттеліп келген, мемлекеттік құрылыстың іргетасы саналған идеялардың сәтсіздігінің себебі, Елбасы айтқандай, «олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін, басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшелігін бәріне жаппай еріксіз таңуында» жатқаны айдан анық. Н. Назарбаев осы пайымы мен ұстанымын тәуелсіздіктің алғашқы жылдары-ақ білдіргені есімізде. Мұндай өткір көзқарасқа сол кездері үдере қарсы шыққандар да, сенімсіздік танытқандар да аз болған жоқ. Алайда, ширек ғасыр өтпей жатып-ақ, Қазақстан Президентінің ұстанымы мен көрегендігі тағы да шындыққа айналды.

«Рухани жаңғыру» идеясын қоғамдық талқыға салып, ұлттың, мемлекеттің рухани темірқазығы ету арқылы Мемлекет басшысы ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап беріп отыр. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынған.

Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту.

Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын

қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек».

Мемлекет басшысы нұсқап отырған ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, «білім культін» қалыптастыру, мемлекет пен қоғамды революциялық емес, эволюциялық жолмен дамыту, ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани-мәдени қалыбы болмақ. Әрі жаңа дәуір сынақтарын бәсекелік қабілеті ерекше ел ғана еңсере алады.

Осы тұрғыда Елбасының мемлекет пен қоғам алдына қойып отырған нақты міндеттері рухани саладағы түбегейлі реформалардың алтын бастауына айналарына күмән жоқ.

Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – барша қазақстандықтардың ұзақ күткен және жаппай мақұлдап, қолдауына ие болған тарихи бастама. Бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру – баршамыздың парызымыз.

*Егемен Қазақстан, 2017 ж. 13 сәуір*

## ОЙЛАНДЫРАДЫ. ІЗДЕНДІРЕДІ. ДАМЫТТЫРАДЫ

**Қуаныш СҰЛТАНОВ**

Ел игілігі мен болашағы үшін жасалған әрбір қадам зор толғаныстардың нәтижесінен туындайтыны ақиқат. Қазақ дүниесі адам танымастай өзгеріп, ұрпақ жаңаруда. Ширек ғасыр бұрын ежелден бабаларымыз аңсаған тәуелсіздігімізге де қол жеткіздік. Азияда түркілердің қара шаңырағы – мемлекетіміздің іргесі қаланып, көк туымыз желбіреді. Тыныштығымыз сақталып, еңсеміз көтеріліп келеді. Бұған, міне, тәубе дейміз! Бірақ, дүние дүрбелеңге толы. Әр жердегі мемлекеттік дүмпулермен қатар, бір елдің екінші мемлекетке оз бырлықтарын да естіп, біліп жатырмыз. Бүгінгі таңда мемлекетіміздің айрандай ұйып, тілін, мәдениетін сақтау арқылы бір көшбасшының маңына топтасу, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, ұлттығымызды сақтап қалу ең басты да мәнді мәселе екенін естен шығармағанымыз жөн.

Ал енді еліміз кезең-кезеңмен латын әліпбиіне көшкен жағдайда, сөздер жаңа латын әріпімен жазылғанда, жұрттың бәрі оны жаңадан қабылдайды. Жаңа сөз ретінде, жазылуын орфографиялық норма ретінде қабылдап көзі де үйренеді. Бұл, әсіресе, тілдегі басы артық дыбыстардың, сөздердің дұрыс жазылуын, қазақша дыбысталуын қамтамасыз ету үшін, тілдің өз табиғаты үшін керек. Тілдік ерекшелігімізді сақтау – әлемдік интеграция, ақпарат алу мүмкіндігіміздің артуы. Өйткені, латын жазуы ағылшын тілі сияқты әлемге кең тараған әліпби екеніне дау жоқ. Сол арқылы біз қазіргі интернет желісінде

ақпарат алуда ғылым, білім саласында осы кеңістікке көбірек кіріп, жастарымыздың да тез оқуға, ақпарат алуға мүмкіндігі артады. Екінші жағынан, бұл – түркі әлемі мен Қазақстанның бірігуі. Түркия, Өзбекбайжан, Өзбекстан, Түрікменстан сияқты елдердің жазуымен бір болуы – біздің еліміз үшін ұшан-теңіз пайдасы бар.

Тілді тіл етіп, бар табиғаты мен болмыс-бітімін айқындап тұратын басты заңдылықтарының бірі – дыбыстардың бір-бірімен көрші тұруы, тіркесуі. Қазақ тілінде буын, сөз ішіндегі және сөз бен сөз аралығындағы дыбыстар өзара келісіп, үйлесіп, үндесіп, басқаша айтқанда, бір-бірімен қол ұстасып, жарасым тауып, үндестік заңына бағынып тұрады. Бұл заңнан тысқары тұрған дыбыс, буын не сөз болмайды. Ал тілінде үндестік заңы емес, сөз екпіні үстем орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінің басты заңдылығына кері әсер етіп келеді. Сондықтан, қазақ тіліндегі әр сөздің табиғи бояуы дыбыстар тіркесі арқылы, яғни үндестік заңы арқылы танылады. Орыс тілі және осы тіл арқылы дауыстының не бірнеше дауыссыздың сөз ішінде, әсіресе бір буында қатар келуі қазақ тілінің табиғатына жат тіркесімдер болып табылады. Ғылыми қауым сондықтан да латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының жағдайына да жеке зерттеу жүргізіп отыруды тоқтатқан емес.

Тағы бір ескеретін жайт, латын әліпбиіне өтсек, барлық мәселе шешіледі деп арқаны кеңге салуға да болмайды. Латын әліпбиіндегі британдық ағылшындар өз тілдерінің Америка, Еуропа құрлықтарында әр жерде әртүрлі айтылып кетпеуіне, немістер жер-жерден келген өз қандастарының тілді бұзбай дұрыс меңгеруіне, француздар өз тіліне ағылшын кірме сөздерінің көп еніп кетпеуіне алаңдаушылық білдіріп, үнемі назарда ұстап, тілін дамыту шараларын жүргізіп отыр. Сондықтан, бізде тілімізге бұрынғыдан да жауапкершілікпен қарап, Елбасы айтқандай, «қазақ қазақпен қазақша сөйлесуі керек». Тіл сөйлеген үстіне сөйлей берсең ғана шыңдалып, айналадағы басқаларға да әсер ете түседі. Латын әліпбиі – түркі дүниесінің басын қосатын фактордың бірі. Әрі компьютеріңіз де латынға байланған. Ал қиындығы уақытша болатыны анық.

Қазір 1989 жыл емес. Қазақстан – тәуелсіз. Халықтың дені ана тілінің қадірін түсіне бастады. Өткендегі соқпақпен жүрсе ана тілі-

нен айырылып қалатынын кейбіреулер кеш те болса ұғынды. Бірақ, әлі де елдің бәрі емес дер едім. Бірнеше ұрпағы орысша сөйлейтін қандастарымызға ауырлау, бірақ түзелуге мүмкіндік басым. Заман жақсы. Кезінде санасы жетпегені емес, «уланғаны» үшін оларды кінәлауға мүлдем болмайды. Қазіргі қазақ тілінің мысы басым. Ешқандай қауіп жоқ. Біздің алғашқы құлшынып құрған «Қазақ тілі» қоғамы еліміздің тарихында бәрін өзгертіп жіберді дей алмаймын, бірақ үлкен бетбұрыс жасады. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың бүгінгі тілге қатысты мемлекеттік саясатын қолдаймын, бағыты өте дұрыс. 90-жылдар басында айтқан Президенттің ойы жүзеге асуда. Көңілім толады. Өйткені, халықта қазір бұрын-соңды бой көрсетпеген тілге деген жанашыр сезім пайда болды. Президенттің «Егемендегі» тарихи мақаласы осынау халықтық қозғалысқа зор қолдаушы күш болатынына сенімдімін.

*Егемен Қазақстан 2017 ж. 13 сәуір*



## ТАРИХИ ТАҢДАУ

***Дархан ҚЫДЫРӘЛІ***

«Егемен Қазақстан» республикалық  
газеті» Басқарма төрағасы,  
Халықаралық түркі академиясының президенті,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Кеше «Егемен Қазақстан» газетінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұлттық идея іспетті еліміздің алдағы рухани өркендеуінің бағытын айқындаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты аса маңызды бағдарламалық мақаласы жарық көрді.

Бұл іргелі мақаланы біз Мемлекет басшысының игі бастамаларымен жүзеге асқан «Мәдени мұра» және «Халық – тарих толқынында» бағдарламаларының заңды жалғасы сияқты, Мәңгілік Ел мұратын жүзеге асырудың түп негіздерін көрсетіп берген тұжырымдамалық бағдарлама ретінде қабылдадық.

Рухани жаңғыруымыздың жаңа басым бағыттарын айқындап берген бұл бағдарламалық мақаланы, автордың өзі атап көрсеткендей, «тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» деп бағалауға лайық.

Әлмисақтан ұлттың ұлт екенін анықтайтын ең басты белгілерінің бірі әрі оның бірегей ұлттық қасиетін сақтайтын негізгі тірегі, мәңгілік құндылығы тілі мен әліпбиі екені әмбеге аян. Ел руханияты мен мәдениетіне айрықша жанашырлықпен қарайтын Қазақстан Президенті мақалада Мәңгілік Ел болу үшін ұлтымыздың осы екі тірегі де мәңгілік болуы шарт екенін тайға таңба басқандай айқындай отырып, латын әліпбиіне көшудің мән-маңызын дәлелді түйіндермен дәйектеп берген.

Түп-тұқиян мен бақи-баянның арасында адамзат баласының түпкі мұраты мен асыл аңсары қашанда мәңгілік болған. Қадымнан тамыр тартып, мыңжыл дықтарды жалғап тұрған осы қастерлі сабақтастықтың алтын арқауы таңба яки жазу еді. Қасиетті Құранда қалам кәламмен қатар айтылады. Жазу арқылы аян хатқа түсті, дәстүр

дамып, мәдениеттер қалыптасты. Сөздің сыртқы сипаты болған символдар тобырға түсініксіз таңбалар ретінде киеге баланды, діндер жазу арқылы салт сенімнен шығып, өркениетке айналды. Білге Конфуций «Әлемді сөз бен заң емес, символдар билейді» дегенде осыны меңзесе керек.

Қаріптің таңбадан тамыр тартқанын ескерсек, әліпбиді әлемді билейтін негізгі символдардың қатарына жатқызуға әбден болады. Осы тұрғыдан алғанда әрбір әліпби пайым мен танымнан, талғам мен түсініктен туындайды. Сондықтан, ол қастерлі құндылықтарды сақтайтын ұлттың жадысына, қастерлі кодына айналады.

Әліпби тек мәдениеттің өлшемі, өркениеттің белгісі ғана емес, ол – ұлттың таңбасы, елдіктің айшығы, мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұтастығын айқындайтын символдардың бірі. Бұл тұрғыдан алғанда таңба таңдау – өркениет жолын да таңдау деген мағына береді. Сондықтан, таңбасын өзгерту, әліпбиді алмастыру туралы қабылдаған шешімі арқылы Елбасы қазақ елінің тәуелсіздігін бекемдейтін, тұтастығын нығайтатын, Мәңгілік Ел мұратын тұғырлы ететін тарихи таңдауын жасады деп ойлаймыз.

Жаңа қаріп қашанда жаңарған елдің нышаны ретінде көнені келмеске кетіріп, ойды отарсыздандырады, сананы сілкіндіреді, жадыны жаңғыртады, мәдени тұтастықты орнықтырады, ұлттың қуатын арттырып, оның ақпарат кеңістігін дербестікке жетелейді. Бұл тұрғыдан алғанда әліпби өзгерту ісі өз қалауымен астана ауыстыру сияқты тарихи маңызы зор мәселе деп білеміз.

Еуразия кеңістігін ен жайлаған байырғы бабаларымыз Мәңгілік Ел мұратын жады тастарға өшпестей етіп таңбалап жазған. Сондықтан, ашық аспан астында аласапырандарды артқа тастап, бүгінге жеткен жәдігер жазулар тағылымды тарихымыздың шежіресі іспетті. Мың жылдан астам уақыт араб әліпбиін қолданған халқымыз орасан зор мәдениет қалыптастырды. Араб әліпбиі әрі қасиетті кітаптың қарпі болғандықтан, оны үйрену де ғибадат саналды. Сондықтан, әліпбиді өзгерту арқылы рухани қорғансыз қалған халықтың арасында шоқындыру саясатын жүргізуді көздеген патша үкіметі қазақ жеріне 1861 жылдан бастап кирилл графикасын енгізе бастады.

Төңкеріс арқылы билік басына келген большевиктер де жаңа кеңес адамын қалыптастыру үшін әуелі латын, артынша кирилл графикасын

енгізді. «Латындандырылған қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң ешқандай қарсылықсыз күшіне енді. Жаңа әліпби жасалғанда қазақ тілінің қағидаттары ескерілген жоқ, тіпті оған мүлдем қолданылмайтын таңбалар енгізілді.

Бас-аяғы он бес жылдың ішінде үш әліпби өзгертудің салдары халқымызға отызыншы жылдардағы қанды репрессиядан кем соққан жоқ. Жаппай жазалау науқанында халықтың қаймағы іспетті мыңдаған тұлға атылып, айдалып кетсе, күштеп таңбаны таңу арқылы еңсесі түскен елдің жадысын өшіруге, ұлттың мәдени-рухани кодына өзгеріс енгізуге қадам жасалды. Айта кетерлік жайт, кирилл графикасына күштеп көшірілген елдер негізінен мұсылман халықтар еді, ал өзгелері өздерінің ұлттық төл әліпбилерінде қала берді. Бүгінде өз таңбасында қалған ұлттардың тілдік заңдылықтарын сақтап қалғаны белгілі. Демек, тілді бұзу, оның заңдылықтарын өзгерту негізінен әліпби арқылы жүргізілген.

Кеңестік кезеңде терминология да қазақ тіліне өзге тілдерден енген сөздерді ұлттық қалыпқа сәйкестендіру, ал орыс тілінен енген сөздерді сол қалпында қабылдау туралы арнайы шешім болған. Сондықтан, 70 жылда қалыптасқан терминдер арқылы кеңестік кеңестік қалыптасты. Соның нәтижесінде қазақ халқы өзінің сөйлеу мәнерінен жаңылды. Батыстан енген терминдерді кириллица арқылы қабылдап, түпнұсқадан алшақтай түсті. Бұл үрдіс әлі де жалғасып келеді.

Мақалада айтылғандай, латын қарпіне көшу мәселесі алғаш көтеріліп отырған жоқ. Мемлекет басшысы 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында және 2012 жылы жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында 2025 жылға дейін латын қарпіне көшу туралы қадап айтқан еді. Ал бүгінгі мақаласында Елбасы осы ауқымды жобаға уақыт ұттырмай, қазірден бастап кірісуіміз керек екенін жазды.

Расында, қазіргі қолданыстағы әліпби жазуды, сол арқылы қоғамдық сананы үшке жарып тұрғаны жасырын емес. Соның салдарынан төлқұжаттағы аты-жөніміз, тіпті ұлтымызбен ұлысымыздың аттары да үш түрлі жазылып жүр. Мысалы, Қазақстан, Казахстан және соның транскрипциясы негізінде Kazakhstan деп жазамыз. Латын қарпіне көшкен жағдайда мұны Qazaqstan деп тілдік ерекшелігімізді сақтай отырып, бір-ақ сөзбен жазуға мүмкіндік аламыз.

Әліпби алмастыру арқылы біз қосам жар орфографиядан құтылып қана қоймаймыз, шет тілдерінен енген сөздерді де ұлттық ерекшеліктерге икемдей аламыз. Латын қарпін қазақ емлесі арқылы қабылдау бұл мәселе бір ізге түседі. Орфографиялық, орфоэпиялық тұтастықтың тілдік тұтастыққа бастайтынын ескерсек, бұл түрлі этностардың қазақша оқу арқылы тіл сындыруына, сөйтіп мемлекеттік тілдің төңірегіне топтасуына үлкен септігін тигізеді. Сондықтан, Елбасы мақаласында атап өткендей, латын қарпі бұқаралық сананы өзгертіп, қоғамның ішкі тұтастығын қамтамасыз ететін, еліміздегі барша этностарды біріктіріп, Біртұтас Ұлтты қалыптастыратын басты құралдың бірі болмақ. Қазақстан тілдік тұрғыда тұтас болса, өзге елдердегі қандастарымыздың атажұртқа, қара шаңыраққа тартыла түсері сөзсіз. Оның үстіне, кезінде кириллицаның әрбір түркі халқы үшін бөлек-бөлек жасалғанын ескерсек, жаңа әліпби арқылы Қазақстандағы тамырлас халықтардың да қазақ тіліне жақындығы арта түсері анық. Бұл қазақ тілінің халықаралық деңгейде қолданылуына, бәлкім болашақта түркі тілдерінің тірегі болуына да жол ашуы мүмкін.

Қазірдің өзінде латын қарпі мектептерде оқытылып, электронды ақпарат құралдарында кеңінен қолданылуда. Интернет, әлеуметтік желілерде бұған көшіп кеткендер аз емес. Бірақ олар латын әліпбиінің әртүрлі нұсқаларын пайдалануда. Сондықтан, Елбасы айтқандай, 2017 жылдың соңына дейін білікті ғалымдар тарапынан әзірленетін қазақ әліпбиінің бірыңғай стандартты нұсқасының мақұлданыуы бұл мәселені бір ізге түсіретін еді.

Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, латын қарпіне көшудің терең логикасы бар. Бұл, мақалада айтылғандай, қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникация мен ғылымның дамуына байланысты екені әмбеге аян. Жаңа әліпби арқылы қазақ елі әлемдік өркениетке қадам басады. Сонымен қатар, латын әліпбиінің түбі бір туыс елдермен өзара байланысты арттырудың да бір жолы екені анық. Сондықтан, Қазақстанның әліпбиі болашақта оның қара шаңырақ ретінде түркі әлеміндегі жетекшілік орнын одан әрі нығайта түседі деген ойдамыз.

*Егемен Қазақстан 2017 ж. 13 сәуір*

## ЗАБОТА О СИЛЕ И РАЗУМЕ НАЦИИ

**Саттар МАЖИТОВ**

Генеральный директор Международного  
института интеграции социогуманитарных  
исследований «Интеллект Орда»,  
доктор исторических наук, профессор

Взгляд Первого Президента Казахстана – Лидера нации Нурсултана Назарбаева на модернизацию общественного сознания с акцентом на приоритетность духовного развития в условиях современного мира является мощным прорывом в развитии государственной и общественной мысли современного Казахстана.

Программный документ современности отличается глубокой реалистичностью и прагматизмом, к которым Глава государства призывает нацию в лице казахстанского народа. Глобализация мира и предстоящие в ближайшее десятилетие кардинальные изменения в жизнедеятельности человечества содержат реальную угрозу и вызовы, последствия которых неоднозначно скажутся на тех, кто не дорожит своим прошлым, настоящим и будущим.

Опережающая адаптация общественного сознания есть ядро той разновидности социально-экономической и политической модернизации, которая может претендовать на мировые позиции. Вопрос о государственной работе с общественным сознанием ныне обретает статус приоритета, приравниваемого к одному из способов спасения нации от последствий цивилизационной отсталости и неясностей исторического цикла.

Наше представление о современной эпохе призвано измениться благодаря фундаментальному видению Президентом страны полюсов сознания нации и направлений ее модернизации. Конкурентоспособность, прагматизм, сохранение национальной идентичности, культ знания, эволюционное развитие Казахстана в системе мировых цивилизаций, открытость сознания являются маркерами самодостаточной и способной к воспроизводству в будущем нации.

Одновременно это и факторы, определяющие пути выхода страны на магистраль планетарного успеха и права на признание.

Конкурентоспособность, в первую очередь – категория социальная, а затем экономическая. Прежде чем предложить на рынке предмет особого спроса, его необходимо обеспечить качественными социальными основаниями, где на передний план выходит прочность человеческого капитала, обеспеченного осознанием его подлинной цены. Эти два индикатора по своему масштабу и воздействию на успех нации превосходят все мыслимые материальные блага. Ибо самой историей доказано, что на ее страницах остаются лишь те, кто опирался на силу и разум нации, обеспечивал ей расцвет и свободу выбора пути развития. Президент не случайно обращает внимание на набор качеств современного конкурентоспособного казахстанца, достойного представителя XXI века. Если взять во внимание, что компьютеры вошли в нашу жизнь еще в конце 90-х годов XX века, то с тех пор прошло уже 20 лет. Достаточный срок, чтобы обладать не только основами компьютерной грамотности. Ведь одновременно в стране стала реализовываться Президентская программа информатизации образования, появились первые электронные учебники Национального центра информатизации образования.

В этом году Казахстан отмечает 25-летие вступления в Организацию Объединенных Наций и установления дипломатических отношений со многими зарубежными странами. Уже тогда перед казахстанцами открылись двери большого мира, вступив за порог которого мы должны были понимать, что знания одно-двух языков недостаточно. Четверть века тоже немалый срок для формирования полиязычного человека. А сколько было курьезов и всевозможных проблем на почве незнания языка у тех, кто начинал свой бизнес или просто прибывал на отдых в зарубежье без знания языка?! Сегодня, когда мы говорим о рационализации бизнеса, в целом личного времени и качественной отдаче вкладываемых вложений в различные сферы, знание иностранных языков наряду с казахским и русским, дает реальные дивиденды. Ныне уже не новость, когда в рамках одной семьи можно наблюдать как ее члены имеют возможность восполнять друг друга и мотивировать на освоение новых языков.

Жизнь в современном обществе, основанном на примате рыночных отношений, невозможно представить вне культурной открытости и межкультурной коммуникации. Продвижение глобализации и порождаемые ею последствия требуют выработки культурного иммунитета. Разговор на равных, с учетом достоинства и права представителя той или иной культурной общности являются залогом успешного продвижения не только отдельно взятого индивида, но и целых стран и народов. Одновременно это способствует складыванию цельного представления о мире и путях его движения в будущее.

Взгляд Нурсултана Назарбаева на прагматизм предполагает коренной поворот в мировоззрении наших соотечественников, отход от национальной расточительности. По сути, прагматизм в современном понимании предполагает выработку идеологических установок на личностном уровне, когда этим озабочено не спускаемое сверху лекало поведения. Ясно сказано, что «установкой может быть ориентация на достижение конкретных целей с расчетом своих возможностей и пределов как человеком, так и нацией в целом». Реализм и прагматизм призваны спасти человечество от путей, ведущих к самоуничтожению.

Для народов широкого пояса Евразии во все времена первым условием спасения от уничтожения ценностей было сохранение национальной идентичности. В то же время, их национальное сознание всегда основывалось на понимании общности исторических судеб и исторической памяти. Сегодня объективно мыслящая часть интеллектуальной элиты понимает, что история прошлого содержит в себе объединяющее начало. К примеру, историко-культурное наследие Казахстана и Центральной Азии вплоть до XVI века не может быть предметом субъективной дифференциации и объектом национальной приватизации.

Модернизация, как и глобализация и интернационализация сфер человеческой деятельности, существовала во все времена. Другое дело, что наступали времена распада и исчезновения цивилизаций. Цивилизации, культуры и города имеют свойство, разрушаясь, инкорпорироваться в пространство меняющегося мира. И здесь непременно происходит, как сказал Президент, «изменение в рамках

национального самосознания», которое подразумевает «сохранение внутреннего ядра национального «Я» при изменении некоторых его черт». Груз исторического прошлого не всегда работает на прогресс и движение вперед. Особенно в вопросе национальной идентичности и формирования гражданского общества. Регионализм, зацикливание на кровнородственных связях, верховенство локальных привычек и пристрастий – удел обществ, обреченных на разлад и закат. Система культурных традиций и ценностей подразумевает гораздо более широкий спектр представлений и действий, направленных на прорыв сквозь дисбаланс противоборствующих элементов прошлого. Истина состоит в том, что национальная идентичность есть средство самосохранения и осознания своего исторического места в условиях уже изменившейся среды.

Катализатором правильности принятых решений на пути к успеху в будущем являются знания. В понимании знания как объективной категории и неотъемлемой ценности человеческого общества заложена особая сила, которую Нурсултан Абишевич возводит до уровня культа. Это вполне оправданно, если иметь в виду, что любые знания есть результат усилий человечества над своими мыслительными процессами через труд. Высшей ступенью способности пользоваться знаниями на деле считается интеллектуальный труд. В основе его лежит элементарное образование и умение пользоваться профессионально обретенными знаниями. Ведь не случайно еще древние латиняне говорили: «Многознание – уму не научит». Польза от знания есть тогда, когда оно работает на прогрессивное преобразование окружающего мира. Знание, работающее на укрепление и продвижение разума, прямо пропорционально силе сознания. Следовательно, сила и разум нации, а также ее успех напрямую зависят от примата знаний, поднятых до уровня системы ценностей общества и государства.

Квинтэссенцией опыта, обретенного в результате апробации новых знаний и вытекающих из них действий, становится историческое событие. Нет ни одного исторического события, которое не имело бы причин, поводов, исторического хода и их последствий. В совокупности эти четыре понятия составляют содержание процесса исторического развития, которое в зависимости от процесса протекания



и результатов может оцениваться как революционное или эволюционное. Имея в виду последствия революционности, Вера Засулич в одном из своих писем Фридриху Энгельсу писала о том, что людям свойственно сегодня совершать то, чему наутро они удивляются. Андрей Платонов писал о безудержном желании Игнатия Мошонкова пореволюционерить на почве экспериментов с социальным сознанием через живые артефакты истории. Начавшийся с начала XX века шквал экспериментов над человеческими жизнями и судьбами целых народов вылился в представление о модернизациях как последствиях исключительно революционных событий. Революция разделила всю историю человечества на две части – то, что было до Октября 1917 года и то, что было после него.

Между тем, мало кто обратил внимание, что даже строители коммунизма в отдельно взятой стране, вели свой отчет в части эволюции своего экономического развития с 1913 года. Социалистическая экономика все время оборачивалась назад, на тринадцатый год, соизмеряя свои достижения с тем, что тогда было достигнуто. В мировой истории существует феномен насилия человека над экономикой, что ведет к деформации здравого смысла в логике отношения к благосостоянию человека. Такое насилие и было осуществлено в стране трех революций, почему историки и говорят о начале XX века, а не о первой четверти или первом двадцатилетии, когда происходили эти революции.

Эволюционный характер развития напрямую зависит от понимания совокупности ее компонентов и составляющих. Историки и в целом гуманитарии часто увлечены процессом собственно социально-политического и общественного развития. Между тем, из поля зрения часто выпадает аспект, связанный с биологическим развитием человека, с его естественной эволюцией как части природы и мироздания. Именно эта сторона жизнедеятельности индивида в социуме лежит в основе всего, что называется эволюционным развитием. Надлом над естественным развитием ведет к разрыву как межпоколенческих, так и межцивилизационных связей. Как сказано в программной статье Президента Казахстана: «Эволюционное развитие как принцип идеологии должно быть одним из ориентиров и на личностном, индивидуальном уровне... Конечно, эволюционное разви-

тие общества как принцип не означает вечной консервации, но важно понять не только уроки истории, но и примеры современности и сигналы будущего... Поэтому серьезное переосмысление того, что происходило в мире, – это часть огромной идеологической работы...».

Мысли Нурсултана Назарбаева опираются на мудрость веков и вносят совершенно новый смысл в жизнь нашей страны, будучи прологом обновления общественного сознания казахстанцев в масштабе всего современного мира. Непременным атрибутом нации сильных и ответственных людей должна стать открытость сознания. Помимо направленности этого процесса на взаимодействие с реалиями глобализованного мира, это необходимо для определения своего места в нем.

До сегодняшнего дня человечество прошло через шесть технологических укладов, истоки и развитие которых предопределили сами люди в целях преобразования условий своего существования. Протяженность каждого из них составляет период в полвека с колебаниями в одно десятилетие. Это послужило основой для возникновения в 20-х годах XX века теории русского и советского экономиста Николая Кондратьева о циклах или волнах сменяющихся подъемов и спадов. Ныне кто-то принимает, а кто-то вовсе игнорирует эту теорию. Тем не менее, остается фактом то, что человечество, начиная с конца XVIII века, а именно за период с 1785 по 1835 годы смогло привести к жизни технологический уклад, который был основан на технологиях текстильной промышленности и использовании энергии воды. Это привело, с одной стороны, к росту масштабов производства и развитию транспорта, а, с другой – началу отхода человека от тяжелого труда.

Современное человечество вплотную претворяет в жизнь достижения пятого и шестого технологических укладов. Признаки их присутствия разнятся в зависимости от стран и регионов, а также степени их развитости. Именно достижения того или иного технологического уклада играют свою ведущую роль, когда мы говорим о том, что та или иная страна считается развитой. Задача современного Казахстана войти в число 30 развитых стран мира напрямую связана с целью претворения в жизнь преимуществ технологических укладов для достижения его народом уровня мировой комфортности.

Известная казахская поговорка гласит: «Елу жылда – Ел жаңарды» – «Страна обновляется в каждые пятьдесят лет». Это свидетельствует о том, что такое понимание изменения мира вокруг у казахов существовало традиционно. Следовательно, новые программные цели казахстанского общества имеют серьезные исторические корни и основания, что непременно должно будет привести к их реализации. Итогом заботы Президента и государства о силе сознания и разума нации должна стать лучшая жизнь. Приближение ее горизонтов зависит от комплекса мероприятий и реальных дел. Вот почему необходима социогуманитарная интеграция и мобилизация работы над сознанием в масштабе всего общества и на уровне каждого жителя Страны великой степи.

*Газета «Литер», 13 апреля 2017 г.*

## ЯЗЫК – ДУША НАРОДА

**Асылы ОСМАН**

председатель Алматинского областного  
азербайджанского культурного центра

Духовное возрождение страны невозможно без развития государственного языка, сохранения культурных традиций, воспитания казахстанского патриотизма.

На протяжении многих лет я выступаю активным сторонником развития казахского языка и культуры. Участвуя в различных научно-практических конференциях, телепередачах, всегда говорю, что мы должны всеобщими усилиями поднять государственный язык на должный уровень, ведь это – один из главных факторов единения всех казахстанцев. И, конечно, с огромным воодушевлением я ознакомилась с программной статьей Главы государства.

Больше всего мне, как ученому-филологу, импонирует поручение Нурсултана Назарбаева Правительству о переводе казахского языка на латиницу. Необходимость этой меры назрела давно. Как отметил сам Президент, «мы готовились к этому процессу с начала обретения независимости страны».

Не случайно Елбасы, углубляясь в историю, привел данные о том, что казахский язык берет начало с одного из старинных алфавитов – древнетюркской рунической письменности. Сейчас многие и не знают, что латиница уже использовалась в Казахской ССР с 1929 по 1940 год. И грядущий переход на латинскую графику естественно связан с особенностями внедрения современных технологий и коммуникаций, научных и образовательных процессов. Нашим школьникам и студентам, многие из которых уже хорошо знают английский язык, будет легче осваивать предметы, получать необходимые навыки и знания.

Вообще, владение языками – один из лучших способов обрести много друзей среди представителей разных народов. Это – настоящее богатство, которое всегда будет востребовано, и показатель

личной конкурентоспособности человека, тему которой также затронул Глава государства в своей публикации.

На мой взгляд, знание казахского языка рождает в каждом гражданине страны чувство сопричастности к ее истории, ответственности за ее будущее. Еще великий русский писатель Лев Толстой говорил: «Язык – душа народа». Умение говорить и понимать на казахском со временем должно стать нормой для всех казахстанцев.

В этой же статье Глава государства уделил особое внимание вопросам развития казахстанской культуры, предложил разработать программы «Туған жер» и «Туған ел», направленные на изучение истории родного края, воспитание патриотизма. Как общественный деятель, член Ассамблеи народа Казахстана, я двумя руками за то, чтобы эти плодотворные идеи воплотились в жизнь.

В годы Великой Отечественной войны мою семью вместе с многими другими репрессированными переселили в Казахстан. Времена были невероятно трудные, казахи сами жили впроголодь, но приютили нас, делились последним. С тех пор судьба навсегда связала меня с этой гостеприимной, теплой, щедрой землей, а казахский язык, обычаи и традиции этого доброго народа стали для меня родными.

Уверена, сегодня мы все объединены желанием, чтобы наша республика стала еще более сильным, благополучным и уважаемым в мире государством. А для этого нужны не только экономические успехи и политические достижения. Как верно подчеркнул Президент, необходимо, чтобы казахстанская культура с ее тысячелетней историей была представлена во всех уголках планеты. Надеюсь, творческая интеллигенция, ученые мужи и представители общественности внесут достойный вклад в презентацию отечественного культурного достояния на мировой арене.

*Казахстанская правда, 13 апреля 2017 г.*

## РУХАНИ СІЛКІНІС НЕМЕСЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ КҮНІ ТУДЫ

**Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫ**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым  
академиясының академигі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

Елбасы айтқандай еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басқаны рас. Жыл басы халыққа жолданған Жолдау арқылы Қазақстанның Үшінші жаңғыруы басталғанымен әйгілі болды. Содан екі түлеуді бастан кешірдік. Ол – саяси реформа және экономикалық жаңғыру. Сондағы түпкі мақсатымыз – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Бұл оңай іске асыра салатын міндет емес. Ол үшін сана сілкінісі, яғни істен сананың озып отыруы керек. Аталған әлгі екі реформаның өзегі осы сана сілкінісіне байланысты қалыптасады. Рухани жаңғыруға әкелетін жұмыстардың біразы Тәуелсіздік жылдарында іске асырылды. 2004 жылғы «Мәдени мұра» бағдарламасы мен 2013 жылғы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы осыған айғақ. Бірінші бойынша Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғыртылды. Екіншісінде әлем архивтеріндегі төл тарихымызға қатысты құжаттар жүйелі жинақталды, зерттелді.

Енді Елбасы бұдан ауқымды да іргелі жұмыстар көзін ашып отыр. Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басып, оған сәйкес бұқаралық сананы қалай өзгертудің қажеттігі турасында өз көзқарасын ашық та нақты баяндады. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының әуелгі мағынасы міне осындай.

Мақала кіріспе және екі үлкен тақырып ауқымында жүйе-жүйеге бөлініп, нақты тақырыптар аясында әңгімеленеді. Бірінші үлкен тақырыптың аты – «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» деп аталады. Енді осы тақырып аясында сөз болатын тақырыпшалардың өзі-ақ сіздің мағлұматыңызды кеңейтіп, рухани жан дүниеніңізді байыта түседі. Қараңыз: 1. «Бәсекелік қабілетте» қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлауға ұмтылдырған «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессиялық келісім» сияқты бағдарламалар аталады. 2. «Прагматизм» тақырыпшасында «қаны-

мызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес» дей отырып, төл тарихымызға үңіле келе, прагматизмнің шынайы жарқын үлгілерін табуға болатынын меңзейді. Қанымызға сіңген, бабалардан мирас болып қалған ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз қажеттігіне мән береді. Осыларды санамалап келіп, Елбасы реализм мен прагматизм таяу онжылдық ұраны болуға тиіс екенін атап көрсетеді.

Ал «Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты 3-ші тақырыпшада ұлттық сананың кемелденуіне мән беріледі. Оның екі қырын көрсетеді. Оның біріншісі – «ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, екіншісі – ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту». Бұл тұста кезігер қатерлі тұстарды да ескерте келіп: «Іс жүзінде, әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруы», керек дейді. Осындай ұғымдарды егжей-тегжейімен сөз ете отырып, қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын ескертеді. Оның біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтыны. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту.

Төртінші тақырыпша «Білімнің салтанат құруы» деп аталады. Шынында, білімді болу қанда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында бұл салада талай іс-әрекеттің нәтижесін көрдік. Тоқсаныншы жылдарғы «Болашақ» бағдарламасының нәтижесін көріп отырмыз. Шынында білім салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Технологиялық революцияның беталысына қарай отырып, Елбасы қазіргі кәсіптердің жартысы таяу онжылдықта жойылып кететінін ескертеді. Мұндай кезеңде аса білімді адамдар ғана табысқа жетеді. Табысты болудың басты факторы – білім екенін әркім терең түсінуі тиіс. Сондықтан да бұл бөлікте Елбасы білімді бәрінен биік қоятын ұлт ғана табысқа жететінін ескертеді.

Бесінші тақырыпшаның атауы – «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы». Елбасы бұл тұста Еуропа құрлығының астаң-кестеңін шығарған 1917 жылғы қазандағы оқиғаға биыл 100 жыл толатынын еске алады. Иә, өткен ХХ ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зұлмат ғасыр болды. Өзімізге тән жол біржола күйретілді. Жат үлгі таңылды. Екіншіден, ұлтымыз адам айтқысыз демографиялық соққыны көрді. Бұдан әлі де айыға алмай келеміз. Үшіншіден,

қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймағына айналды. Өткен тарих бірнәрсеге көзді жеткізгендей, ол ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретін эволюциялық даму жолы.

Алтыншы тақырыпша «Сананың ашықтығы» деп аталады. Мұнда әлемнің даму қарқынына ілесу жолдары сөз болады. Миллиондаған адамдар өз ана тілін дамытумен бірге жаппай ағылшын тілін оқып үйренуде. Алға жылжымыз десек біздің де бұл игі үрдістен қалыс қалмауымыз керек. Бұл еріккеннің ермегі емес. Жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шаруасы. Бұл ғана емес сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіретіні атап көрсетіледі. Біріншіден, еліміздің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, жаңа технологиялық өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда болатын өзгерістердің бәріне дайын болу міндет. Үшіншіден, осы өзгерістердің ең озық жетістіктерін бойға сіңіру. Бұл жөнінде Жапония мен Қытай үлгі бола алады.

Бізді, әсіресе тіл маманы ретінде, менің өз басымды риза еткен мақаланың екінші бөлігі. Ол – «II.Таяу жылдардағы міндеттер» деп аталады. Мұнда қазақ жұртшылығы көптеген аса маңызды мәселеге жазу мәселесіне түбегейлі назар аударылып, өз көзқарасы мен шешімі нақты баяндалады. Заман сынағына лайықты төтеп берудің жолдары қарастырылады. Нақты жобалар ұсынылады. Оның біріншісі, әрі негізгісі деп айтар едім, – қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмысын бастау қажеттігі. Расын айту керек, бұл іске Елбасы асыққан жоқ, елдің даму қарқынын байыппен бағдарлап, әлем кеңістігінде болып жатқан рухани өзгерістердің бәрін санадан өткізіп барып, сарамандықпен жасаған шешімі деп білемін. Тәуелсіздік барысында бұл іске мұқият дайындалу керек болды. Солай болды да. Ол қазақ тілінің әліпбиі сан түрлі жолдан өткенін зерделеді. Түркілердің VI–VII ғасырлардың өзінде-ақ өз жазуы болғанын зердесінен өткізіп, X–XX ғасырлар аралығында Қазақстан аумағында араб жазуы 900 жылдай қолданылып келгенін саралай отырып, қазақ халқының 15 жылда үш бірдей жазуды алмастырғанын да еске алғандай. Мұның бәрі қазақ жазуының жүріп өткен қилы-қилы жолдары. Осылардың бәрін ой елегінен өткізіп барып Елбасы енді қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстырудың кезеңі келгенін ашық айтып отыр.



Бұл тұста осы мәселеге қозғау салған Тәуелсіздіктің сонау елең-алаңында, яғни 1993 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының сол кездегі президенті академик Әбдуәлі Қайдардың латын әліпбиі туралы Президентке жазған хаты еске түсіп отыр. Оны біз Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының төралқасында талқылап, содан соң Әбекең хатты Елбасына жіберген болатын. Елбасы бұл хатқа мән беріп, «бұл ойлануға татитын мәселе, мамандар шұғылданып, маған нақты ұсыныспен шықсын» деген сыңайда жауап келген еді. Міне, содан бері әліпби мәселесі баспасөзде, радио-телеарналарда оқтын-оқтын сөз болып келді. Елдің қызыққаны соншама, әліпби жасаушылар қатары көбейді.

Бұл мәселеге Елбасы 2012 жылы қайта оралды. «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісеміз» деп мәлімдеген болатын. Енді міне 2017 жылғы 12 сәуір күні Елбасы «Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек» деп нақты тапсырма берді. Мектеп жасындағы балалар ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан бұл мәселеде енді кедергі бола қоймас деген ойдамыз.

2017 жылдың аяғына дейін тілші мамандар көмегімен қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керектігі тапсырылды. 2018 жылдан жаңа әліпби үйрететін мамандар мен орта мектептерге арналған оқулықтар даярлануы керек.

Екіншіден, осыған орай қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қолға алынбақ. Осыған сәйкес қыруар жұмыс басталғалы тұр. Ең алдымен әлемдегі ең жаңа 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, 2018–2019 жылдардың өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыту мәресіне жеткізу керек. Ол үшін ұлттық аударма бюросы құрылмақ. Бұл бізді сапалық деңгейге жеткізеді деп білеміз. Жаһандық бәсекеге төтеп беретін мамандар осылайша өсіп жетілмек. Мұның бәрі мемлекеттің міндеті болып саналады деді Елбасы.

Сонымен бірге патриотизм «Туған жерге туыңды тік» деген сөзден басталса керек. Өлкетану, елді мекендерді абаттандыру, тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіру т.т. Туған жердің қайталанбас арналары бұлар. Әрбір жер атауларына байланысты ел жадында сақталған ғажайып аңыз әңгімелерге дейін мән беру бүгінгі ұрпақтың міндеті «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлт-

тық патриотизмның өзегі. Сондықтан «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Бұл шын мәнінде рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Мыңжылдық тарихымызды айқындайтын ауқымды жоба осыған лайықталып жасалмақ. Мұны яғни жобаны Үкіметтің әзірлеуі керек екенін Елбасы тәптіштеп айтты. Бұл жерде үш мәселе қамтылуы керектігі көрсетілген. 1. «Мәдени географиялық белдеудің» рөлін әрбір қазақстандық білу үшін оқу-ағарту дайындығы жүргізіледі. 2. БАҚ мұнымен жүйелі түрде мықтап айналысу керек. 3. Ішкі және сыртқы мәдени туризм халқымыздың осы қастерлі мұраларына сүйенуі керек. Мәселен, Түркістан мен Алтай ұлттық ғана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтарымыз ғой.

Бесіншіден – заманауи әлемдегі бәсекелестік қабілет мәдениеттің де бәсекелік қабылеті екені даусыз. Мәселен АҚШ табысының қомақты бөлігі Голливуд еншісінде екен. Осы ыңғайда «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын да іске асыруды ұсынды. Осыған орай Елбасы шығармашылық зиялы қауымға оның ішінде Жазушылар Одағы мен Ғылым академиясы, университеттер және қоғамдық ұйымдарға үлкен үміт артып отыр.

2017 жыл мәдениет саласындағы жетістіктерімізді көрсете алатын шешуші кезең болмақ. Осылайша мыңжылдық тарихымызда төл мәдениетіміз тұңғыш рет әлемнің барлық құрлықтарына жол тартып, басты тілдерінде сөйлейтін де болады дейді Елбасы.

Алтыншыдан – Елбасы бүгінгі замандастарымыздың да жетістіктерінің тарихына назар аударуды ұсынады. Бұл «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырылғанын қалайды. Шынында Тәуелсіздігіміздің 25 жылы қас-қағым сәт болғанмен тарих өлшеуімен қарағанда тындырылған істер ғасырға татиды. Сол ғасырлық ауқымда еңбектің ғажайып үлгісін көрсеткен қаншама жандар бар. Бұлар барлық салада да жетерлік «Жаныңда жүр жақсы адам» деген ұғымға көңіл бөлейік дейді. Бұл үлкен парасаттылықтың белгісі. Осынау жобаның негізгі мәні – «ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс» дегенді білдіреді. Бұл ұсыныстардың бәрін, әсіресе жас ұрпақ барынша игеруге ұмтылуы тиіс. Өйткені өмір сүру үшін шынында да өзгере білу керек. Әңгіменің түйіні осы!

*Егемен Қазақстан, 2017 ж. 14 сәуір*

## НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОД ПРЕДКОВ

***Абсамтар ДЕРБИСАЛИ***

Директор Института востоковедения  
им. Р. Сулейменова, член-корреспондент НАН РК,  
доктор филологических наук, профессор

В статье Нурсултана Назарбаева сохранение национальной идентичности выделено в приоритет. За годы суверенного развития были инициированы государственные программы «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» по созданию целостной системы изучения культурного наследия, воссозданию историко-культурных, письменных, архитектурных памятников, имеющих особое значение для национальной истории.

Институт востоковедения, активно участвуя в этих программах, сделал многое по расширению казахстанской источниковедческой и информационно-исторической базы копиями материалов из зарубежных фондов. В рамках программы «Культурное наследие», начиная с 2005 года, вышли в свет 20 томов серии «История Казахстана в арабских, китайских, монгольских, персидских, тюркских источниках». Эти же работы институт продолжил по программе «Халық тарих толқынында».

Говоря о модернизации национального самосознания, можно отметить, что научное изучение глубин истории и культуры казахского народа имеет огромное государственное значение. И, несомненно, является одним из основных идеологических и культурных приоритетов, открыто декларирующих преемственность поколений и культур. Значимость таких инициатив обусловлена возможностью создания мировоззренческой модели Казахстана XXI века, опирающейся на собственные исторические традиции, на национальное самосознание как ядро национальной идентичности. Модернизация национального самосознания способствует росту интереса к истории народа, его культуре и родному языку.

Как подчеркивает Глава государства, начатые в стране масштабные преобразования должны сопровождаться опережающей

модернизацией общественного сознания. И здесь необходимо здоровое соперничество, которое имеет огромное значение в современном мире. Это, стремление к овладению современными технологиями, производству конкурентоспособных товаров и услуг, созданию имиджа качественного товаропроизводителя, национальных брендов.

Для этого необходимо создавать условия для обучения детей и молодежи. Во-первых, обеспечить интернет-связью хорошего качества отдаленные уголки. Такая связь поможет самообразованию молодежи, позволит получать самую свежую информацию со всего мира, даст возможность изучать языки онлайн. Программа общеобразовательных школ и вузов должна содержать полный материал по истории религий, этических учений страны, которые бы отображали процесс их развития в аспекте взаимосвязей и общих корней.

Сохраняя национальную идентичность, необходимо, как указывается в статье Главы государства, выработать свою модель. Хочу напомнить, что наши народные традиции, идущие из глубин веков, были подвергнуты серьезному испытанию во времена советского правления, когда насаждалась идеология отказа от своего исторического прошлого и духовных ценностей. В период независимости начались глубинные процессы по восстановлению культурных и духовных традиций. Тем не менее, опасность утраты национальной идентичности, когда идет активный процесс глобализации, не исчезла. Только духовные ценности могут помочь в успешном противостоянии вызовам времени и поступательном развитии нашего общества.

Источниками духовных ценностей народа являются язык, история, самобытная культура, рукописное наследие. Это работы ученых древности, эпическое наследие, музыка, фольклор, традиции, архитектурные памятники – вообще весь культурный мир казахов, который доносит до нас национальный код наших предков. Сегодня это воссоздается и сохраняется, в том числе, благодаря расширению казахстанской источниковедческой и информационно-исторической базы копиями уникальных артефактов и архивных материалов. Только духовность, этические нормы, традиционные и культурные ценности имеют потенциал противостоять религиозному фундамен-

тализму, экстремизму и терроризму. Гармоничное существование духовности как раз служит гарантом того, что в Казахстане не происходит конфликтов, раздоров и вражды на религиозной почве.

В Послании народу Президент подчеркивает: «Если нация теряет свой культурный код, то разрушается и сама нация». Памятники культуры Казахстана вследствие неблагоприятных природно-климатических условий разрушаются, некоторые уничтожены вандалами, а некоторые вывозят в другие места. Все это требует незамедлительных мер по их сохранению: обнаружению, фиксации, инвентаризации, картографированию, включению в список охраняемых государством объектов культуры, научному изучению. В контексте Стратегии «Казахстан-2050» активизация изучения национальной истории и организация сбора, систематизации и классификации всего имеющегося за рубежом и в стране материала является одной из актуальных задач исторической науки.

Подобные исследования помогут открыть новые памятники культуры, обосновать их значимость в духовной жизни, сформировать новые туристические маршруты. Для этого в Институте востоковедения разработан проект «Духовные ценности казахского народа: роль и значение святых мест в сохранении традиционной культуры», выполняются такие исследования, как «Памятники культуры казахов как форма хранения и передачи духовного наследия (на основе эпиграфических памятников Западно-Казахстанской области)». Эти наши разработки созвучны программам и проектам, которые назвал Глава государства в статье «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру».

*Казахстанская правда, 13 апреля 2017 г.*

## БІЗ КҮТКЕН БЕТБҰРЫС

**Смағұл ЕЛУБАЙ**

жазушы

«Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, сөз жоқ, тарихи мәні бар құжат.

Әрине, мәдениет саласында әңгіме болмай келген жоқ. Әсіресе, мәдениет қайраткерлері, жазушылар сонау жариялылық заманынан бастап, ұлттық құндылықтарды күн құрғатпай, ай құрғатпай, жыл құрғатпай айтумен келді. «Мәдени мұра», «Халық – тарих толқынында» бағдарламалары сондай жанайқайдың жемістері болатын. 25 жыл ішінде істеліп жатқан жұмыстар осындай мемлекеттік бағдарламалардың негізінде жүзеге асып келді. Алайда осынау ұлттық құндылықтарды сақтау және оны дамыту саласында үлкен бетбұрысты біз күтіп жүргенбіз. Біз күткен бетбұрыс, идеология майданында ұлттық мәдениетімізді болашақта қазақ халқының рухани келбетін сақтап қалу мәселесі бойынша алға қойылған үлкен міндет деп білемін. Бұл мақала қоғамымызда көтеріңкі көңіл-күй тудырып жатыр. Болашағымызға деген сенім ұлғайып, жасампаздыққа бағыттайтын қадамның жасалғанына қуаныштымыз.

Біз де 25 жылда Батыс жолына түскенде, өзімізді жойқын ағында қалай сақтаймыз, оның жолын қалай табамыз деген басты сауалдарға осы мақалада жауап бар. Шайылып кетпрудің жолы – осы. Ұлттың мәдени коды туралы әңгіме қозғалады. Мәдени код: діл, жады, тіл, діни болмыс. Осы бірегейлікті мәңгі ету арқылы ғана біз өзімізді сақтайтынымыз бірінші рет жан-жақты айтылып, ашық мәселе қойылып отыр. Бұл мақалаға біз қатты мән беріп, қатты толқып отырған себебіміз осы. Әдебиет те, тіл де, кино да сөз болған. Білім беру саласы мен патриотизм де айтылған. Өліпби ауыстыру мәселесі қозғалған.

Елбасының аузымен прагматизм деген жақсы ұғым айтылды. Өліпби біздің тарихымызда үш рет ауыстырылды. Оны қазақты жақсы болсын деп ешкім ауыстырған жоқ. Тарихи жадынан адасып қалсын деп,

қасақана жасалған саяси іс болатын. XX ғасырды біз қазақ әдебиетінің алтын ғасыры деп айтып келдік. Қаншама классикалық дүниелер өмірге келді. Әдебиет дамыды. Кириллицамен жасалған әдебиетіміз латынға ауысқанда не болады? Осы жерде бізге прагматизм көмекке келеді. Яғни, ендігі 2025 жылға дейін де, одан кейін де біздің мектебіміз латын әліпбиіне көшкен кезде, меніңше, қазақ әдебиетінің қайталанбас мұрасы жасалған кириллицаны ұмытпай, қатар оқуы керек. Кейін біздің ұрпағымыз қайтып орала алмай қала ма деген қауіп болмас үшін. Прагматизмнің бір пайдасы осы.

Одан кейін кітап кино, мәдениеттің басқа да озық үлгілерін әлемдік бәсекеге шығару туралы сөз болды. Әуезов, Мүсірепов, Майлиндер әлемге еш қысылмастан еркін шығатын жазушылар. Кеңес кезінде сыйлық алған шығармалар ғана орыс тіліне аударылды. Оның өзінде Мәскеуде. Батыста мықты баспадан, мықты аудармашыдан шыққан дүниені құрметтейтінін ескеруіміз керек. Біздің классикамыз қайта аударуды, қайта насихаттауды қажет етеді. Осы мәселе бұған дейін назардан тыс қалып еді. Енді осы мақаладан кейін қазақ әдебиеті және оны шетелге насихаттау мәселесі дұрыс жолға қойылады деп ойлаймын. Бұл жалғыз Жазушылар одағы, жекелеген авторлар айналысатын жұмыс емес. Мемлекеттік маңызы бар, мемлекеттік бағдарламамен іске асуы тиіс шаруалар. Ұлттық сана ең алдымен әдебиетте сақталған. Бұл мақаланы мен осылай қабылдадым.

*Егемен Қазақстан, 2017 ж. 13 сәуір*

## ФОРМИРОВАНИЕ НОВОГО ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

*Георгий КАН*

член Научно-экспертного совета АНК,  
Халықаралық деңгейдегі білімнің басты ерекшелігі – күшті нарықтық бәсекеге қажет кадр даярлау болса, оның алғы шарты білім арқылы тәрбие берудің ішкі механизмін қалыптастыратын жүйе құру деген сөз. Сондықтан, дүниежүзілік тәлім-тәрбие берудің озық тәжірибелерін игермей ұлттық тәрбие идеясын толыққанды жүзеге асыра алмаймыз. Бүгінгі тарихи-психологиялық ахуал бізден осыны талап етіп отыр. Онсыз білім де, тәрбие де өз деңгейінде болмайды. Шын мәнінде, тәуелсіздік дегеніміздің өзі ұлттық мәдениеттің сақталуы және халыққа рухани қызмет ету әлеуеті емес пе?! Ол-ол ма, ұлттық бостандық ұғымының түпкі мазмұн-мағынасы да осыған саяды. Жастарды ойдағыдай тәрбиелеуге біздің мүмкіндігіміз бар. Өйткені, ол үшін батыс мәдениетімен, білімімен бәсекеге түсе алатындай XXI ғасырда рухы биік мәдениетіміз бен білімі әлеуетімізді қалыптастыруды қолға алу өте-мөте маңызды. Рухы мен мәдениеті биік, білімі терең деңгейдегі ұлт жаһандану деген алып мұхиттың үстінде өзінің келбетін жоғалтпайды. Ондай ұлттың да, мемлекеттің де болашағы жарқын. Президенттің «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасындағы идеямен қаруланған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұжымы Ұлттық тәрбие тұжырымдамасын жасады. Бүгінде біз университетте тәрбие мәселесін, оның ішінде ұлттық тәрбие проблемасына бірінші кезектеден қойып отырмыз. Өйткені, ұлттық тәрбие бастауларынан нәр алған мәдениетті, парасатты жастар оқу-білімді өзінің өмірлік мұратына айналдырып, жан-жақты ізденетіні, ғылыммен шұғылданатыны сөзсіз. Білім мен ғылым, шындығында, аса зор өндіргіш күш, зор байлық. Сондықтан, да әлемдік жаңа идеология білім күшіне сүйенеді. Сондай-ақ, қазіргі замандағы білім беру жүйесінің міндеті – қазіргі жастарымыздың білім алып қана қоймай, тәрбиелі, әдепті, ұлтжанды, зияткер болуын қамтамасыз ету.

Біздің университетіміздің білім мен тәрбиенің ажырамас бірлігін қамтамасыз ете алатын ежелден қалыптасқан классикалық дәстүрлері, ұлттық ерекшеліктері бар. Сондай-ақ, ол кең өрісті базалық және кәсіби мәдениетке негізделген. Университеттің педагогикалық әлеуеті болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін жетілдіру ісінде ғана емес, олардың

азаматтық жауапкершілігін, отаншылдық рухын, елдік, мемлекетшілдік сана мен ұлттық ар-ождан сияқты қасиеттерін тәрбиелеуде жинақтаған іс-тәжірибелері аса мол. Біздің университеттің еліміздің басқа жоғары оқу орындарынан басты ерекшелігі де осында.

«Ұлттық тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырудағы ең басты қажеттілік – жастардың рухани тәрбиесін жетілдіру дейтін болсақ, бұл бүгінгі күндегі ең өзекті мәселенің бірі саналады. Сондықтан, оқу үдерісіне «Ұлттық тәрбие» сабағы енгізіліп, ол жеке пән ретінде барлық мамандықтар бойынша оқытылуда. Бағдарламаның тиісті жұмыс істеуі үшін оған 4 кредит бөлініп, тиісінше оқу жоспарына енгізілді. Сонымен бірге, арнайы «Ұлттық тәрбие» кафедрасы ашылып, оған өз ісінің білгірлері саналатын білікті де тәжірибелі мамандар тартылып отыр. Осы бағыт бойынша мемлекеттік тілде оқулықтар мен оқу құралдары дайындалды. Келешекте «Ұлттық тәрбие» пәні ұлттық рухтың, тіл мен ділдің алтын қазығы саналатын балабақшадан бастап, жоғары оқу орнына дейінгі барлық деңгейдегі оқу орындарында кәсіби-базалық деңгейде оқытылатынына сеніміміз кәміл.

Қазір біздің бұл бастамамыз елімізде кеңінен қолдау тауып, жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбиені оқытуға ерекше ден қойылуда. Ұлы Абай мұралары да ұлттық құндылықтарға толы. Сондай-ақ, халықтың шешен-билерінің, ақындарының, күйшілерінің мұралары да рухани байлығымыздың қайнар көзі. Біз оларды мектепте де, жоғары оқу орындарында да мына өзгермелі заманға лайықтап оқытып, ұрпақ игілігіне айналдыруымыз керек. Ал білім беру саласы да үнемі ұлттық сипатпен байытылып отырса нұр үстіне – нұр.

Міне, бұл да болса Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінен туындайтын ұлттық сананы қалыптастыру туралы міндетті жүзеге асыруға бастайтын сара жолдардың бірі.

Елбасы ұсынып отырған екінші жоба – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Осы жоба бойынша тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану сияқты гуманитарлық бағыттар бойынша әлемдегі жақсы 100 оқулық әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударылып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалады. Тіпті, 2018–2019 оқу жылының өзінде студенттер осы оқулықтармен оқытыла бастайтыны бізді қуантуда.

«100 оқулық» бағдарламасы бойынша жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім беретін болсақ, мұның өзі білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлауға қол жеткізіледі. Жіктеп айтар болсақ, әлем елдерінің ең таңдаулы оқулығын оқыту арқылы студенттеріміздің дүниетанымы кеңейіп, жаһандық өркениеттен хабары арта түсетіні сөзсіз.

Елбасы ұсынған үшінші міндет: «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру. Біз отбасында, бала бақшада, мектеп пен жоғары оқу орындарында жастарымыздың бойында туған жерге деген сүйіспеншілікті сіңіре отырып тәрбиелесек күні ертең олар туған елін де, отанын да қадірлеп, қастерлейтін жанашыр ұрпақ болып қалыптасары сөзсіз. «Туған жер» бағдарламасы жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеуге бағытталған өміршең құжат болып табылады. Сондықтан, мектеп те, жоғары оқу орындары да алдағы уақытта осы құжатты жүзеге асыруға жұмылуы тиіс.

Қысқасы, Елбасының ұсыныстары мен кеңестері Қазақстанның үшінші жаңғыруы кезеңінде халқымыздың ұлттық сана-сезімін биік деңгейге көтеру арқылы Мәңгілік Елдің мәңгілік ұрпақтарын тәрбиелеп қалыптастыру ниетінен туындаған жанашырлықтың айғағы деуге болады.

Бүгінде біздің университетімізде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбындағы бағдарламалық мақаласын профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер арасында талқылау, түсіндіру және насихаттау бағытында ауқымды іс-шаралар жүргізілуде. Алғашқы күннің өзінде «Рухани жаңғыру – Қазақстан дамуының негізі» тақырыбында жалпы университеттік дөңгелек үстел өткізіліп, белгілі саясаттанушы ғалымдар өз ойларын ортаға салса, онан бері университет құрамындағы барлық институттар Елбасының бұл еңбегі бойынша ашық дәрістер өткізуде. Айталық, «Филология және көптілді білім беру» институты өткізген «Рухани жаңғыру: қоғам, білім және ғылым» тақырыбындағы симпозиумға өз еліміздің белгілі ғалымдары мен шетелдік ғалымдар да біздің Елбасымыздың жаңа еңбегін жан-жақты талқылап, оған жоғары баға берді. Мұндай игілікті іс-шаралар үнемі жалғасын табатын болады.

*Егемен Қазақстан, 2017 ж. 24 сәуір*

## ЕЛДІКТІҢ ЕРЕН СӨЗІ

**Нұрлан ОРАЗАЛИН**

Қазақстан Жазушылар одағы  
басқармасының төрағасы

Ел ертеңі мен ұлт болашағы туралы бағдарлы сөз айтылды. Тарихын мыңдаған жылдардың қойнауынан алатын, Алтай мен Атырау, Қыр мен Сыр, Алатау мен Қаратау арасын жайлаған қара орман қазақ жұртының рухына қанат бітірер осынау Елбасы аузымен айтылған тағылымы мол, танымы терең тарихи құжаттың жалпыхалықтық қолдауға ие болғанын жан жүрегімізбен сезініп отырмыз.

Біріншіден...

Сөз жоқ, құжат төркінінде жатқан ұлт ертеңі мен ұрпақ тағдырын анықтап, айқындар тарихи қажеттіліктердің мейлінше жүйеленіп, жіктеліп, барынша батыл әрі батыр айтылуы; әлемде қалыптасып отырған күрделі геосаяси ахуалдарды таразы-талқыға сала отырып, содан шығу мен ұрынбай өтудің күнгейлі, көлеңкелі тұстарын жан-жақты ескере отырып айтылуы аталмыш құжаттың тарихи мәнін салмақтандыра түскен.

Екіншіден...

Мақала үлгісінде жазылған баяны таза, бағдары кең, ойға қонымды, өрісі мен өркені қатар өрілген бағдарлы құжаттың ұлт тағдырына қатысты ұстанымдар мен ұсыныстарды, әсіре теорияшылдықтың қорығына қамамай, кез келген парасатты пендені бейтарап қалдырмайтындай, ойын қозғап, жүрегін тербейтіндей үлгіде өрілуі миллионсанды алып аудиторияға жол табу мүмкіндігін қамтамасыз еткен.

Соның нәтижесінде жаңа дәуір ұсынар күрделі рухани қиындықтар мен іргелі саяси, экономикалық проблемаларды шешудің жолдары сараланып, нақтыланып, қазақстандық жаңғырудың үшінші кезеңінің алтын арқауы – рухани жаңғыру деген қоғам дамуының жаңа тұрпатты тұжырымдамасы өмірге келген.

Айтулы тұжырымдама нақты өмір, қоғам, заман ұсынар қилы-қиын «тар жол, тайғақ кешулерден» өту мен жаһандану кезеңіндегі ақыл

мен ойға, айла мен әдіске құрық салдыра бермес әлемдік аласапыран дүмпулерді ырықтаудың, алдын алудың, ұлт ретінде жойылып кетпеудің қамын қарастыруға, жаңа ғасыр алааманының алдынан көрінер ойлы, парасатты күрескер ұрпақ тәрбиелеуге бағыт сілтейді.

Шындап келгенде, бұл – бір күннің, бір айдың, бір жылдың жемісі емес, тәуелсіздік дәуірі тарих аренасына шыққалы ұлт пен ұрпақ санасына тыным бермей келе жатқан жаһандану жағдайындағы «қорғану» мен «сақтанудың» жолын іздеудің жарқын нышаны. Бұл – Қазақстан секілді екі құрлықты тең жайлап, екі түрлі мәдениет пен екі талайлы тағдырлар тайталасын басынан көп өткерген, өркениеттер додасына да аз ілікпеген көп ұлтты, көп конфессиялы көне жұрттың тізгінін ұстаған басшының «сегіз өлшеп, бір пішудің» нәтижесінде жеткен тарихи тоқтамы. Ұлт тағдырын толғап барып, батыс пен шығыстан, солтүстік пен түстіктен көз қадаған алпауыт мүдделерге байсалды, байыпты жауап беруге негізделген тамырында «ұлттық рух» пен «рухани жаңғыру» атты қос ұғымның ыстығы атқақтап жатқан осынау бір деммен оқылатын, оқылып қана қоймай, ойлы оқырманның сана-көзін желпіп, күдік пен күмәннің соқпақ-сүрлеуін тазалап өтер аталмыш мақаланың, дәлірек айтқанда, ұлт дамуына бағыт сілтер бағдаршам құжаттың халықтың көңілінен шығып, ойы мен санасын дөп басуы, қоғам тамырының соғысын дәл ұстап, миллионсанды алып аудиторияның жүрегіне жол табуы – соның белгісі.

Халық танып, мойындаған, қолдаған жаңалық атаулының өмір жасы қашанда ұзақ болары күмәнсіз.

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағыты мен бағдары өзгеше, өрісі кең, тынысы ашық, ұстанымы берік, ұстыны бөлек жаңа күретамыр бағдарламасы – ұлттық мемлекетіміздің дамуына, еліміздің уақыт, замана талаптарына сай өркендеуіне ықпал етер іргелі, тарихи құжат.

Адамзат дамуының қазіргідей аса күрделі кезеңінде уақыт кесе көлденең тартып отырған «күрмеуі қиын күрделі» мәселелерді оң шешу ауадай қажет. «Рухани жаңғыру» міндетін атқару – ұрпаққа сын. Оны ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмылудың арқасында ғана жүзеге асыруға болады. «Береке түбі – бірлік» деген халықпыз. Елбасы әлемдік дамудың жаңа сипатты өзгерістері мен жойқын дүмпулерін

бастан өткеріп отырған қатерлі де қауіпті кезеңде ұлттық мүдделерді қызғыштай қоруға ашық шақырады.

Жаһандандудың «жан алысып, жан берісер» кезеңі келді. Күні кеше ғана жалпы саны алты миллиардқа жетер-жетпес адамзат баласы «қамшының сабындай қысқа мерзім ішінде – он жылдың ар жақ, бер жағы аралығында жеті миллиардтан асып жығылды. Осыдан тұп-тура он жыл бұрын (27.05.2007 жылы) жазылған мына бір өлеңім еріксіз есіме түсіп отыр.

«Түсінемін, түсінем...

Алты миллиард адамзаттың ішінен

дарындылар оза шауып ісімен,

жалындылар көрінеді күшімен.

Шешілмеген кешегі

Жұмбақ сырды бүгінгілер

шешеді...

Алымдылар уақытпен алысып,

шалымдылар жібермейді есені.

Өр тірегі – өлі шың...

Жер тірегі – үйлесім мен келісім.

Мұңсыздардың Айы туып

оңынан,

қырсыздардың кезеді үні ел

ішін...» – деген жолдар дәуір сауалдарына

жауап іздеуден туған еді... Жә! Иргелі дәуірдің күрделі жауабын біз жыр тілінде осылай іздесек, Алаш жұртының арда туған көшбасы көсемі осынау күрделі сауалдың жауабын ел тізгінін ұстағалы «түн ұйқысын төрт бөліп», көнеден қалған көк түрік бабаларының ел басқару үлгісін қайыра жаңғыртып, жанұшыра іздеумен келе жатқанын аңғарамыз... Өз басым сондай ойдың қуатты жұлқынысы мен мақсатмұраттың пәрменді бұлқынысын сан мәрте жүрегімен сезінген адаммын.

Тәуелсіздіктің елең-алаң кезеңі...

«Егемен Қазақстан» газетін басқарған кезімде Нұрсұлтан Әбішұлымен арнайы жолығып, неше дүркін сұхбат жүргізгенім бар. «Арқа еті – арша» болған жұрттың алдынан «не ел болып қалу, не

бордай болып тозу?» дейтін ұлы сауалдың кес-кестеп тұрған тұсы... Көзінде халық тағдыры мен ел ертеңін ойлаған мұң мен қайрат, қажыр мен намыс қатар өрілген тәуелсіз ел басшысының ұлт, ұрпақ қамын тереңнен толғап айтқан әр сөзі менің жадымда. Экономикасы қираған, идеологиясы күйреген, уақыт дейтін қатал, қатыгез сыншы жүрек пен жанды аяусыз түйреген тоқсаныншы жылдар... «Без правых и левых» деген ұранды ту етіп көтеріп, өз елінде өзі қазақ атануға кіріптар күйге түскен елдің еңсесін тіктеп, негізгі ұлттың саны қырық пайыздан аспайтын кеңістікте ұлттық мемлекет дейтін басты ұғымды конституциялық жолмен бекітуге орасан күш салған күрескер тұлғаның: «Әуелі елдің қарнын тойдыру қажет; шекарамызды шегендеп, елдік тұтастығымызды әлем мойын дауы керек!» дегені есімізде. «Уақыт жүктеген аманат бар... Соны біздің ұрпақ көтеруі тиіс»... деп әруақтана сілкініп: «Мені елдің ертеңі мазалайды...» деп ойға батқан тұстарының сан куәсі болып едік...

Шегарасы шегенделіп, әлемнің төрт түк пірі тегіс танып, түгел мойындаған Қазақстан жаңа дәуір кеңістігіне еркін аттап отырған тұста Елбасы Қазақстан жаңғыруының үшінші кезеңіне өткенін жалпақ жаһанға жария етті.

Рухани жаңғыру – сол үшінші кезеңнің ең басты құжаты! Бейнелі тілмен айтар болсақ, Ұлттың паспорты!

Құжат жаһандану жағдайында ұлттық сананы сақтау мен өрістетудің нақты жолдарын ұсынды. Елбасы Қазақстанның мемлекет ретінде басып өткен жолын жан-жақты елекке сала отырып, әлемнің арғы-бергі дәуірлерінде өмір сүрген үлкенді-кішілі елдердің тағдырларын ой талқысына салды. Қалыптасып отырған әлемдік бәсекелестік кезеңінде ұлт мәңгілігін қамтамасыз етер, өмір сүруге барынша бейім ұрпақ өсіріп, күрескер ұлт тәрбиелеудің қажеттілігіне айрықша тоқталды.

Елбасы айтқан ұрпақ пен ұлт дейтін проблема төркінінде сананы уақыт талабына сай бейімдеу, сондай-ақ уақытты өз кезегінде рухани жаңғырудың сүзгісінен өткен ұрпақ пен ұлт ыңғайына бағындыру дейтін аса маңызды ұлт үшін қажет мемлекеттік мәселенің жатқаны анық. Бұл, сайып келгенде, ел ертеңі мен мәңгілігін қамтамасыз етер тарихи қажеттілік. «Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз



бен дүние-танымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемдеу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек» деген Қазақ Президентінің ұстанымы осы айтқанымыздың айғағы.

Сіз бен біз осы күндерде әр сөйлемі мен әр бабына айрықша тоқтап, жаратылысы мен табиғатына тереңдеуге ұмтылып отырған тарихи құжат – уақыттың сыны мен сорабынан өткен, өзінің демократиялық-құқықтық қоғам орнату принципіне адалдығын әлем алдында дәлелдеген тәуелсіз елдің еңсесін тіктеген үстіне тіктей түсуіне негіз болар халық күткен құжат!

Қазақтың елі де, жері де тарихтың тағдырлы кезеңдерін басынан аз өткерген жоқ.

Өз өткенін таразылай білер бүгінгі тәлімді ұрпақ осынау тағдыршешті кезеңде өмірге келген тағдыршешті құжатты бар болмысымен, жан дүниесімен қабылдап, қолдау көрсетуде. Жер-жерде, ауыл-ауылда, оқу орындары мен мекемелерде, бір сөзбен айтқанда, Ұлы Дала дейтін алып кеңістіктің қойнау-қолтығында жүрек қалауымен өтіп жатқан талқылаулар халықтың көтеріңкі көңіл ауанын, қанатты көзқарасын анық танытуда. Рухты ояту мен сілку жиындары Елбасы айтып отырған «өзгеруге», «ұлт болып жаңғыруға» апарары шүбәсіз...

Өйткені...

Бүгінгі Қазақстан – соңғы ширек ғасыр бойына сол тарихи сілкініске түбегейлі дайындық жасаған, әлемнің түкпір-түкпірімен еркін интергациялық байланысқа шығу арқылы өзін бірегей ұлт болуға әзірлеген ел.

Біз тіл, діл, дін, ел, жер секілді киелі де қасиетті ұғымдарды, анық танып, әділ бағалау жолын таңдаған елміз. Бүгінгі Қазақстан кім көрінгеннің жетегіне көзсіз еріп жүре беретін «боркемік», «босбел беу» кеңістік емес.

Біз – Қазақстан тағдырын өз тағдыры деп ұғар, оңы-солын толық таразылаған ұрпақпыз.

Біз – еліктеу мен солықтаудың қаншама қатерлі екенін жан-жүрегімен сезінген, Қазақстан Президентінің сөзімен айтқанда, «XX ғасыр-

дағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сырын» жан дүниесімен ұғынған ұрпақпыз.

Жасыратыны жоқ, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде дамудың жаңа жолына түскен жас мемлекет ретінде алыс-жақынмен тығыз қарым-қатынас орнату мақсатында есік-тереземіз ашық болды. Жаһандандудың жойқын көші керектіні де, керексізді де алып келді. Сан алуан ағыстар мен сан қилы қағыстарға төтеп беру қиынға түсті. Ұлттық жадымыз бен жан дүниемізге қайшы келетін келеңсіздіктер өрімізге де, төрімізге де еркін еніп кетті...

Міне, осындай келеңсіз жағдайларға табандап қарсы тұратын бірден-бір қуатты күш – Назарбаев айтқан «Ұлттың рухани коды»!

«Ұлттың рухани коды» дегеніміз не?

Ол – сан ғасырлық тарихи тамырларымыз, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан атамұра өнеріміз, өзге елден ерекшелеп тұратын дәстүр-салтымыз, әдет-ғұрпымыз, тілдік ерекшелігіміз, діни ұстанымымыз, білімғылымымыз, қоршаған ортамыз, қыл аяғы ошағымыз, отымыздың басы!..

Біз ұлт кодын сақтай отырып, қоғамды дамытуға, уақыт талабына сай бағыттауға жұмылдыру қайталап айтамыз, бірегей ұлтты қалыптастырудың үлгісі деп ұғамыз. Елбасы ұсынып отырған сан салалы, сан сипатты даму мен өрістеудің жолдары мен міндеттері осынау Ұлы Дала төсіндегі жаңа тұрпатты Қазақ елінің бүгінгі баянын бекітіп, ертеңгі болашағын анықтауға жол ашары анық. Ұлттық сананы дамудың жаңа сатысына көтеріп, өркендеудің жаңа кеңістігіне алып шығар бәсекелік қабілет пен прагматизмді, ұлттық бірегейлікті сақтау мен білімнің салтанат құруын, елдің эволюциялық дамуы мен сананың ашықтығын қамтамасыз етер ел Президенті белгілеген таяу жылдардың алты міндеті мен өмір сүру қабілетімізді шыңдар құжаттағы алты жоба – тамырын тереңнен тартар, өз ертеңін өзі өрнектер, өз тағдырын өзі қашап, өз бейнесін өзі сомдай білер Ұлы Дала мемлекетін Мәңгілікке бағыттар сара жол!

Сонымен...

Президент сөзімен айтқанда: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезов тің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының

күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. ...

Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын: Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды; екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек!»

Елбасы шегелеп айтты!

Үкіметке, тиісті құзырлы мекемелерге, қоғамдық ұйымдарға нақты тапсырмалар берілді. Енді арқаны кеңге салуға уақыт тар.

Қайталап айтамыз, қара орман жұрттың, қалың зиялы қауымның күткен әңгімесі айтылды. Елбасы аузымен ел жүрегіне қонақтардай тұмарлы дәуірдің тұғырлы сөзі айтылды. Тағылымы бөлек, табиғаты таза елдіктің ерен сөзі айтылды.

Ендігі міндет – соны орындау. Уақыт ұсынар ауыр жүкті жұмыла көтеріп, жүзеге асыру.

Алаш қозғалысының жүзжылдығы тұсында Алаш елінің көсегесін көгертуді, Қазақстан есімді ұлы жұртымызды уақыттың алмағайып мінезді аласапыранынан алып өтуді мұрат еткен ұлттық тұтастыққа бастар рухани жаңғырудың ұлы көшіне табыс тілеу – бәрімізге парыз. Аламанның алдынан көрініп, көш салмағын иыққа артып, жүрекпен көтеру, санамен қозғау – бәріміздің ортақ міндетіміз...

Шүкіршілік!

Ұлт зиялылары мен сергек ойлы жаңа, жас ұрпақ өкілдерінің сөзі де, ойы да бір арнадан табысуда!

Жалпыхалықтық пікір алмасулар – соның айқын дәлелі. Халық талқысына түсіп отырған айтулы құжаттың ел тағдырына жауап берер бірінші тұлғаның аузымен айтылып, Елбасы ойының миллионсанды алып аудиторияның ойымен тамырласа қабысуы, бір арнадан табысуы – ұлттың игілігі!

Бұл, сөз жоқ, ұлттың жеңісі!

Бұл, сөз жоқ, Тәуелсіз Қазақ елінің жеңісі!

Халық қанаттанса, құдіретті күшке айналары хақ.

*Егемен Қазақстан, 2017 ж. 26 сәуір*

## ДІНДАРЛЫҚ ЖӘНЕ ИМАНДЫЛЫҚ

**Амангелді АЙТАЛЫ**

философия ғылымдарының докторы,  
профессор

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жаһанданудың қайшылықтары мен оңтайлы тұстарына бейімделе отырып, қоғамның рухани қасиеттерінің тағдыры төңірегінде ой толғайды.

*«Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады, – дейді Н. Назарбаев, – жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодын да сақтай білу».* Код сөзі көп мағыналы. Ұлттың рухани коды дегеніміз – ұлтты ұлт ететін құндылықтар. Қазақтың рухани коды қазақы ислам мен ұлтымызға тән әдет-ғұрып, дәстүрлердің үйлесуінде. Діннен айырылған ұлт дүбәра, ұлттық бейнесінен, рухани тұлғасынан айырылады. Ал дін ұлттық идеядан, салт-дәстүрден күш-қуат табады.

Исламға негізделген ұлттық дәстүр ықпалды идеологиялық құбылыс, тәрбиелік қызмет атқарады, ұлттың байырғы ата-баба негізіне орнығуына, түп-тамырының жандануына, өзін өзі тануына жол ашады. Өкініштісі, осы байланыс отарлау заманында әлсіреді.

Социализмнің ыдырауы барлық діндерге жол ашты. Ал адамдардың дінге оралуы, дінді қабылдауы, діндарлығының қалыптасуы мен орнығуы барлық посткеңестік кеңістікте өте күрделі болды.

Діндар дегенді қалай түсінуге болады? «Алладан басқа (тәңір) жоқ, Мұхаммед оның елшісі» – мүбәрак қағиданы тілімен айтып, көңілімен бекіткен адам ислам дінін ұстанған саналады.

Діндарлықты жеке адам мен әлеуметтік топтың санасының, мінез-құлқының, адамдармен қарым-қатынасының дін тұрғысынан қасиеттері деуге болар. Діндарлықтың басты белгісі – діни сенім, барлық іс-амалды дін тұрғысынан бағалау. Діндарлықтың бір жағы Жаратушыға жеке-дара құлшылық ету болса, екінші жағы құлшылықтан тыс амалдар: діни бірлестіктер мен мемлекет қарым-қатынасы, ғылыми

ізденістер, конфессияаралық диалог, миссионерлік қызмет, діни оқу орындарының қызметі, діни кітаптар шығару, тағы басқа қызметтер.

Адамдардың жынысына, жасына, біліміне, өмір сүретін ортасына байланысты дінге көзқарас біркелкі емес. Ер адамдар мен әйелдердің діндарлығы, ішкі жан дүниесі ерекше. Әйелдер, мысалы, ерлерге қарағанда дінді өте нәзік сезіммен қабылдайды, әйел адам азапты, мекнатты басынан көп кешіреді: бала көтеру, босану, бала тәрбиесінде де ананың орны бөлек. Басына үрей, жалғыздық, ренжу, қайғы түскен әйел жұбаныш, үмітті, көңіл тыныштығын құдайға сенуден табады. Адамның қартаюы терең де күрделі кезең, сонымен бірге, ол табиғи жағдай. Кәрілік пен жалғыздық, мүгедектік, әлеуметтік мәртебесінің төмендеуімен сый-құрметтің азаюы, дәрменсіздік пен қатарларының сиреуі, өлімнің жақындауы адамның жан дүниесіне үлкен әсер етіп, діндарлыққа икемдейді, өкіну сезімін де тудырады. Ғалымдар «зейнеткерлік діндарлық» деген топты әдейі бөліп айтады.

Жасанды діндарлық көріністері де баршылық. Ысырапшылдық, әртүрлі киім киіп, сырт бейнесімен мұсылман болып көріну (сақал, орамал, қысқа шалбар), бөлектену, өзін зор мұсылман, басқаларды кем санап өркөкіректік таныту, уақытша неке, көп әйел алу сияқты жат қылықтар мұсылман боламын деген еліктеуден туған. Жасанды діндарлықтың қауіпті түрі – діни өшпенділікті, алауыздықты, зорлық-зомбылықты қоздыратын көзқарас. Ол адамдардың өміріне, денсаулығына, таза дін жолын ұстануына, жеке бостандығына қауіп төндіреді.

Діндарлықтың өлшемдері көп. «Мешітке бару шынайы діндарлықтың белгісі бола алмайды», дейді бірқатар ғалымдар. Айталық, мешіті жоқ алыстағы ауылда тұратын, бес уақыт намазын қаза етпейтін, оразасын ұстайтын, қайырымдылық жасайтын, білгенінше Құран аяттарын оқитын, немерелерін тәрбиелейтін ата мен әжені, ана мен әкені діндар емес деу орынсыз. Халықтың діндарлығы статистикалық деректермен де, діндегілердің санымен де, мешіт пен шіркеулердің көбеюімен де өлшенбейді.

Діндарлық пен имандылық ұғымдары кейде бір-біріне мазмұндас, мағыналас болғанымен, түпкі мәндері үйлесе бермейді. «Ислам» энциклопедиялық анықтамалығында «имандылық – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі бір қалыпқа

түсіретін ішкі рухани реттеуші қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі» делінеді. Имандылықтың өз шарттары мен талаптары бар, ол иманнан, Алла Тағаланың өсиетіне және оның елшісі Мұхаммед Пайғамбардың айтқандарына сену, имандылық, мұсылманшылық шарттарын байланыстыра қарастыру. Діндар адамдардың барлығы иманды емес, бірақ иманды адамдардың барлығы діндар. Діндар адам іздену нәтижесінде барып имандылыққа қол жеткізеді. Өмірде адам талай азғырып әкететін өзәзілдің күштерінен, арбап-алдаудан, күнәдан, шарықтап өсу мен жеңілуден, өмірдің қатал сынынан өтеді. Осы қайғылы да қуанышты кезеңдерінде биік адамгершілікте болу, имандылықты сақтау зайырлы қоғамда жоғары діндарлықтың жалпы өлшемі болады.

Сенім – адамның барлығына тән қасиет, бірақ сенімнің түпқазығы неде? Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табыста жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет», дейді. Барлық әлемдік діндерге ортақ, кемел болуға тәрбиелейтін, қазақтың рухани кодына сіңген, діндарлықтың біраз алтын қағидаларына назар аударалық. Кез келген діннің негізгі адамгершілік қағидасының бірі – адам өмірінің баға жетпес құндылығы: «Бейкүнә адамды өлтіруші болма!». Бұл – барлық діннің өсиеті.

Діни өсиеттерде мынадай бір уағыз айтылады. Өмірі қастандықпен үзілген адамды күнәлары үшін сазайын тартты деп есептеуге болар. Оның зорлықпен өмірден кетуі орынды дейтіндер табылар. Бірақ, бұл мәселенің екінші жағы бар. Егер, тіпті, сол адам өмірден қиянаты үшін өлсе де, оның өтелмеген күнәсын ұрпақтары өтейді. Кісі өлтіруші де бір отбасының, түгел әулеттің тағдырына араласып қойған жоқ, сондай-ақ, өзіне, өз әулетіне, тегіне зиян келтірді. Ұрпақтары да оның қылмысына жауап береді. Ғалымдар адамның ДНҚ-сында оның ауруға бейімділігі туралы ақпарат сақталады дейді. Тіпті, ата-бабаларының адам өлтіруге бейімдігі сақталуы мүмкін. Ал адам өлтірмеген адамның ұрпағында ондай із қалмайды. Сондықтан, кісі өлтіру жерде зұлымдықты көбейтеді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV съезі «дін және әйел», «дін және отбасы» туралы мәселені талқылады. Қай дін де

отбасын мейірімнің, махаббаттың ұясы деп қарайды. Отбасының бүгіні мен келешегі адамзатты ойландырып отыр. XXI ғасырдың басында бір мың адамға есептегенде АҚШ-та – 4,7, Украинада – 4,0, Ресейде – 4,5, Эстонияда – 3,1, Финляндияда – 2,9, Қазақстанда – 2,7, Өзбекстанда – 0,8, Өзербайжанда – 0,7, Тәжікстанда 0,4 неке бұзылады. Еуропада балалардың 30 пайызы некеге тұрмағандардан туады. Ажырасудың салдарынан соншалықты баланы жалғызбасты ата-аналар тәрбиелейді. Статистика бойынша АҚШ-та балалардың тек 50 пайызының не әкесі, не анасы бар. Әйелдер құқының кеңеюі отбасына ананың, әйелдің қоғамдағы орнына көзқарасты өзгертті. Бала туудың азаюы ел халқының азаюына, қартаюына соқтырды. Аға ұрпаққа деген құрмет азаяды. Жалғызбастылар көбейеді. Дін отбасылық мәселелерге және ұрпақтардың жаңару мәселесіне атүсті қарай алмайды. Қазақстанда некесіз туған балалардың саны 80 мыңға жетті. Жасанды түсік жасау 150 мыңнан 400 мыңға өскен. 182 700 қыз отыздан асса да әлі тұрмыс құрмаған.

«Зинақорлықтан аулақ болыңыздар!». Зинақорлық – адам өлтіруден кейінгі ауыр қылмыс. Адамдар «махаббат формуласын» іздеп таба алмауда. Егер мінездері ұқсас адамдар некелессе, бақытты болады дейді. Енді біреулер, антиподтар, мінездері қарама-қарсылар некелессе, бір-бірін толықтырады дейді. Қалай болғанда да, некеде адамдар жағымды қасиеттер табуға тырысады. Ең бастысы, ұрпақ жалғасады. Ең қызығы, бала көп болған сайын бабаларымыздың күнәсы бөлініп жеңіл өтеледі, жағымсыз құбылыстар аз болады. «Зинақорлық жасама!» дегенде тек жасырын, не ашық ашыналық әрекеттер, шытырман оқиғалар меңзеліп отырған жоқ. Мәселеге кеңірек қарау жөн. Өмірге келген ұрпақ әке мен ананың тектерінің қосылуынан болғандықтан, екі тектің таза сақталғаны оның әлеуетін арттырады.

Зинақорлықтан сақтану бізді ерекше жауапкершілік туралы, жақын көңілдестің салдарынан ойлануды ескертеді. Өз тағдырың – өз тегіңнің тағдыры, адамзат тағдыры туралы ойлан, дейді абыздар.

Еркек пен әйелді табыстырған махаббат қайда кетті? Абзалы ата-бабасының зинақорлықтан сақтану деген өсиетін бұзғанынан, шынайы махаббатқа бейімді болмағанынан. Махаббатпен өмірге келген ұрпақ бақытты, тек анасы мен әкесі үшін ғана емес, тегі үшін,

адамзат үшін. Махаббатпен өмірге келген ұрпақ әкесі мен анасының махаббатын алу аясында тәрбиеленуі керек.

Қолың таза болсын, ұрлық қылма! Тумысымыздан біз әртүрлі жағдайдамыз. Біреу бай, біреу жарлы отбасында туады, өмірде әртүрлі жағдайда қалыптасып жетіледі. Біреу игіліктерге, дүние-мүлікке қол жеткізеді, біреу барлығын үнемдеп, бір тиын шығын жасамайды. Осылай байлықтың да, кедейліктің де «тестісінен» өтеміз. Бүгін ақшаның жүрмейтін жері жоқ. Ақша материалдық игілік қана емес, ол өмірдің қуаты, тірегі. Ақшаң болмаса, азығың да жоқ, азығың болмаса, күш-қуатың да жоқ. Тонаушының қолына түссе, әркім де барынан айырылып, бейшара болып қалады. Тонаушы өміріңізді алмағанымен, өміріңізді қиындатады. Ұры тонаушы да сенің өміріңе, тағдырыңа араласады, бәлені, бақытсыздықты көбейтеді. Бірақ ұры қастандықты біріншіден өзіне жасайды. Әрине, мұқтаждық ұрлыққа да итермелер, бірақ оны ақтауға бола ма!? Кедейлік, мұқтаждық та тазалыққа сын. Егер ол сыннан өтпесе, еті үйреніп, қанға сіңіп, ұрпақтарына да жұғар. Егер адам қызғанбай, ызаланбай, қажымай, кедейлікті сабырлы қабылдаса, ұрпағы да таза болады.

«Ұрлық қылма» деген өсиетті орындау біздің дүниеге, ақша деген көзқарасымызға байланысты. Ақшаға тәуелділік бірте-бірте оның құлы етуі мүмкін. Мұқтаждық, кемтарлықпен адамның ақшаның ықпалына икемделуі не икемделмеуі тексерімді сыналады.

Бүгін ақшаның беделі өсіп тұрған заман. Жеке адамның беделі, мәртебесі ақшасымен өлшенетін болды. Ақшаң болмаса, тіпті өмірің де құнсыз, емделе алмайсың. Адамдардың қарым-қатынасы да ақшаға байланысты. Бай-байға, сай-сайға құйып жатыр. Жаңа байыған біздің байлар жақын-жуығымен емес, өзі сияқты байлармен араласады. Ақшамен тіпті құдаймен сыбайласам деп, мешіт салады. Мешіт – құдай үйі, салған екенсің, мемлекеттің тіркеуінен өт десе, өтпейтіндер болған.

«Ұрлық қылма» деген өсиетті тек тікелей қалтаға түсіретіндерге байланысты айтпаймыз. Ол салықтан жалтаратындар, тендерден ұтатындар, ол халықты қанап, еңбекақысын аз төлеп, өзіне көп табыс табуға тырысатындар, жетімнің байлығын жейтіндер, табиғи байлықты сатып байып жатқан азаматтар, бір сөзбен айтқанда, өз игілігін ұрлық, қулықпен табатындар, алдауға төселгендер.



Біреулер әртүрлі жолмен байып жатқанда әлемде аш және жоқ-жітік адамдар азаймай отыр. БҰҰ мәліметтері бойынша, 700 миллион бала мен жасөспірім кедейшілік жағдайында өмір сүруде. Тағы 150 миллионы – тастанды балалар. Мектептердің болмауынан 100 миллион баланың білім алуға мүмкіндігі жоқ. 10 миллионы дәрі-дәрмек жетімсіздігінен зардап шегуде. Әлеуметтік қолайсыздық, ал одан кейін қылмыс, әлеуметтік дүрдараздық, терроризм мен экстремизмнің бастапқы ортасы да, міне, осы.

10 миллион дерлік бала жыл сайын бес жасқа жетпестен, оның үстіне емдеуге болатын аурулардан шетінеп жатады. Адамзатқа жаза секілді жаңа эпидемиялар пайда болуда, оның алдында ғылым әзірге әлсіз болып тұр. Кедейлер мен байлардың арасындағы алшақтық геометриялық прогрессиямен ұлғайып барады. Осындай кезде миллиардтан астам адам күніне 1 доллардан аз қаржыға тірлік кешуде.

Саясаткерлер көбіне қақтығыстарды діни себептермен байланыстырады, негізі бұл – жеңіл түсінік. Діндер мен ұлттар арасындағы жанжалдар мен қарама-қайшылықтар делініп жүргендердің көбі мемлекет пен экономикалық топтар арасындағы, нақты саясаткерлер арасындағы жанжалдар болып келетіндігіне әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері баса назар аударды.

Жалған куәгер бола ма? Сөз – құдірет, сөз арқылы біз адам, қоғам, уақиғалар туралы мәлімет аламыз. Біз бір кезде болған уақиғалар туралы жалған айтсақ, оның салдары бүгінгі мен ертеңгіге өзінің зиянды ықпалын тигізеді. Біз өткенге ғана қиянат жасамаймыз, сонымен бірге, бүгінгі мен ертеңгіні бұрмалаймыз. Алдыңғы өсиеттер сияқты жасалған сөз арқылы адамдардың, тіпті адамзаттың тағдырына араласамыз. Сонымен бірге, «ант-су ішпе» деген өсиет тағы бар. Әсіресе, ертеңгі күн туралы кесіп-пішіп айтпа, «Бақыттымын» деме, «Бүгін осы сәтте бақыттымын» де, ертеңгі күн болашақтың, тағдырдың қолында. Сондай-ақ, адамға қысым жасап, мәжбүрлеп уәде алуға болмайды. «Сен қазақсың, сондықтан мұсылман болуың керек» дегеннен гөрі, «сен мұсылман болғандықтан өзіңнің тегінді, ұлтыңды сыйлайсың» деу орынды, адамның жүрегіне жол тауып икемдеу жөн.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезінде Н. Назарбаев «барлық ұлы рухани ұстаздар өркөкіректіктің, бәрін де

білемін деген өзінен басқаны менсінбейтін менменшілдіктің айрықша қауіптілігі туралы айтқанын» еске салды.

Өке мен ананы құрметтеу. Ата-ананы құрметтемеу неден туады? Мүмкін, шамадан тыс талап, әділетсіздік, болмаса бала жағдайына бей-жай қараудан болар. Дегенмен, бұл ниетті орындамау өзімізге өзіміз ор қазумен, өзіне өзі қол салумен бірдей. Өзімен туыс емес адамдармен ренжісу, ашу-ыза алмасумен, өзара араздасумен шектеледі. Ал қандас адамдардың бір-бірімен араздасуы екі жақтың да бойындағы қанның қуатын бүлдіріп, олардың тегіне әсер етеді, оның зардабы бірнеше еселенеді. «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деп қазақтың айтатыны осыдан. Егер ата-ананы сыйламау ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бұл тұқым қуса, сол әулеттің табиғаты бұзылып, тұқымы азғындайды. Бұл қудалау бүгін біз «өркениетті ұлттар» деп атайтын еуропалықтардың басында бар. Демек, ата-ананы сыйлау – жай ғана сыйластықтың, өнегелі тәрбиенің белгісі ғана емес, адам эволюциясының, әлем дамуының бағытын білдіретін шарт, заңдылық.

Әдетте адамға табиғаттан сақтану түйсігі берілген дейді. Олай болса, біз неге өзімізге өзіміз зиян келтіреміз. Ата мен ананы құрметтеу түйсігі қайда кетті?

Басты себеп – біз, адамдар, әлі де Алланы да, адамды да сүюді білмейміз. «Соғыс майданында атеистер жоқ» деген сөз бар. Жаныңа қауіп төнгенде Алланы да, ананы да аузыңа аласың, кейін аман қалған соң ұмыта бастайсың. Ата-ананы сүюмен бірге сен өзіңді сүйесің, ұлтына, дініне қарамай басқа да аналарды сыйлайсың, адамгершіліктің биігіне көтерілесің. Бірақ оны эгоистік, өзімшіл есептермен шатастырмау керек. Ананы сүю басқа да адамгершілік қасиеттерге жетелейді.

Өзгені өзіңдей сыйла. «Жер бетінде алшандама, таяғыңмен жерді оя алмайсың, биік таулармен теңесе алмайсың» (Құран, 17-сүре).

Кез келген адам «өзгемен» қарым-қатынас жасайды. Адамзат баласы арғы тегі, ата-бабалары ортақ рулас адамдардың да өздерін «өзім» деп, басқаны «бөтен» деп қабылдауының да шегі бар. Дегенмен, адамдар арасында неге бірлік жоқ, астамшылық, менмендік, төкаппарлық та адамдар бойында бар және ғасырлар бойы адамдар сол мінездің тұтқынында. Бүгін де солай. Әлемдік және дәстүрлі дін-

дер өкілдері «басқаның тылсым саласына баса-көктеп кіруден саналы түрде бас тартуды» адамзаттың басты мақсаты етіп қойды. Ұл-таралық, дінаралық қатынастар менмендік, басқа жерлерді жаулап алуға, басқа халықтарды күштеп бағындыруға, отарланған елге отарлаушы ұлттың халқын жер аударуға әкеледі. Қомағайлықтың, тойымсыздықтың да сұрауы болады.

Біз бүгінгі өркениеттің игіліктерінен бас тартқымыз келмейді. Таза үйде тұрып, таза төсекте жатып, таза киім кигіміз келеді. Неге рухани тазалыққа ұмтылмаймыз? – деп сауал қояды дін қайраткерлері. Сүю қабілеті адамға болмыстан дарыған дейді діни уағыздар, ол аналық махаббат пен әйелдің махаббатынан көрінеді. Ол, тіпті, жануарларда да бар, дейді ғалымдар. «Махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті...», дейді Абай. Демек, мәселе махаббатқа тірелген. Абай үшін Алланы сүю – адамның жеке басын қастерлеу, адамгершілік қағидаларды басшылыққа алу, өзіңді өзің тазалау, өз ортаңды сүю, үйлесім табу, Алланың қасиетін тану.

Бұл жолға адам қалай түспек, санасы қалай сәулеленбек? Бұл сауалға Елбасы мақаласында «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз, күшейтуіміз керек», деп жол сілтейді. «Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады», дейді қазақ. Жыланды адамның өлтіруіне де, оны ұрып, соғып қууына да болады, сондай-ақ, басына ақ сүт, айран құйып ырым жасаса, өзі үйден шығып кетеді. Қастық ойлайтын дұшпаныңа құрмет көрсетіп шығарылса, арамдыққа бара алмауы мүмкін. Тазарудың жолы – жақсылық қана емес, жамандық жасағанға да жақсылық жасау, осы қағиданы, әсіресе, жастардың бойына сіңіру – білім мен тәрбиенің мақсаты.

*<https://egemen.kz/article/dindarlyq-zhane-imandylyq>*

*2017 ж. 16 мамыр*

## БҰҚАРАЛЫҚ САНАНЫ ӨЗГЕРТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Бүркітбай АЯҒАН**

Мемлекет тарихы институтының директоры,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында еліміздің рухани және интеллектуалды дамуының негізгі бағыты белгіленген еді. Қысқа мерзімде жүргізілген әлеуметтік сауалдамалардың нәтижесі көрсеткендей, халқымыздың басым бөлігі бізге осындай стратегиялық ойлардың қажеттілігін және болашақ бағдарымыздың дұрыстығын қуаттайды.

Кез келген ауқымды реформаларды іске асыру үшін алдымен қоғамдық санаға сілкініс керек. Сіз бен бізден тұратын қоғам неғұрлым рухани жағынан түлеп, оның ішкі мазмұны жаңғыртылып отырса, жаңғырту үдерісінен де соғұрлым жеңіл өтуге болады.

Тарихқа көз жүгіртсеңіз, әлемде модернизациялауды сәтті өткізген бірқатар елдерді көруге болады. Атап айтқанда, Батыс Еуропадан – Ұлыбритания, Франция, Германия, Шығыс Азиядан – Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия даму жолындағы биік шыңдарға, алдымен өздерінің рухани-мәдени мұрасын жаңғырту арқылы жеткен. Басқаша айтқанда дәстүрлі мәдениеті мен тамыры терең тарихи тәжірибені басшылыққа алған.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, жалпы, модернизациялауға ұлт болып ұйысқан жағдайда және ел болып күш біріктіргенде ғана қол жеткізуге болады, тек сол кезде ғана әлемнің алпауыт елдерімен қатарласа аламыз.

\* \* \*

Модернизациялауды сәтті іске асыру үшін ойлаудың нақтылығы, ұтымдылығы және прагматизм қажет. Бұған төл тарихымыздан мысалдар жеткілікті. Қазақ халқының кеңпейілділігі мен қонақжайлылығы, тарих толқынымен қазақ жеріне тұрақтанған өзге ұлт өкілдерін жатсынбай, бауырына тарта білу қасиеті жаңа тұрпатты Қазақстан

Республикасының қалыптасуы мен нығаюына іргетас болды. Қазақстан соғыс қарсаңында Қиыр Шығыс, Еділ, Қырым және Кавказдан күшпен көшірілген миллиондаған ұлт өкілдеріне ортақ шаңырақ, достық мекені болды.

Біздің қазіргі қоғамдағы шынайы мәдениеттің белгісі – байлықпен, орынсыз сән-салтанатпен мақтану емес, керісінше, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі қарапайымдылық, ұстамдылық, қанағатшылдық, рақымшылық болуы керек. Бар болсаң барыңды адамзат игілігіне жұмсау, мұқтаж адамдарға қолұшын беру – көрегенділіктің айқын көрінісі. Елбасы бұл турасында «Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы» – деп ерекше атап көрсетті.

Кез келген қоғам және оның көшбасшылары озық тәжірибелерге сүйенбеген жағдайда жалпы адамзат қоғамын апатқа апаратын, популистік идеологияға жол ашылады. «Күллі ХХ ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды. Бұл осы аумақтағы барша ұлттарға мейлінше әсер етіп, бүкіл болмысын өзгертті. Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағлым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа... Өткен ХХ ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды» дей келіп, «бүтіндей ұлт жүзеге аспайтын идеологиялардың жетегінде, жеңіліске ұшырады. Біз өткен ғасырда басты үш идеологияның күйреуін көрдік: коммунизм, фашизм және либерализм. Радикалды идеологиялар ғасыры өткенін» айтқан Н.Ә. Назарбаев бізге болашаққа бағытталған түсінікті, айқын нұсқаулардың қажеттілігін жеткізеді.

Тарихқа қарап отырсақ, кез келген мемлекеттің саяси құрылысы мен экономикалық негіздерін өзгерту аса қиын болмаған. Ең қиыны – адамның санасын, әсіресе, ұзақ мерзім тоталитарлық жүйеде өмір сүрген адамдардың санасын өзгерту десек, артық айтқандық емес. Жалпы, адамдардың жаңа өмірге бейімделуі бір басқа да, жаңа қоғамды бүкіл ішкі жан дүниесімен сезінуі бір басқа. Кезінде «дүниені дүр сілкіндірген» социалистік революцияның нәтижесінде билікке келген большевиктер одақтас республикалар үшін қайғы-қасіретімен қатар шектеулі көлемдегі әлеуметтік табыстар, тегін емдеу мен оқыту және т.б. игіліктерімен де тарихта қалды. Алайда, сталиндік қуғын-сүргін,

концлагерлер, сұранысқа негізделген «капиталистік елдер» экономикасының биік табыстары халықтан жасырылды. Кеңес халқы жетпіс жылдан астам уақыт бойы сырт әлемнен оқшауланды, «жабық есік» жағдайындағы темір торда өмір сүрді.

Ең сорақысы, кеңес халқынан «коммунистік қоғам» құру мифі жолындағы миллиондардың қасіреті де жасырын күйінде қалды. КСРО-дағы коммунизм құру идеясының жалаң аңыз болғаны, халықты алдау-арбау болғаны тарихи шындық. Н. Хрущевтің 1961 жылғы КОКП-ның XXII съезінде «1970–1980-жылдары КСРО-да коммунизм орнатылады» деген мәлімдемесі аға буынның есінде болар. Алайда, нақ сол жылдары, кеңес халқы жейтін наны мен сүтін, еті мен майын, күнделікті тұтыну тауарларын алу үшін ұзын-сонар кезекте тұрғанды.

К. Маркс, Ф. Энгельс, В. Ленин және олардың серіктестерінің қиялынан туған идеялардың нәтижесінде КСРО-да жеке меншік жойылды, есесіне мемлекеттік және колхозды-кооперативтік меншіктің қожайынына айналған пролетариат диктатурасы, яғни кеңестік бюрократияға жол ашылды. Марксизм-ленинизм классиктерінің түсінігінде тарихтың қозғаушы күші – өндіріс пен ғылымның дамуы емес, мәңгілік тап күресі болды.

Бірпартиялық жүйе қалыптасты, коммунистік партиядан өзге партиялардың қызметіне қатаң тыйым салынды, бейбіт шерулерге де шек қойылды. Бұқаралық ақпарат құралдары, кәсіподақтар, жастар ұйымдары жаппай бақылауда болды. Сырт көзге жағымды көрінетін бауырластық, достық, әлеуметтік теңдік ұрандары социалистік үгіт-насихат мақсатында қолданылды.

Әлемдік діндерді (ислам, христиан, иудей) ысырып тастап, дінсіздікті уағыздаған большевизм «атеизм» теориясын «жеңімпаз ілім» ретінде көрсеткісі келді, Жаратушыны да жоққа шығарды, мектеп оқулықтарына «дарвинизм» теориясын енгізді. Кеңестік билік дін жолындағы әулиелердің мазарларын қиратып, оның орнына большевик көсемдеріне, «наркомдарға» бір типтегі ескерткіштер тұрғызумен әлек болғанына куә болдық.

Кеңес үкіметінің «коммунизм» идеясы ең алдымен социалистік даму жолына түскен Польша, Болгария, Вьетнам, Моңғолия сияқты елдерге таратылды. Алайда, Кеңес одағының ыдырауынан кейін, көп

ұзамай бұл мемлекеттер социализм идеяларынан бас тартып, нарық жолын таңдады.

\* \* \*

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың аталған мақаласында көтерілген тағы бір маңызды мәселе – ұлттық бірегейлік, руханият, дәстүрлі мәдениетімізді сақтау. Сонымен қатар, меритократиялық басқарудың (лайықтылар билігі) маңыздылығына, қоғамның дамуына өзіндік үлес қосқан адамдар еңбегінің әділ бағалануына назар аударады. Технологиялық революциялар заманауи кәсіби мамандарды даярлауды қажет етеді, сол себепті жалпыға білім беру әмбебап болуы шарт.

Н.Ә. Назарбаевтың мақаласындағы «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екінші бөлімінде қазақ тілінің біртіндеп латын әліпбиіне көшірілетіні де айтылған. Бұл ойын Президентіміз 2012 жылғы «Қазақстан-2050» Стратегиясында айтқан болатын. Содан бергі уақытта латынға көшу көпшіліктің назарында.

Біздің ойымызша, қазақ әліпбиінің латынға көшірілуі ұлттық сананы жаңғырту жолында қоғамға пайдасын тигізбесе, ешқандай кедергі келтірмейді. Бұл бір адамның ғана ойынан шыққан қисынсыз дүние емес, әлемдік көштен қалмаудың зор мүмкіндігі деп есептейміз. Біздің рухани жаңаруымыздың бір сатысы іспеттес, латын әліпбиіне көшу арқылы тарихи тамырларымызға қан жүгіртеміз.

Елбасымыз бұл шаруаның оңай еместігін, ұзақ мерзімді қамтитынын ескертті. Өтпелі кезеңде кириллица мен латын әліпбиі қатар қолданыста болмақ. Осы үдеріс Қазақстан азаматтарының құқықтарына нұқсан келтірмейтіндей, өскелең ұрпақтың да ауанына қарай, кезең-кезеңмен көшірілмек.

Бетбұрысты жылдарда басталған шетелдік тәлқұжаттарды пайдалану, орта және жоғары мектептерде өткен оқу сағаттары, интернет-ресурстар, әлемнің түкпір-түкпіріндегі достармен латын әліпбиін қолдану арқылы ағылшынша тілдесу қазақстандықтар үшін өте тиімді болады. Ағылшын тілін үйренуге бейім, жандары жаңалыққа жақын бүгінгі жас буын өкілдері бұл реформаны толықтай қолдайды.

Келесі маңызды мәселенің бірі – әлемнің 100 үздік оқулығын ана тілімізге аудару қажеттілігі. Оны іске асыру мақсатында арнаулы

Ұлттық аударма бюросы құрылмақ. Әрине, мұндай игілікті іс оқу орындарының дәрісханаларындағы білім қуған жастар үшін жасалмақ.

Ескеретін жайт, Мемлекет басшысының тәуелсіздік жылдарында сәтті жүзеге асқан ұлттық «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы, содан кейінгі «Ғылыми қазына», 2013 жылғы «Халық – тарих толқынында» салааралық тарихи зерттеулер бағдарламасы жалғасын тауып, елдің тарихи санасын одан әрі жетілдіруге зор ықпалын тигізді деуге толық негіз бар.

Осы орайда Елбасымыздың гуманитарлық саланың мамандарына, соның ішінде тарихшыларға «Туған жер» бағдарламасын ұсынуы ерекше бір серпіліс беріп отырғанын айтқымыз келеді. Бұл бағдарламаның ең басты нысаны өлкетану жұмыстарына бағытталған. Шын мәнінде, бүгінгі жас ұрпақтың дүниетанымы өзін қоршаған ортаның табиғатын, қазбалы байлықтарын білуден, сол аймақтың тарихи тұлғаларын танудан басталады. Сондықтан, аймақтардағы тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіруге және облыстық мұражай жұмыстарын жаңғыртуға қоғамдық сұраныс бар деген сөз.

Кеңес заманында жоғары оқу орындарының тарих факультеттерінде «Тарихи өлкетану» пәнінің жүргізілгені әріптестерімнің есінде болар. Қазақстан тарихы бойынша «Өлкетану» пәні болашақта типтік оқу бағдарламаларына енгізілсе де артық болмайды. Кез келген мемлекеттің тарихы сол аймақтардың тарихынан бастау алады, қазақ қоғамы туралы біртұтас түсінік қалыптасады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Туған жер» бағдарламасына деген сұраныстың тағы бір аспектісі бар. Мемлекет басшысы «...туған жерге, оның мәдениеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге деген ерекше көзқарас – бұл патриотизмнің басты белгісі. Бұл кез келген ұлтты ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі» деген тұжырым жасайды. Басқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасының басты мақсаты – жалпыұлттық, қазақстандық патриотизм үшін мықты негіз қалыптастыру, бұқараның қоғамдық санасын жаңғыртуға қатысты нақты ұсыныс болды.

*Егемен Қазақстан, 2017 ж. 24 мамыр*



## **ЗАДАЧА ИСТОРИКОВ – ПРИУМНОЖИТЬ ДУХОВНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ НАРОДА**

***Ерлан СЫДЫКОВ***

Ректор Евразийского национального  
университета им. Л. Н. Гумилева,  
академик Национальной академии наук РК,  
доктор исторических наук, профессор

25 мая 2017 года состоялось IV заседание Конгресса историков Казахстана, на котором прошло обсуждение актуальных проблем исторической науки, определение новых задач, вытекающих из программной статьи Главы государства Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

Более чем 25-летняя история развития страны, углубления социально-экономических и политических реформ, выход на новый этап государственного устройства свидетельствуют об обоснованности и перспективности стратегического курса преобразований, сформированного Главой государства, Елбасы Нурсултаном Назарбаевым.

В начале текущего года Президент страны в своем Послании народу Казахстана вновь сформулировал стратегическую и исторически значимую программу действий «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность».

Основной императив Послания – в системности и единовременности модернизации всех сфер жизни гражданина, общества, государства. Поэтому Нурсултан Назарбаев в развитие идеи новой модернизации выступил с программной статьей «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

Модернизация общественного сознания как основа и фундаментальное условие духовного возрождения и пассионарного подъема общества в статье Президента страны предлагается через новое осмысление позитивного исторического опыта, обычаев и традиций народа, опору на лучшие достижения государства и международного сообщества, сохранение национального кода.

«Без опоры на национально-культурные корни модернизация повиснет в воздухе. Я же хочу, чтобы она твердо стояла на земле. А это

значит, что история и национальные традиции должны быть обязательно учтены», – так емко и точно Глава государства формулирует свой взгляд на будущую архитектуру нашего общества.

Впитать в себя, донести до новых поколений, обогатить общечеловеческие ценности и мировое сообщество самобытным и уникальным языком, культурой и историей нашего народа, сохранить в реальной жизни (а не только в памяти) все многообразие обычаев и традиций общества, – таковы параметры нового открытого, конструктивного и прагматичного сознания общества.

Понимая важность поставленных перед обществом, перед учеными-обществоведами, историками задач по модернизации общественного сознания, хотелось отметить, что нас в настоящее время ожидают конкретные проекты, мероприятия.

В связи с чем считаю весьма важным поделиться идеями, раскрывающими основные направления программной статьи Главы государства.

Сондықтан да, өткен ғасырдың 1920-шы жылдары Түркия Республикасының көшбасшысы Мұстафа Кемал Ататүрік латын әліпбиін империялық мұраны артқа тастап, жаңа Түркияның ұлттық мемлекет ретіндегі зайырлы бірегейлігін қалыптастыруда өзін-өзі танудың маңызды құралдарының бірі ретінде қолданды. Латын әліпбиін енгізгеннен кейін, терең тілдік реформа үшін мүмкіндіктер ашылды. Нәтижесінде араб, парсы сөздері және грамматикалық қосымшалар біртіндеп түрік әдеби тілінен жойылды. Жалпы, реформаның нәтижелері пайдалы болды.

Түрік тәжірибесін негізге ала отырып, Қазақстан жаңа әліпбиге көшкен кезде, қазақ тілін жаңғыртуға және оны түсіну мен үйренуді оңай етуге болады. Сонымен қатар, ел азаматтары өздерін қоршаған әлеммен қарым-қатынасты тең дәрежеде қалыптастыратын және халықаралық аренадағы мықты позицияларға ие тәуелсіз ұлт ретінде сезінуіне әсер етеді.

Тілдің тек байланыс құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге ұлттық бірегейлендіру, кез келген ұлттың басын біріктіретін фактор ретіндегі жоғары рөлін де атап өту қажет. Ал латын әліпбиі әлемдік ғылымның, озық білім мен технологияның жетістіктерін меңгеру арқылы жоғарыда аталған факторларды күшейтеді.

Ұлттық бірегейлік қоғамдағы ішкі әлеуметтік-саяси процестермен ғана анықталмағаны нақтыланды. Оны қалыптастыру кезінде мемлекеттің басқа мемлекеттермен халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзара қарым-қатынас процестері мен елдің имиджін қалыптастыруы үлкен рөл атқарады.

Сондықтан сыртқы әлем Қазақстанды экономикалық және рухани салаларда да, қазақстандық бірегейліктің еуропалық элементіне ерекше назар аудара отырып, серпінді модернизацияны жүзеге асыратын мемлекет ретінде қабылдайды деп ойлаймын.



**Слямжар АХМЕТЖАРОВ**

Научный сотрудник Отдела социально-политических исследований  
Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК

**3 октября**

Модернизация казахского языка через внедрение латинского алфавита – это, прежде всего, шаг навстречу мировому сообществу. Если посмотреть на политическую карту мира, то абсолютное большинство стран используют в основе своих языков латинскую графику. Также немаловажным фактором является высокая роль английского языка, который изучается в качестве дополнительного в школьных программах во многих странах мира. Отсюда следует, что подавляющее большинство населения земли способно к пониманию и чтению латинских букв. Что это может значить для Казахстана?

Помимо улучшения живого общения и взаимопонимания между иностранцами и казахстанцами, внедрение латиницы существенно облегчит сотрудничество между нашей страной и мировым сообществом в прикладных областях деятельности. Так как большинство инструкций, справочников и классификаторов в науке, технологиях, сельском хозяйстве, промышленности, фармацевтике и других сферах публикуются на английском языке. В этой связи, несомненно, казахстанцам, освоившим латиницу, будет легче изучать материалы из разных сфер деятельности.

Для успешной реализации программы перехода казахского языка на латиницу нашей стране необходимо, прежде всего, обратить внимание на опыт Турции, Азербайджана, Туркменистана и Узбекистана по внедрению латинской графики. Опыт тюркоязычных стран в настоящем вопросе важен для Казахстана. Он не только поможет найти самые оптимальные пути транскрипции казахского языка на новый алфавит, но и демонстрирует историческую предопределенность, преемственность и органичность данного процесса перехода на латинскую графику.



**Адильхан ГАДЕЛЬШИЕВ**

Научный сотрудник  
Казахстанского института  
стратегических исследований  
при Президенте РК

**6 октября**

Прагматичная и мобильная молодежь как провайдер по укреплению казахского языка с латинской графикой.

Сегодня наибольшая часть мирового сообщества ежедневно использует латинскую графику. Латинская графика изучается в школах, на уроках иностранного языка, используется в математических исчислениях, для многих языков латинский алфавит стал базовой платформой.

Принимая во внимание тот факт, что изучение языков специалисты рекомендуют начинать с ранних лет, а именно длительность сенситивного периода, максимально ориентированного на восприятие, составляет примерно с 1,5 до 9 лет, то основной упор будет сосредоточен на детях и людях и среднего возраста. В Казахстане средний возраст составляет 31,6 года.

По статистическим данным, доля детей в возрасте до 17 лет в структуре населения на начало 2015 года составила 30,4% – а это более 5 млн 300 тысяч человек. По сравнению с предыдущим годом прирост составил почти 150 тысяч человек. Ежегодно растет и количество детей в возрасте до года.

Таким образом, демографическая ситуация в стране улучшается, численность населения страны, в том числе и детей, с каждым годом растет.

Соответственно, рост молодого поколения будет способствовать более эффективному и свободному внедрению и повсеместному использованию латинской графики.

Тем самым, молодое поколение, как основной провайдер изменений в обществе, способно легко и беспрепятственно реализовать данные реформы и сыграть ведущую роль в переходе и сохранении латинской письменности.



**Гульнара МУХАТАЕВА**

Старший научный сотрудник  
Представительства  
Казахстанского института  
стратегических исследований  
при Президенте РК в г. Алматы

**10 октября**

Презентован проект казахского алфавита, доработанный с учетом мнения экспертов и общественности. Изменения коснулись диграфов, вызвавших вопросы у большинства граждан. В представленном варианте их нет, зато в предлагаемом варианте появились апострофы. Согласно закону, сингармонизма казахские слова могут произноситься твердо или мягко. Для мягкого произношения слов используется апостроф. Новый проект алфавита стал продолжением реформаторского решения Ахмета Байтурсынова по оптимизации графического строя языка, предложившего ставить знак дэйекше в начале всего слова.



**Зарема ШАУКЕНОВА**

Директор Казахстанского института  
стратегических исследований  
при Президенте РК

**11 октября**

Мы пришли к важному моменту в духовной модернизации казахстанского общества. А именно – к новым возможностям и ценности государственного языка.

Предложенный разработчиками первый вариант казахского алфавита на латинице существенно упрощал его кодировку. Почти вдвое сокращалось число букв – с 42 до 25. Однако после очень активных дискуссий в экспертной и общественной среде в символике языка было добавлено 8 обозначений. Количество букв в новом варианте достигает 32.

Следует особо отметить участие молодежи в обсуждении казахского алфавита. И это очень радует. Молодое поколение не осталось равнодушным, оно активно в сетях, комментирует, выкладывает ролики, примеряет использование латинской графики при написании своих имен, фамилий, распространенных слов. Согласно теории каллиграфии, само изображение символа также имеет значение. Оно создает и развивает вкус, художественные ценности и вовлекает в особый мир культуры. И, действительно, на латинской графике имена и названия выглядят уже по-другому, презентабельно.

За прошедшие более чем четверть века в Казахстане выросло целое поколение одаренной казахскоязычной молодежи, которая легко и комфортно ощущает себя в казахско-англо-русскоязычном поле, минуя потери и трудности перевода. Сегодня среди казахстанской молодежи наблюдается своеобразный языковой бум, изучение английского с раннего возраста уже никого не удивляет.

Переход казахского языка на латинскую графику – это укрепление его коммуникационных возможностей.



**Никара БИЕКЕНОВА**

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының әлеуметтік-экономикалық зерттеулер бөлімінің аға ғылыми қызметкері

**16 октябрь**

Жаңалыққа ұмтылыс

Бүгінгі таңда Қазақстан қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру міндетін жүзеге асырып отыр. Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы «Қазақстан-2050» Стратегиясы» Жолдауында әліпбиіміздің латын қарпіне көшу мәселесін көтерген болатын.

Ал қазіргі ақпараттық технологиялар дәуірінде, бірыңғай қазақ әліпбиінің латын қарпінде ұсынылған жобаларын «онлайн» талқылауға ғалым-лингвистер, оқытушылар және жалпы республикамыздың барлық тұрғындарының талқылауға белсенді қатысып отырғанын көре аласыз. Бір жағынан, жан-жақты, ал екінші жағынан толық және сындарлы талқылау жасау 11 қыркүйек және 9 қазан күндері ұсынылған әліпбилердің лайықты және даулы жақтарын жылдам анықтауға және де осы жылдың соңында сапалы өнім алуға жағдай жасайды.

Әрине, бұл күрделі процесс. Бірақ тіл де тірі организм ретінде әрдайым дамуы керек, жаңалыққа талпынуы тиіс, сондықтан да оның қарекет етуіне қажетті жағдай жасау қажет. Кейде өмірде өзгерістерді қабылдау өте қиын, жаңалықтар күрделі, орындалмайтын нәрсе болып көрініп, «Комфорт» шеңберінен шығатын жағдай ретінде қабылданады. Бірақ қазіргі таңдағы ел өміріндегі қоғамдық сананың жаңғыруы, сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени және рухани салалардағы жаңғыртулар жағдайында әр азаматтың бойында білімнің жоғарғы деңгейі, креативтік әлеуетпен байыған бәсекеге қабілеттілік, азаматтық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретіндегі отансүйгіштік сезімі, өзіне, жанұясы мен еліне деген жауапкершілік секілді қасиеттер болуы тиіс. Қазақстандықтардың қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру бойынша маңызды үдеріске белсенді қатысуын осымен түсіндіруге болады.



### **Балтабай СЫЗДЫКОВ**

Научный сотрудник  
Отдела социально-экономических исследований  
Казахстанского института стратегических  
исследований при Президенте РК

#### **17 октября**

На прошлой неделе Главе государства представили новый вариант единого стандарта казахского алфавита на латинской графике, подготовленного с учетом предложений, поступивших ранее в ходе общественного обсуждения. В новой версии диграфы были заменены на апострофы, что было воспринято положительно, так как намного облегчает восприятие текста, делает его более понятным и легким. Вместе с тем, дискуссия продолжается. И сейчас, хотя число сторонников апострофов и диакритики больше, но есть и те, кто ратует за диграфы. Это наглядно демонстрирует заинтересованность казахстанцев и понимание ими важности процесса перехода на латиницу. В итоге, именно конструктивное обсуждение поможет создать наиболее комфортный для восприятия алфавит, который в наибольшей степени будет учитывать специфику казахского языка.

#### **8 ноября**

При разработке казахского алфавита на латинской графике специалисты-лингвисты проработали множество различных вариантов с учетом всех факторов его дальнейшего использования. Так, Институт языкознания им. А. Байтурсынова изначально разработал 24 возможных вариантов казахского алфавита на латинице, далее сократив его до 5, куда вошли варианты с апострофами, диграфами, диакритиками и смешанные. В итоге был выбран наиболее практичный вариант с апострофами. Данный выбор был обусловлен необходимостью максимально упростить и ускорить переход к латинице без ограничений, в виде конфликта шрифтов, или же дополнительной разработки программного обеспечения. Новый казахский алфавит – максимально удобный с точки зрения использования современных технологий.



Правительством будет создана рабочая группа по внедрению латинской графики казахского языка и специальная орфографическо-лингвистическая комиссия, которая разработает новые орфографические правила и большой орфографический словарь казахского языка.

Быстрому осваиванию нового алфавита будет способствовать специальный обучающий портал и конвертер по автоматическому переводу текстов на латиницу, который был представлен в сентябре текущего года.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ  
ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ  
АНЫҚТАМА-АНАЛИТИКАЛЫҚ  
ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАРЫ**

---

**СПРАВОЧНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ  
И МЕТОДИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ  
КАЗАХСТАНСКОГО ИНСТИТУТА  
СТРАТЕГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ  
ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҒЫРУ» АТТЫ МАҚАЛАСЫ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ АНЫҚТАМА-АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАРЫ

#### НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

##### *Қоғамдық сананы жаңғырту*

---

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында жаңғыртуды экономикалық өрлеуге немесе технологиялық жетілдіруге жинақтау – бұл жалпы өзгерістер жобасының бір бөлігі ғана екеніне көңіл бөле отырып, жаңғырту үдерістері шеңберінде еліміздің рухани қайта өрлеуінің тұжырымдамалық бейнесін жеткізеді.

Мақалада Елбасының қазақстандық қоғамның болашаққа қарай қалай қадам басуы туралы ойлары көрсетілген. Барлық технологиялық үдерістердің жеделдеуі мен әлем экономикаларының бәсекелік қабілеттерінің өсуіне орай құбылмалы әрі күрделі болмақ.

Халықаралық қатынастардың қазіргі заманғы кезеңі мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарындағы қарама-қайшы оқиғалармен сипатталады. Үдемелі қарқын алып отырған жаһандық әлем ұлт санасының халықтық руханияты мен дәстүрлеріне негізделген айрықша үлгісін талап етеді. Бұл жағдайларда қоғамның рухани-құндылық бағдарларын сақтау және жаңарту мәселелері бірінші кезектегі маңызға ие болып отыр. Дүние жүзіндегі үдерістер әлемді өзгертуде, заман өзгеруде, бұл Қазақстанға дамудың мүлде жаңа деңгейіне шығуға айрықша мүмкіндік береді. Жаңару міндеті бүгінде Қазақстанның ғана емес, барлық мемлекеттердің алдында тұрғанын атап өтті Нұрсұлтан Назарбаев.

### **Негізгі ережелер:**

✓ Көрсетілген қоғамдық сананы жаңғырту Қазақстанның жаңғыру процестерінің, атап айтқанда саяси реформалау мен экономиканы жаңғыртудың қисынды жалғасы. Бұл ретте мәлімделген жаңғыртулық түрленулердің айқын мақсаттары, басымдықтары, қол жеткізу әдістері бар.

✓ Қоғамдық сананы жаңғырту ұзақ мерзімді сипатқа ие және Қазақстанның мәдени және рухани мұрасын сақтау және ілгерілету саласында іске асырылған «Мәдени мұра» («Культурное наследие», 2004), және «Халық тарих толқынында» («Народ в потоке истории», 2013) ірі бағдарламаларға негізілген.

✓ Қазіргі заманғы социумда қоғамдық сананы жаңғыртуға сұраным ортақ әлеуметтік кеңістікте өмір сүріп жатқан халықтың қазіргі заманның қарқынды өзгермелі шарттарына сәтті бейімделу қажеттілігіне тікелей байланысты.

✓ Қазақстан азаматтарының қоғамдық санасының мазмұны олардың мүдделерімен, құндылықтарымен және перспективаларымен тығыз астасады және өзіне мәдениетті, мінез-құлық практикасың, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді, ғылымды, адамгершілік императивтерін қамтитын рухани негізге сүйенеді.

✓ XXI ғасырдағы ұлттық өзіндік сананы жаңғыртудың маңызды бағыты жеке деңгейде де, қоғамдық деңгейде де бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, эволюциялық даму және сананың ашықтығы болып табылады.

✓ қазіргі таңда қоғамдық сананы жаңғырту ерекше маңызға және өзектілікке ие болып отырғанын атап өту маңызды, өйткені қазіргі әлем барған сайын өзгерге түсуде. Жаһандану процестері стандарты емес, күтпеген сын-қатерлерді қалыптастыруда, жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалану өмірдің ритмі мен стилін өзгертеді, ұлттық дәстүрлер заманауи элементтермен толығыады. Бұл мағынасында мықты әрі жауапты адамдардың біртұтас Ұлтын қалыптастыру Қазақстан табысының маңызды шарты болып табылады.

✓ әрбір қазақстандықтың санасын жаңарту, еліміздің әрбір тұрғынның өз өмірлік стратегияларын жалпы елдің прогресі үшін бейімдеуге дайындығын болуы қажет.

✓ «Әр түрлі тілдегі әлемнің 100 үздік оқулығы», «Туған жер» және одан әрі «Туған елге» жобасына ұласады, «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа тұлға» бағдармалары ұсынылады.

✓ барлық ұсынылып отырған бастамалар мен жобалар, сондай-ақ олардың мазмұндық толтырылуы жария түрде, соның ішінде заманауи диалог форматтарын – каскадты пікір сайыстарды, дебаттарды, әлеуметтік-лингвистикалық сараптауларды және т.б. пайдалана отырып талқыланады.

Елдегі басталған ауқымды өзгерістер қоғамдық сананы оза жаңғыртумен сүйемелденуі тиіс. Бұл ретте Президент бүгінгі таңда орасан жұмыс атқарылғандығын және қазақстанның қалыптасқан мемлекет екендігін атап өтеді. Бірақ мықты әрі жауапты адамдардың біртұтас ұлтына айналу үшін қоғамдық сананы өзгертуге мүмкіндік беретін неғұрлым ауқымды және іргелі жұмысқа кірісетін уақыт жетті. Сонымен бірге мақаланың негізгі түйіні Қазақстанда ауқымды өзгерістердің қоғамдық сананы өзгертусіз, немесе жаңғыртусыз мүмкін еместігінде болып отыр.

### ***Жаңғырту деген не?***

Ғылыми әдебиетте Жаңғыру (*modernization; modern* – заманауи) қоғамның әлеуметтік эволюциясына, оның құрылымдық және функционалдық жіктелуінің заманауи қоғамның қалыптасуы бағытына қарай өсуіне алып келетін саясаттағы, экономикадағы және мәдениеттегі инновациялардың тарихи ұзақ процесі ретінде белгіленеді.

Сондай-ақ жаңғыруды мемлекетті қарқындағы дамыту мақсатында жүйені ауыстырмайтын, бірақ қолда бар әлеуетті жұмылдыратын іргелі өзгірістер процесі ретінде анықтайды.

Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекет құра отырып Бірінші жаңғыруды жүзеге асырды. Сосын, 2030-Стратегиясын қабылдап және Астананы салып, Қазақстан 50 дамыған елдің қатарына енді – бұл Екінші жаңғырудың нәтежелері. Үстіміздегі жылдан бастап Қазақстан жаһандық бәсекелік қабілетке қол жеткізуге бағытталған елдің Үшінші жаңғылуын іске асыруға кірісті. Басты мақсат – Ұлт жоспарын орындау негізінде әлімнің 30 озық елінің қатарына ену.

Қазақстан Президенті елдің жүйелі және дәйекті эволюциялық дамуын көздейтін мемлекеттік саясаттың өзара байланысты мен сабақтастығына көңіл бөле отырып, еліміз аяқ басқан жаңа тарихи кезеңге тән қауіптер мен сын-қателерді жан-жақты бағалай келе өзінің рухани жаңғыру тұрғысынан болашаққа терең көзқарасын баяндады.

Өзгерістер жолына түскен елдердің әлемдік тәжірибесі жаңғырудың – әлеуметтік-мәдени өзгерістерден оқшаулауға болмайтын процесс екенін көрсетеді. Жаңғыру біздің заманымызда материалдық өмірді және рухани өмірді де біріктіріп қамтуға тиіс.

Елбасы өз мақаласында былай анықтайды – саяси жаңғырудың да, экономикалық жаңғырудың да табысты болуы бірінші кезекте қоғамдық сананың руханият басым болатын деңгейіне тәуелді. Сондықтан бүгінгі таңдағы рухани қайта өрлеу – ең өзекті міндет.

Бүгінгі таңда, Қазақстанның Үшінші жаңғыруын іске асыру шеңберінде үш жаңғырту процесі жүзеге асырылатын болады: саяси реформа, экономикалық өрлеудің жаңа моделін құру және қоғамдық сананы жаңғырту.

Реформалар нәтежелілігінің маңызды алғышарты – азаматтық келісім, әртүрлі саяси күштердің ынтымақтастығы мен жаңғырту жобасын іске асыру мақсатында қоғамның бірігуі. Бұл мәдени кодты өзгертуді, жаңа құндылықтар мен қалаулы болашақ бейнесін қалыптастыруды көздейтін қоғамдық сананы жаңғыртусыз мүмкін емес.

### ***Дүниетанымдық-идеологиялық негіздеме***

Мемлекет басшысының бағдарламалық баяндамасы – бұл, ең алдымен дүниетанымдық-идеологиялық сипаттағы мақала, ол ХХІ ғасырдың ұлттық санасына және қоғамдық сананы өзгерту жолдарына оңтайлы форматта жалпы анықтама береді. Мақсаты мықты әрі жауапты адамдарының біртұтас Ұлтын құру.

Жаңа үлгідегі жаңғырудың бірінші шарты – өз мәдениетін, өзінің ұлттық кодын сақтау. Онсыз жаңғыру бос сөзге айналады. Бұл ретте тарихи тәжірибе мен салт-дәстүрлерге тым жоғарыдан қарауға болмайды. Керісінше, үздік дәстүрлерді жаңғырту сәттілігінің маңызды шарты етіп алу керек. Бұл жерде Президент жалпы қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыттарын

бөліп көрсетеді. Бұл бағыттардың барлығы жеткілікті дәрежеде өзекті және уақыт сын-қатерлеріне сай келеді.

Ең алдымен, бұл бәсекелік қабілет, ол кезде жаңа заманның жақсы жақтарын ала отырып, жаңа нақты ахуал мен шарттарға шоғырлау және бейімделу маңызды. Өрбір қазақстандық өзіне өңірлік және жаһандық нарықтарда ұтымды нәрселер ұсына алуы үшін ең маңыздысын бөліп алуы тиіс. Бұл тек материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге интеллект пен білім. Мұның сөзсіз алғышарттарының қатарында компьютерлік сауатталық, шет тілін білу және мәдени бағдарлама да, үштілдік бағдарлама да, мәдени және конфессионалдық келісім бағдарламасы да – ұлтты XXI ғасырдағы өмірге дайындаудың бір бөлігі деп атап өтеді Президент.

Өзінің бағдарламалық мақаласында ол әдеттер мен стереотиптерді өзгертпей жаңғыру мүмкін емес деп атап өтеді, бұл ретте маңызды бағытты – прагматизді бөліп көрсетеді. Өз кезінде ұлттың бейберекеттігі Арал теңізінің жойылуына, мыңдаған гектар табиғи жерлердің экологиялық апат аймағына айналуына әкеп соқты делінген мақалада. Бұл аса бейпрагматикалық қатынастың бұл жағдайда қоршаған ортаға сондай көзқарастың жарқын мысалы. Сондықтан Нұрсұлтан Назарбаев шынайы мақсаттарға қол жеткізуге көңіл бөле отырып оңтайлы өмір сүру – мінез-құлықтағы прагматизм деген осы деп атап өтеді. Және бұл қазіргі әлемдегі жалғыз сәтті модель.

Бұл ретте ұлттық бірегейлікті сақтау маңызды. Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тіл мен музыка, әдебиет және үйлену ғұрыптары, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рух халықпен мәңгі қалуға тиіс деп атап өтеді Президент. Бірақ көне және қазіргі шынайы өмірде артық әдеттерден және құмарлақтан арылу қажет. Біз меритократиялық қоғам құрудамыз, онда әрбір адам жеке кәсіби сапасымен бағалануға тиіс деп жазады Мемлекет басшысы.

Таяу онжылдықтарда барлық кәсіптің жартысы жойылады және мұндай жағдайда тек жоғары білімді адам ғана сәтті өмір сүре алады. Сондықтан Қазақстан білім саласын бюджеттік қаржыландыру үлесі бойынша ең озық елдердің қатарында. Егер жастардың құндылықтар жүйесінде білімділік басты құндылыққа айналар болса, ұлт табысқа жетеді деп сенеді Нұрсұлтан Назарбаев.

### ***Мемлекет пен ұлт – статистикалық құрылым емес***

Еліміздің Президенті ұлттың табысқа жетуіне тек эволюциялық дамудың ғана мүмкіндік беретініне сенімді. Барша ХХ ғасыр революциялық сілкіністер белгісімен өтті. Бүгінде революциялардың сипаты өзгерген, ол айқын ұлттық, діні, мәдени немесе сепаративтік реңге ие болған. Сондықтан әлемде болып жатқандарды қайта ой елегінен өткізу – жалпы қоғам да, саяси партиялар мен қозғалыстар да және білім беру жүйесі де жүргізуге тиіс орасан дүниетанымдық, идеологиялық жұмыстың бір бөлігі.

Сондай-ақ Президент Назарбаев тым болмағанда үш негізгі аспектімен баяндалатын сананың ашықтығы туралы айтады. Бұл дүйім дүниеде, өз еліңнің айналасында және ғаламшардың өзіне қатысты аумағында не болып жатқанын түсіну. Және ол жаңа технологияның ағына алып келетін өзгерістерге дайын болу, ол өміріміздің орасан бөлігін – жұмысты, тұрмысты, демалысты, тұрғын үйді, адами қарым-қатынас тәсілдерін өзгертеді.

«Таяу жылдардағы міндеттер» атты екінші тарау таяу жылдарға арналған іс-қимыл жоспары, күн тәртібі. Таяу болашақта іске асыруға болатын алты нақты жобаны баяндаған.

Ұсынылған шаралар басты мақсатқа – мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы негізінде жалпы руханилықты қайта көтеру. Оның үстіне елімізде 2014 жылдан бастап ішінара алғанда қазақстандықтардың бәсекелік қабілетті мәдени ділі мен жоғары руханилығын қалыптастыруға бағатталған Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасы іске асыруда.

Мемлекет пен ұлт – статистикалық құрылым емес, тірі дамушы организм. Нұрсұлтан Назарбаев барша мақаланың басты ойын өмір сүру үшін саналы бейімделу қабілетіне ие болу керек деп атап өтеді. Уақыт тоқтамайды, демек жаңғыру тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Президент елдің жастарына жаңа идеялар арқылы өз болашағын өзі құратын айрықша тарихи мүмкіндігі бар деп үн қатады. Мемлекет басшысы жаңа жағдайда жаңаруға деген ішкі ұмтылыс біздің дамуымыздың ең басты қағидасы екеніне сенімді.

«Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді».

Сондықтан Елбасы былай деп атап өтеді: «...реализм мен прагматизм негізінде қоғамдық сананы өзгертуге пәрменді атсалысу үшін еліміздің әрбір азаматы, жалпы қоғам, саяси партиялар мен қозғалыстар, барлық мемлекеттік органдар өздерін жетілдіруі қажет: ағымдағы жағдайды талдауы, қай жерде екенін айқындауы, баршаға және әрқайсымызға не істеу керек екенін ұғыну қажет. Біз біртұтас және ұлы ұлт екенімізді мақтап тұтуымыз қажет. Бізде жалғыз жол бар: жаңару арқылы жарқын болашаққа!».

## **АҚПАРАТТЫҚ-АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР. ТАЯУ ЖЫЛДАРДА ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР**

### ***Қазақ тілінің латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшуі***

---

Президент «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшуін бастама етіп көтерді. Бұл ретте, латын әліпбиіне көшудің негізінде, бір жағынан, терең тарихи логика, ал екінші жағынан, Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінің ерекшелігі, қазіргі ХХІ ғасырдағы ғылым-білім беру үдерісі үшін маңызы зор әлемдегі технологиялық орта және коммуникация ерекшеліктері жатыр.

### ***Қазақ жазуының даму тарихы***

Халықтың үлкен өнертабыстарының бірі – жазу. Жазу қоғамның жинап-түйген тәжірибесінің бәрін бір жерге шоғырландырып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беруге мүмкіндік береді. Жазу ұлттық кодтарды қалыптастырып, қарым-қатынас жасаудың уақыттық және кеңістік шектеулерін жояды. Өзінің дамуы барысында қазақ тілі нақты тарихи кезеңнің талаптарына бейімделе отырып, жазуын бірнеше рет өзгертті.

VI–VII ғасырларда көне түркі халқы, ата-баларымыз оның ішінде қазіргі қазақтардың ата-бабалары ғылымда орхон-енисей жазуы де-



ген атаумен белгілі көне түркі руна жазуын пайдаланған. Бұл – әріптік жазудың көне түрінің бірі. Мұндай көне жазу нұсқаларының бірі 1896–1897 жылдары Қазақстанда Әулиеата (қазіргі Тараз қаласы) маңында анықталды. Ол жерден көне түркі жазуы таңбаланған 5 тас табылған. 1940 жылы Шығыс Түркістанда VIII ғасырдың ортасындағы жақсы сақталған 4 көне түркі жазуы анықталды. XV ғасырға дейін түркі тілі Еуразияның басым бөлігінде ұлтаралық қарым-қатынас тілі болды. Мысалы, моңғолдың Бату және Мөңке хандары басқарған алтын ордадағы ресми құжаттардың бәрі, халықаралық келіссөздер моңғол тілінен бөлек, түркі тілінде жүргізілген.

Қазіргі Қазақстан аумағына ислам діні келгеннен бастап, яғни X ғасырдан бастап араб жазуына көшкен, бұл жазу XX ғасырдың басына дейін қолданылған. Қазақ тілінің араб жазуына көшудегі маңызды фактор – ол тілдің халықаралық деңгейде кеңінен қолданылуы болды. Араб жазуы Қазақстанда рухани және ақсүйектер мектебінде, сондай-ақ ресми келіссөздерде қолданылған, өйткені араб тілі халықаралық қарым-қатынас тілі болған. Араб жазуының әсем ою-өрнектерімен ғимараттарды безендірген, ғалымдар мен ақындар еңбектерін араб тілінде жазып, олардың беттерін жоғары көркемдік деңгейде салынған суреттермен өрнектеген.

1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуына негізделген қазақ жазуын сол заманның талаптарына бейімдеу мақсатында оған реформа жасап, бұл жазуды шетелде тұратын миллиондаған қазақтардың пайдалуына мүмкіндік берді. «Жаңа емле» деп аталатын жаңа әліпбиді Қытай, Ауғанстан және Иранда тұратын қазақтар әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Сондай-ақ сол дәуірдің зерттеушілері мен қоғам қайраткерлерінің пікірінше, қазақ тілінің дамуында маңызды рөл атқарған жазу (халық арасында «төте жазу» деп аталады) XX ғасырдың басында өзінің әлеуетін төмендетті.

1929 жылдан бастап Қазақстан аумағында жаңа, латынға бейімделген әліпби – «Бірыңғай түркі әліпбиі» пайда болды. Латын жазуына негізделген бұл жазу 1939 жылға дейін қолданылып, 11 жылдан кейін латын жазуының орнына кирилл әліпбиі келді. 1940 жылы «Латын жазуына бейімделген қазақ жазуын орыс жазуының негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданды.

### ***Кезең-кезеңмен көшу және ойластырылған тәсіл – маңызды талаптар***

Қазақ тілін латын жазуына көшіру туралы ұсыныс, жаңа әліпби дайындау және құжат айналымы мен кітап басып шығаруды латын тіліне ауыстыру қазақстандықтар үшін кенеттен туындаған мәселе емес. Бұл мемлекеттің мақсатты түрде және кезең-кезеңмен бет алған бұрыннан мәлімдеген мақсаты. Сондай-ақ бұл бастама «сырттан» келген жоқ, оны бастама етіп көтерген – Қазақстан азаматтары.

Латын жазуына көшудің қажеттегі туралы мәселені Қазақстанның қоғам қайраткерлері мен тіл білім саласындағы мамандар тәуелсіздіктің алғашқы жылдары-ақ ұсынған болатын. Қазақ тілі жазуын өзгертудің орындылығы туралы мәселе алғаш рет 1992 жылы бұрынғы КСРО аумағында тұратын Түркологиялық Конгресс аясында айтылған болатын.

Конгрестен кейін Тіл білімі институтының директоры академик Әбдуәлі Қайдар Президент Н.Ә. Назарбаевқа хат жолдады, хатта көптеген түркітілдес елдер Кеңес одағы құлағаннан кейін латын әліпбиін игергенін, сондықтан Қазақстан да сол елдердің ізімен жүруі керек екендігін атап жазған болатын. Хатқа Тіл білімі институты әзірлеген латын жазуына көшудің тұжырымы және латын жазуына негізделген қазақ әліпбиінің алғашқы жобасы тіркелді. Ұсыныс мұқият қарастырылды. Алайда сараптамалық бағалар қоғамның мұндай күрт өзгерістерге дайын еместігін көрсетті.

Бұл мәселе 2006 жылы тағы да күн тәртібіне қойылды, Қазақстан халықтар ассамблеясында Елбасымыз әлемдік коммуникациялық кеңістікте латын жазуының басым екенін айтып, мамандарды латын жазуына көшу мүмкіндігі туралы мәселені талқылауға шақырады.

Латын жазуына кезең-кезеңмен көшу туралы мәселенің жаңа «Қазақстан-2050» стратегиясында көтерлуі қисынды. Президенттің 2012 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында қазақ тіліне жаңғырту жүргізетін кез келді делінген. Қазақ тілі «Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс».

«Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға

бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз... Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», – деді Президент. Сол кезде қазақ жазуының латын жазуына көшуінің нақты датасы 2025 жыл деп көрсетілген.

Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ жазуын латын графикасына көшіру тақырыбын нақтылай келе, мамандар мен Үкіметтің алдына мынадай міндеттер қойды:

- 2017 жылдың соңына дейін жаңа графикадағы қазақ әліпбиінің бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау;
- 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді оқытатын кадрлар даярлау мен орта мектептерге арналған оқулықтар даярлау бастау;
- қазақ тілін латын қарпіне көшірудің нақты кестесін әзірлеу;
- 2025 жылдан бастап ісқағаздарын латын қарпінде жүргізу, мерзімді баспасөзді, оқулықтар мен басқа басылымдардың барлығын латын қарпінде жариялау.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру қажеттілігі туралы айта келе, Ұлт көшбасшысы қазақ тілін латын қарпіне көшіру процесі жақсы дайындықпен және байыпты түрде жүргізілуге тиіс деп атап көрсетті. Бұл біздің әлемдік өркениетпен ықпылдасуымызға, ағылшын тілін және интернет тілін үйренуімізге жағдай жасайды.

### ***Не үшін латын қарпі таңдалды?***

Латын графикасына көшуге байланысты жиі қойылатын сұрақтардың бірі: «Не үшін кирилл қарпінен бас тартуымыз керек және не үшін қазақтар 900 жыл бойы пайдаланған арабтың өрме жазуын емес, латын қарпін таңдаймыз?»

Мәселенің басты себебі – әлемнің жаһандану процесіне ұмтылуында. Латын қарпі қазіргі кезде жаһанданудың графикасына айналды. Латын қарпі жаңа технологиямен, компьютермен, сапалық жетістіктермен байланыстырылады. Тіпті жапон тілінде аталатын жапон фирмаларының өздері атауларын латын қарпімен жазғанды дұрыс санайды. Қытайда экономиканың бірнеше секторларына

әлемдік нарыққа шығу үшін, әлемдік деңгейдегі тұтынушыға түсінікті болу үшін латын қарпі қолданылатындығы белгілі. Латын қарпі брендтік графикаға айналып отыр. Латын қарпіне көшу уақыт талабынан қалмау үшін, әлемдік кеңістікке табысты интеграциялану үшін, бір қызығы, интеграцияланып қана қоймай, өзінің кесік-келбетін сақтап қалу үшін маңызды болып отыр.

Шет елдерде тұратын қазақтар өз қандастарымен ана тілінде сөйлескенде, латын қарпіне негізделген замануи ақпараттық желілерді пайдалануды барған сайын арттырып отыр. Қазақстан жастарының шет тілдерін меңгеруге деген ұмтылысы, қоғамды компьютерлендіру, интернетті пайдалану, шығыс мәдениетінің телевидение, кино арқылы ықпал етуі, еуропалық сапаға ұмтылу – осының барлығы біздің қоғамды «латын қарпінің құшағына» еріксіз, әрі біртіндеп тартып келеді.

Қазақстан қазіргі кезде әлемдік экономикалық процестердің белсенді қатысушысы болып табылатындықтан, латын графикасына көшудің де мультипликативті әсері болады. Қазақстан жүргізіп отырған саясаттың тұрақтылығы мен болжалымдылығы, Қазақстанда бизнес жүргізуге жасалған қолайлы жағдайлар шетелдік компанияларды Қазақстан аумағына барған сайын тартуда. Атап айтқанда, Бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде Қазақстан 2015-2016 жылдары 42 орын иеленді. «Жәдігерлер қоры» («Фонд наследия», The Heritage Foundation) Америкалық зерттеу орталығының Экономикалық бостандық рейтингінде де 2016 жылы Қазақстан 42 орыннан көрінді. Doing Business Дүниежүзілік банктің рейтингінде Қазақстан 35 орынға тұрақтап, қатарынан төрт жыл бойы үздік реформатор ретінде мойындалып келеді. Шетелдік азаматтардың Қазақстанға деген қызығушылығының артуы олардың қазақ тілін білуге деген мүддесін де ынталадырады. Қазақстанмен экономикалық байланыстарын кеңейтуді жоспарлай отырып, көптеген шетелдік компаниялар өз қызметкерлерінің қазақ тілін үйренуіне жағдай жасауда. Осы ретте шетелдіктердің қазақ тілін латын қарпі арқылы үйрену оңай екендігі даусыз. Сонымен қатар қазақ жазуының латын графикасына көшуі Қазақстанның туризм саласына да қолайлы жағдай туғызады.

Латын графикасына көшудің таза лингвистикалық сипаттағы бірқатар себептері бар. Лаптын қарпіне көшу қазақ тілін дамытуға

жаңа серпін береді. Өйткені бұл үдеріс тілдің грамматикалық, әсіресе фонетикалық жүйесін үйлестіруге жәрдемдеседі. Ғалымдар латын графикасы пайдалануға өте қолайлы әрі қазақ тілінің фонетикалық жүйесін дәл береді деген пікірде. Қазіргі қазақ әліпбиінде 42 әріп бар, оның 33-ші орыс тілінің және тағызы – қазақ тілінің төл әріптері. Ал қазақ тілінің фонетикалық жүйесіндегі дыбыс саны – бар жоғы 28 дыбыс. Лингвистика заңдарына сәйкес, дыбыстарға қарағанда әріптер саны аз болуы керек. Ал қазақ тілінде керісінше болып отыр, өйткені орыстың барлық әріптеріне қазақ тіліне тән дыбыстарды білдіретін әріптер қосылды. Егер латын қарпіне көшкенде, бір дыбыс белгілі бір әріппен ғана таңбаланатын болады.

Кейбір адамдарда латын қарпіне көшу мәселесі қандай да бір басқа мүдделерге, мысалы, геосаяси мәселелерге қатысты жасалынып отыр деген пікір қалыптасқан. Қазақстан латын қарпіне көшсе, Ресейден іргесін аулақ салады деген сөздерді жиі естіп қаламыз. Бұл сын көтермейтін тұжырым деп есептейміз. Қазақстанның Ресеймен құрлық шекарасы – әлемдегі ең ұзын шекара, ортақ тарихи, мәдени, экономикалық, туыстық байланыстар – мұның бәрі екі елдің бір-бірімен алшақтауына мүмкіндік бермейді. «Өркениетті таңдау» деген ұғымды «геосаяси таңдау» деген түсініктің синонимі ретінде қабылдауға болмайды. Қазақстан Президенті бірнеше дүркін атап өткеніндей, біз орыс тіліне байыппен қараймыз, орыс тілін білу мәдениетіміздің деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Шымкент қаласында жұртшылықпен кездесу кезінде сөйлеген сөзінде Президент: «Біз кирилл қарпінен қол үзіп кете алмаймыз және орыс тілі мен мәдениетін ұмыта алмаймыз. Бұл қазақтар үшін мүмкін нәрсе емес. Біз орыс тілі арқылы әлемдік мәдениетті, әлемдік прогресті таныдық. Сондықтан ол әрқашан бізбен бірге. Адам қанша көп тіл білсе, ол соншалықты зиялы. Ресей – біздің үлкен көршіміз, құдай қосқан көршіміз және біз әрқашан бірге боламыз».

Сонымен, тілдік графика реформасын қазақ тілін жаңғырту тұрғысынан ғана ауыстыру керек. Бұл – графикаға ғана қатысты жүргізілетін реформа. Біз қандай да бір өзге тілге көшпейміз, графиканы ғана жаңғыртамыз. Бұл тілдің қызмет етуі мен практикалық қолданысының мәселесі болып табылады.

Қазақстандық сарапшылардың пікірінше, түркітілдес мемлекеттердің барлығы дерлік (Әзербайжан, Түркіменстан, Өзбекстан) латын әліпбиіне өтіп болғандығы латын графикасының түркі тілдерінің фонетикалық құрылымын дәл бейнелейтіндігін растайды. Осы ретте латын графикасына көшу бұл елдердің сыртқы саяси бағыт-бағдарына әсер етпегендігін атап айтуымыз қажет.

### **«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы**

---

#### **Гуманитарлық білімді жаңарту – қоғамдық сананы жаңғыртудың негізі ретінде**

Жоғарғы білім – Қазақстанның жаңғыруындағы негізгі салалардың бірі болып табылады. 2016-2017 оқу жылдары елімізде 125 жоғарғы оқу орны қызмет атқаруда, оларда 477 мың адам білім алып жатыр және 38 мың ұстаз бар. Өткен жылдарда еліміздегі білім берудің бәсекелестікке қарсы тұру деңгейін арттыруға бағытталған және оны дүниежүзілік білім беру мен ғылыми ортаға шоғырлануын көздейтін кешенді реформалар жүргізілген еді. Олар Қазақстанның білім беру жүйесін Лиссабон конвенциясы мен Болон декларациясының ережелеріне сәйкестендіруге ұмтылды.

Қазіргі уақытта, Қазақстанның үшінші жаңғыруын қамтамасыз етуге қатысты тапсырмаға байланысты елімізде білім саласындағы бәсекелестікке бейімделген сапалы деңгейдегі жаңа мамандарды дайындау қажеттілігі туындады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Өмір сүру үшін өзгере білу керек». Осындай өзгерулердің бір бағыты – ол қоғамдық сананы жаңғырту, сондай-ақ тек қоғамдық және гуманитарлық білімдер негізінде жүзеге асырылатын өзгертулер болмақ.

Бұл барлық мамандықтар студенттерінің қоғамдық және гуманитарлық білім саласында сапалы дайындығының болуын меңзейді, өйткені олар заманауи үдерістерді түсініп, сананы жаңғырту қағидаларының – ашық болудың, прагматизмнің, бәсекелестікке қарсы тұра білудің басты дәріптеушілері болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Болашақтың негізі – білім ордаларының аудиторияларында қаланады».

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асырып, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқытудың жаңа деңгейіне шығу мына мақсаттарға қол жеткізуді көздейді:

- еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарында гуманитарлық ғылым кафедраларын қайта құру;

- гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік 100 кітапты қазақ тіліне аудару;

- мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру.

### ***Оқулықтарды қазақ тіліне аудару жобасының жиынтық әсері***

2018–2019 жылдардан бастап еліміздегі жоғарғы оқу орындарының студенттері қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша әлемде үздік оқу үлгілері болып табылатын кітаптармен оқуды бастайды.

Әрине, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қазақстандық ғалымдар мен ұстаздардың ұлттық оқулықтарды дайындау жөніндегі жұмыстарын жоққа шығармайды. Бұл тек қазақстандықтар қолдана алатын оқыту әдістерінің спектрін кеңейтуге бағытталған және оларды студенттер мен ұстаздарға қол жетімді қылуға арналған.

Қазақстандағы білім беру үлгісін өзгертудің негізгі факторы – ол білім беру мен ғылым саласында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде нығайуына, қазақ тілінде білім алатын студенттер санының артуына байланысты. Мысалы, мемлекеттік тілде білім алу тенденциясының тұрақты өсімі сақталуда, техникалық және кәсіби білім алатындар: 2012–2013 оқу жылдары – 54,8%, ал 2013–2014 жылдары – 56,3%, 2014–2015 жылдары – 57,5%-ды құраған. Қазақстанның жоғарғы білім беру жүйесінде, қазақ тілінде оқытылатын студенттердің саны 62% құраған.

Алайда, қазақ тіліндегі кітаптардың студенттерге қол жетімді болуы жағынан, сондай-ақ ғылыми түсініктемелік аппаратты әзірлеу бойынша бірқатар қиыншылықтар сақталуда.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асыру Қазақстандағы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқыту жүйесін жетілдірумен қатар тағы да екі мәселені шешуге мүмкіндік береді:

- жоба ғылыми айналымға заманауи әлеметтік процестерді түсіндіретін жаңа тұжырымдамаларды енгізу арқылы, Қазақстандағы әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің академиялық ортасын дамытуға септігін тигізеді;

- аударма жобасы арқылы қазақ тілінің дамуы жүзеге асырылатын болады, өйткені гуманитарлық пәндер саласындағы фундаметалды, теориялық зерттеулер мемлекеттік тілдің тұжырымдамалық және түсіндірмелік құрылымын дамытуды қажет етеді.

### ***Оқулық және ғылыми әдебиеттерді аударудың халықаралық, қазақстандық тәжірибесі***

Оқулықты және аударма жобаларын дайындау бойынша ауқымды жобалар әлемде кеңінен тараған тәжірибе. Физика бойынша америкалық (Р. Фейнман, Р. Лейтон және М. Сэндсом) және кеңестік (Л. Ландау мен Е. Лифшиц) ғалымдар дайындаған көп томды курстар бүкіл әлемге белгілі, оларды тиісінше орыс және ағылшын тілдеріне аудару 1960–1970 жылдардағы табиғи-ғылыми білімдердің дамуына үлкен серпіліс берді. Гуманитарлық саладағы аудару жобалары жүйелі түрде (авторлар мен аудармашыларды, баспаларды таңдау, аудару сөздігін құру) бірқатар халықаралық үкіметтік емес ұйымдар тарапынан, сондай-ақ кейбір университеттер мен жеке ғалымдар тарапынан жүзеге асырылды. Олардың арасындағы ең танымал және ең тиімдісі – «Пушкин» баспа жұмысына көмек көрсету бағдарламасы болып табылады. Ол 1990 жылдан бастап Ресейдегі Француз институты тарапынан жүзеге асырылды және соның арқасында 26 жыл ішінде орыс тіліне 900 шығарма аударылғандығын айта кеткен жөн.

Қазақстанда да мұндай тәжірибе бар. 2011 жылы Білім және ғылым министрілігінің қолдауымен Жоғарғы оқу орындарының ассоциациясы тарапынан жүзеге асырылған жоба аясында, оқулықтарды қазақ тіліне аудару жұмысы басталған болатын. 2012 жылы нанотехнология, биотехнология, минералогия, ақпараттық жүйелер, дизайн мен архи-



тектура, философия, музыка сияқты мамандықтар бойынша жалпы тиражы 18 700 дананы құрайтын 15 шетелдік оқулық мемлекеттік тілде басылып шығарылған болатын. Олардың барлығы Республикалық «Оқулық» ғылыми-тәжірибелік орталығында сараптамадан өткен.

### **Ұлттық аударма бюросы – Жобаны жүзеге асырудағы орталық буын**

Қазіргі уақытта қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша оқулықтарды дайындау жөнінде талаптар қойылып отыр. Осы орайда әдебиеттерді қазақ тіліне аудару, мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жүйелі тапсырма ретінде қарастырылуда. Бұл – қоғамдық өмірді және білім беру процестерін дамытудағы жаңа тренд. Жаңа оқулықтарды шығару ғылыми және білім берудің қатаң сараптамасына сүйенетін болады және беделді ғалымдар мен сарапшылардың ең ауқымды келісіміне септігін тигізеді. Оқулықтарды таңдап алу ағымдағы 2017 жылы басталатын болады және бірнеше жылдар бойы жалғасады. Оқулықтар әлемдегі оқулықтардың ең үздік үлгілерінен таңдап алынады.

Ұлттық аударма бюросы жобаны жүзеге асырудағы мемлекеттік және коммерциялық емес орталық буын болып табылады, ол екі кезең шеңберінде қызмет атқарады:

- бірінші кезеңде оның мақсаты – шетелдік дереккөздерді қазақ тіліне аударуды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

- екінші кезеңде – қазақ тіліндегі аудармалармен қатар, мемлекеттік тілдегі материалдарды басқа да тілге аударуды жүзеге асыру.

2018 жылы алғашқы оқулықтарды аудару жұмысы басталады. Оларды латын графикасы негізінде жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл ағылшын, неміс, орыс, француз және басқа да тілдердегі кітаптардың аудармалары болады. Идеологиялық, саяси немесе басқа да бір жақты пікірі бар оқулықтарды басып шығаруға жол берілмеуі тиіс.

## **«Туған жер» патриоттық бағдарламасы**

---

«Туған жер» бағдарламасы Отанға деген рационалды және эмоционалды қатынасты біріктіруге бағытталған. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншілікке бағытталған патриотизм мәдени-генетикалық кодтың негізі болып табылады. Бағдарлама 3 бағыт бойынша жүйелі жұмысты талап етеді:

- ✓ Бірінші бағыт – өлкетану жұмыстары:
- ✓ Екінші бағыт – табысқа жеткен өкілдер мен ауылдық мекендерден шыққандардың (кәсіпкер, шенеунік, жастар және т. б.) көмегімен аумақтағы инфрақұрылымдық қолдау;
- ✓ Үшінші бағыт – жергілікті биліктің бірлескен жұмысы, демеушілік көмекті қолдау мен тетіктерінің оңтайлы түрін іздеу.

Өлкетану білімі біржақты этнографиялық аспектіні ғана емес, сонымен бірге ірі ағартушылық жұмысқа негізделіп, жергілікті жердің географиясын, фольклорын, мифологиясын зерттеуді талап етеді.

Өлкетану білімін ұйымдастыруды жүзеге асыруда жалпы білім беру мектептеріне сүйенген жөн. Әкімдіктер Білім және ғылым министрлігімен бірге негізгі оқу құралдарын дайындау бойынша жұмыс жүргізуі тиіс.

Меценаттықты дамыту әр өлкеден шыққандардың демеушілік көмегін белсенді қолдауды талап етеді. Бұл жағдайда меценаттар мен жергілікті билік, жұртшылық арасында мына ұстанымдар жүзеге асырылуы тиіс:

- Меценаттық нақты ауылға, мектепке, ЖОО-ға адрестік көмекті талап етеді;
- Жұртшылық тарапынан масылдық көңіл-күй емес, жергілікті бағдарламаларды бірлесіп жүзеге асыруға ынта болуы тиіс;
- Жергілікті биліктің тарапынан меценаттықты қолдайтын іс-әрекеттер күтіледі. Бұл жағдайда өңірдің дамуына еңбегі сіңген адамдарды мәңгілік есте қалдыру сияқты моральдық мотиваторларды қосуға болады. Мәселен, нақты тұлғалардың жергілікті жобаларды жүзеге асырудағы рөлі туралы естелік тақташалар орнату.

Қазірден бастап осы бағдарламаның нұсқасы мен мазмұнын талқылау үрдісі басталып кеткендігін айтып өткен жөн. Сарапшылардың ұсыныстары арасында мыналарға назар аударуға болады:

- британдық өлкетану ассоциациясының форматын үлгі ете отырып, азаматтық сектордың негізінде тарихшылар, экскурсоводтар, туризм саласының мамандарын және т. б. біріктіретін қазақстандық өлкетану ұйымын құру;

- әлеуметтік желілердің кеңістігінде қазақстандық табиғатты насихаттау мақсатында барлық өңірлерге баратын арнайы фотоэкспедициялар ұйымдастыру;

- Астана қаласындағы «атамекен» этно-мемориалдық кешеніне ұқсас, алайда тек мәдени ескерткіштерді ғана емес, табиғи ескерткіштерді насихаттайтын өңірлік деңгейдегі ескерткіштер кешенінің картасын жасау. Балама шешім ретінде осы картаның диджитализациясы мен Қазақстан қаларынында галограмма ретінде көрсетілімі ұсынылады;

- экономикалық салада – туристік абаттандыру аясында бизнес үшін уақытша салық жеңілдіктерін енгізу (транспорттық логистика, тамақтану және т. б.)

### **«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы**

---

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық сипатқа ие рухани жәдігерлерді топтастырады. Жобаның 3 негізгі бағыты бар:

- ✓ Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін құру және еліміздің әрбір азаматына ұлттық бірегейліктің осы негізі бойынша сапалы білім дарыту;

- ✓ Жобаны жүйелі ұлттық ақпараттық сүйемелдеу;

- ✓ Қазақстанның мәдени-географиялық белдеуіне сүйене отырып, ішкі және сыртқы мәдени туризмді дамыту.

Киелі жерлердің белдеуін жүзеге асыру үшін жоба аясындағы нысандардың нақты санын анықтау қажет. Ол тым көп болмауы тиіс, алайда тарихи ескерткіштердің негізі кешенін қамтуы қажет, соның ішінде келесілерге назар аударған жөн:

- Әлемдік өркениеттің қазынасы – Алтай және жалпы Шығыс Қазақстан аумағы. Бұл өңір әлемдік тарихи мұра бола отырып,

тек қана түрік тайпаларының ғана месе, үндіеуропалық және арий халықтарының арғы отаны болып табылады;

- Түркістан – Қазақстанның тарихи жетістігі, сонымен қоса Ұлы Жібек жолындағы Тараз, Шымкент, сондай-ақ Алматы облысындағы қалаларға, Сырдария маңындағы өңірлерге назар аударған жөн;

- Көлік желісінен жырақта орналасқан Орталық Қазақстандағы Ұлытау – Қазақ мәдениетінің қасиетті орталығы;

- Ұлытау сияқты Маңғыстаудағы Үстіртті де Қазақстан аумағындағы барлық қасиетті пантеондармен байланыстыру керек.

Осы өңірлердегі туристік инфрақұрылымның дамуына ерекше назар аудара отырып, жобаны жүзеге асыру үшін әкімдіктермен тұрақты негізде күнделікті жұмысты жүргізген жөн.

Сонымен қатар, қоғамдағы жаһанды ақпараттану үрдісінің сипатын ескере отырып, отандық мәдениетің әлемдік қауымдастықпен коммуникациялық байланыс орнатып, жаһандық деңгейде өз жетістіктерін көрсете алу мүмкіндіктеріне ие болуына баса назар аудару тиіспіз.

Бұл орайда жаһандық трендтердің бірі туризмді дамыту арқылы өз мәдениетін ілгерілету болып табылады. Осы ретте Қазақстанның туристік әлеуетін аша алатын, зор резервтер мен мүмкіндіктерге ие тарихи-мәдени ландшафтты ескеру қажет.

Шетелдік туристерді тарту мақсатында мәдени-туристік инфрақұрылымды қалыптастыру мен жаңғырту жұмысын белсенді жүргізген жөн. Соның ішінде Алтайға, Үстірт пен Түркістанға және т.б. жерлерге тарихи-эзотерикалық туризм жасау зор қызығушылық тудыруы мүмкін.

Өз тарихымыз бен мәдениетімізге, халқымызға құрметпен қарау сезімін қалыптастыру үшін тек элитарлық мәдениеттің өкілдерін ғана емес, бұл іске барлық қауымдастықтарды, халықты тарту қажет.

Қазақстанның қасиетті нысандары картасын жасауды жүргізу жөн. Одан басқа, жобаны кеңінен зерттеу мен ілгерілету бойынша шаралар жоспарын қабылдаған маңызды. Мәселен, Discovery, National Geographic каналдарымен бірге Қазақстан туралы ғылыми-танымдық фильмдердің топтамасын жасау ұсынылады. Бағдарламаның келесі деңгейіне көшудің негізгі шарты пантеон тізімдемесін жасауда ортақ келісімге келу болмақ.

## **«Жаһандық заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы**

Қазіргі заманғы бәсекелік қабілеттілік дегеніміз экономикалық даму, халықаралық бастамалар мен жобалар ғана емес, сондай-ақ бәсекеге қабілетті мәдениетті қалыптастыру, өзіндік мәдени жетістіктермен әлемге танылу.

Бүгінде Қазақстан әлемдік аренада мұнайдың ірі қоры арқылы, ядролық қарудан бас тартқан, жаппай қырып жою қаруын таратпау, атомды бейбіт мақсатта пайдалану бастамашысы ретінде танымал. Қазақстанның бұл бейнесі ұлттық брендке айналды, осы арқылы әлемдік және өңірлік үрдістерде мемлекет пен оның мүмкіндіктері туралы жағымды ассоциациялар жасалады.

Қазақстан дамуының жаңа кезеңі сыртқы саяси бастамалармен байланысты брендтерді ілгерілету ғана емес, қазақстандық мәдениеттің үздік үлгілері мен жетістіктерін көрсету арқылы мемлекеттің танымалдығын арттыруды көздейді. Мұндағы әңгіме ғылым, әдебиет, көркем өнер мен музыка, театр, кино және т. б. қамтитын ұлттық мәдениеттің кең мағынасында айтылады.

Мәдениеттің үздік үлгілеріне, халық шаруашылығында, тарихында, музыка, әдебиет, кескіндеме, театр, кино өнеріндегі озық туындылар Қазақстан мен ұлттық бірегейлігіміз туралы тұрақты ассоциациялар мен бейнелер қалыптастыруға септігін тигізеді.

Мұнда заманауи мәдениеттің нысаны мен мазмұны бойынша ілгерілеуге басымдық беріледі, соның ішінде халықаралық деңгейде заманауи авторлардың жұмыстарын әсіресе өз шығармашылығын жеткізуде заманауи нысандарды – мультимедиялық кітаптар, кинематографиялық және әуендік жобалар; виртуалды 3D мұражайлық, көрме және ғылыми экспозициялар; электронды кітапханаларды белсенді пайдаланатын жастарды қолдауға тиіспіз.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Туған жер», «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобаларын да дәл осылай ілгерілетуге тиіспіз.

Ең бастысы, ұлттық мәдениеттегі үздіктерді таңдап қана қоймай, оларды халықаралық аренада насихаттаудың тиімді тетіктерін табу маңызды.

Заманауи Қазақстанның ғылыми және әдеби жобаларын ілгерілету механизмдерінің бірі олардың әлемдік тілдерге аудармасы болып табылады, мұндағы басты рөлді Ұлттық аударма бюросы ойнайды.

Ауқымды жобаның жүзеге асуы осы жұмыстарға тартылған министрліктер мен ведомстволардың, Мәдениет және спорт министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Ақпарат және коммуникация министрлігі, Астана және Алматы қалалары мен облыстардың әкімдіктері, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен шығармашылық интеллегенцияның үйлестіруі негізінде мүмкін екені белгілі. Атап айтқанда, Сыртқы істер министрлігі ақпараттық-имидждік жұмысқа бағытталған бюджеттің белгілі бір бөлігін ұлттық мәдениетті шетелде ілгерілетуге жұмсайды. Елшіліктер мен дипломатиялық өкілдіктердің жұмысы сәйкесінше ведомство алдына қойылған міндеттерге бағдарланады.

Сонымен қоса, шетелдерде қазақстандық мәдениетті кеңінен таныстыру үшін мәдени брендтерді іріктеудің бағалау жүйесі дайындалады.

### **«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы**

---

Қазіргі Қазақстан өзінің бұрынғысынан ерекшеленеді. Тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде Қазақстан тарихи жолдан өтіп, әлемдік кеңістікте танымал мемлекетке айналды.

Қазіргі заманғы Қазақстан

- дамыған экономикасы;
- сапалы білім жүйесі,
- жоғары білікті кәсіби кадрлары;
- медицина саласында елеулі жетістіктері;
- жоғары спорттық әлеуеті және т.б. бар мемлекет.

Алайда, Президент өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында» нақты адамдардың тағдыры көрінбейтіндігін атап өтті.

Біздің жетістіктеріміз өздігінен дүниеге келген жоқ. Осының барлығының артында ел азаматтарының қажыр-қайраты жатыр. Қазақстанның әр жетістігінің тарихы – әрбір адамның жетістігінің

тарихы. Тарихты адамдар жасайды. Тарих – ол әріптері бар кітап емес, ол – адамдардың өмірі.

Қазақстан – жас мемлекет және біздің бүгінгі Қазақстанды құрып жатқан адамдар – ол біздің замандастар, көбінесе жастар.

Президент «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын іске асыруды ұсынып отыр. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы ең алдымен жаңа буынның тұлғаларына бағытталған. Бұл жоба Қазақстанға әр түрлі саладағы көрнекті тұлғаларды таныстырады. Олар мәдениет қайраткерлері: әншілер, сазгерлер, спортшылар, ғалымдар, журналистер, кәсіпкерлер және басқа да өз ісінің майталмандары.

Негізінен бұл – 20 және 30 жас аралығындағы қазақстандықтар. Тәуелсіздік кезеңінде табыс пен құрметке қол жеткізген жандар.

Сонымен қатар, қазіргі Қазақстанда Жобаға енгізілетін 100 адамнан анағұрлым көп табысты адамдар бар екенін түсіну қажет.

Жобаның мақсаты ең үздіктерді таңдау емес, конкурс немесе жарыс емес. Бұл жоба жас ұрпаққа алдыңғы буынның кәсіби табыстарға қалай жеткендерін көрсетеді, жол сілтейді.

Сондықтан «100 жаңа есім» тек ұлттық деңгейде ғана емес, өңірлік деңгейде де іске асырылатын болады. Қазақстанның әр өңірінде өздерінің табысты адамдары бар және олардың өмір тарихы өзгелерге үлгі бала алады.

Жоба үш міндетті орындауға бағытталған:

1. Өздерінің ақылымен, еңбегімен және дарынымен қазіргі Қазақстанды жасап жатқандарды түстеп көрсету.

2. Танымал замандастарымызға ақпараттық қолдау көрсететін және елге әйгілейтін жаңа мультимедиялық алаң құру.

3. Тек ұлттық деңгейде ғана емес, өңірлік деңгейдегі «100 жаңа есім» жобаларын жасау. Біз ұлтымыздың алтын қорын құратындарды білуіміз керек.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫНЫҢ  
«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҒЫРУ»  
БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚАЛАСЫНЫҢ  
НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ МЕН ҰҒЫМДАРЫ**

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы қазақстандықтардың менталитетінің сапалы тұрғыдан өзгеру стратегиясын ашып көрсетеді. Сондай-ақ осы жылдың 12 сәуірінде жарыққа шыққан бұл мақала 2017 жылдың 31 қаңтарынан бастау алған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы, сонымен қатар 2017 жылдың 10 наурызында жарияланған билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу бойынша конституциялық өзгертулер жобасымен бірге президенттік мәтіндердің үштігін құрап отыр.

Президенттің Бағдарламалық мақаласы **жаңа саяси лексиканы** қолданысқа енгізіп отыр. Мұнда **жаңа түсініктер мен ұғымдық мәндер**, сонымен қатар бұрындары қолданылған, бірақ жаңа үлгіде ұсынылып отырған ұғымдар пайдаланылған.

Осы орайда Президенттің бағдарламалық мақаласын ілгерлетуде аталмыш мақаланың мәні мен мазмұнын жете және тереңінен түсіну үшін негізгі және тірек түсініктерді қарастырып өту керек.

<b>Ұғым және мәндік құрылым</b>	<b>Түсіндірме</b>
<b>Жаңғыру (модернизация)</b>	<p>Модерн сөзінен аударғанда заманауилықты білдіреді. Аграрлық қоғамнан индустриалды типке көшу үрдісін білдіреді. Модернизацияның теориялары аясында кеңінен қарастыратын болсақ «модернизация» дәстүрлі қоғамның немесе өтпелі кезеңдегі қоғамның белгілі бір қабылданған оңды өзгерістер шкаласы бойынша анағұрлым озық елдердің деңгейін қуып жетуді білдіретін барлық дамушы әлеуметтік өзгерістердің синонимі ретінде түсініледі.</p> <p>XXI ғасырдың жағдайындағы модернизация көмірсутекті экономикадан сандық технологиялар, баламалық және жаңартылып отыратын энергия көздеріне негізделген жаңа технологиялық тәртіпке өтуді білдіреді.</p>



	<p>Жалпыөркениеттік және әлеуметтік-мәдени сипатқа иеленетін модернизация қоғамның жалпы құрылымының, қоғамдық қатынастар жүйесінің түгелдей өзгеруін білдіреді.</p>
<p><b>Жаңғырудың XX ғасырдағы батыстық үлгілері</b></p>	<p>Жаңғырудың бірнеше түрі аталып өтеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– жаңғыру вестернизация ретінде (дамушы елдердің батыс қоғамдарының құндылықтарын, тәжірибесін, стандарттары мен үлгілерін көшіріп алу үрдісі);</li> <li>– жаңғыру жаһанданудың бөлігі ретінде (дәстүрлі қоғамның технологиялардың трансферті мен инвестициялар кіретін әлемдік қатынастар жүйесіне ортақтасу үрдісіне сәйкес келеді);</li> <li>– пионерлік жаңғыру (әлемдік техникалық және экономикалық прогресстің көшбасшы мемлекеттері пионерлік даму үлгісін ұстанып келеді. Осы үлгінің шеңберінде олар өндіріс технологиясы бойынша және ұлттық байыту өсімінің қарқындылығы тұрғысынан анағұрлым жетілдірілген экономикалық тетіктерді қалыптастырады);</li> <li>– қуып жетуші жаңғыру (отаршылдықтан кейінгі кезеңдегі елдердің заманауи қоғамға өту үрдістерін сипаттайды. Кейбір елдерді есепке алмағанда қуып жетуші бағыттағы барлық елдер орташа табыс қақпанында қалды, яғни дамыған елдердің қатарына кіре алмады);</li> <li>– жаңғырудың еліктеме үлгісі (бейорганикалық жаңғыру адами капиталдың өзгеруіне алып келмейтін технологияларды көшіріп алу, инвестициялармен және қарқынды экономикалық дамумен сипатталады. Халықтың негізгі бөлігі жаңғыру үрдісінен алшақатылған болып келеді.</li> </ul> <p>Оның артықшылықтары мен игілігін тек элитаның бір бөлігі мен шетелдік капитал көріп отырады. Нәтижесінде бұл араб көктемі және бархыт революциясы іспеттес жаппай наразылық қозғалыстардың пайда болуы мен режимдердің құлдырауына әкеліп соқтырады).</p>
<p><b>Рухани жаңғырудың міндеті</b></p>	<p>Қоғамдық қатынастардың әлеуметтік және мәдени саласының өзгеруі (еңбек этикасы, құндылықтардың дәстүрлі жүйесі, өмір салты, тұтынушылық мәдениет, халықтың әлеуметтік өмір салтының жаңа формаларына деген сезімталдығы және т.б.).</p>
<p><b>Қоғамдық сана</b></p>	<p>Қоғамдық сана – бұл қоғамдық өмірді сипаттайтын адамдардың рухани құндылықтары, қағидалары, көзқарастары, идеялары, білімдері мен көңіл күйлерінің біртұтастығын білдіруші толыққанды рухани құбылыс. Қоғамдық сананың негізгі формалары – ғылым, философия, өнер, адамгершілік, дін, саясат және т.б.</p>

	<p>Қоғамдық сананың құрылымында екі деңгей аталып өтеді: қоғамдық психология мен идеология. Қоғамдық психология жалпы қоғамға және оның үлкен әлеуметтік топтарының әрбіреуіне тиесілі сезімдер, көңіл күйлер мен әдет-ғұрыптардың біртұтастығы болып табылады. Идеология билеуші әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіретін және қоғамның рухани өмірінің стратегиясын қалыптастыратын теориялық пікірлердің жүйесі болып табылады.</p> <p>Қоғамдық сана ұғымына мәні және мазмұны бойынша діл ұғымы жақын болып келеді. Діл (француз тілінде mentalite – ойлау үлгісі) – бұл қоғамдық сананың тереңдетілген деңгейі, ол рухани құрылымдарымен көрініс тауып, солардың арқасында әлеуметтік топ, яғни қауымдастықтан бастап біртұтас ұлтқа дейінгілер әлемді қабылдап, сезіп, ойлап, белгілі бір қалыппен әрекет етеді.</p>
<p><b>Ұлттық сана</b></p>	<p>Ұлттар мен этностардың рухани дамуының деңгейі мен өмір салтының ерекшеліктері көрініс табатын әлеуметтік, экономикалық, саяси, ізгіліктік және этикалық, философиялық, діни көзқарастардың, әрекет нормалары, әдет-ғұрып пен дәстүрлердің, құндылықтық бағдарлар мен идеалдардың біртұтастығы болып табылады.</p>
<p><b>Үшінші жаңғыру</b></p>	<p>Ұғым өтпелі қоғамдар, бастысы посткоммунистік елдердің теориясымен байланысты болып келеді.</p> <p>Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан кейін үш өлшемдік транзитті басынан кешірді.</p> <p>Біріншісі – жаңа мемлекеттіліктің атрибуттары мен институттарын құру.</p> <p>Екіншісі – жоспарлыдан нарықтық экономикаға көшу. Қазақстан 2001 жылы посткеңестік кеңістікте алғашқы болып нарықтық экономикасы бар ел мәртебесіне иеленді. Экономикалық ауысым көп жағдайларда польшалық реформалардың үлгісі бойынша, яғни шок терапиясы, жекешелендіру, кәсіпкерлер тобын қалыптастыру шараларын өткізу арқылы іске асырылды.</p> <p>Үшіншісі – қоғамдық сананың өзгеруі. Бұл жағдайда патернализм мен Кеңес Одағы кезінде басымдық танытқан масылдық психология, мемлекеттік институттарға тәуелділікті еңсеру маңызды болып келді. Адамдардың санасында әлі күнге дейін тоталитарлық режимнің психологиялық кері тартпалары мен үрейлері сақталып келеді.</p> <p>2017 жылдың 31 қаңтарында жарияланған «Үшінші жаңғыру: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында жаңғырудың осы бөлігі, яғни қоғамдық сананың архаикалық формаларын бұзу</p>

	<p>және түбегейлі технологиялық және әлеуметтік-мәдени өзгерістерді есепке алатын жаңа ділділікті қалыптастыру қажеттілігі меңзеліп келеді.</p>
<p><b>Отыз дамыған елдің қатарына кіру</b></p>	<p>Елбасының 2012 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан халқына жариялаған «Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясында» қойған міндеттерінің бірі болып табылады.</p> <p>Аталмыш үрдіс түрлі өлшемдерге иеленіп келеді. Солардың бірі – Экономикалық ықпалдастық пен даму ұйымына мүшелік ету (ЭЫДҰ). Дәлірегін айтқанда, бұл ең дамыған елдердің клубы болып табылады. Қазақстан осы ұйымға мүшелік ету жолында ЭЫДҰ-мен ықпалдастықтың мемлекеттік бағдарламасына қол қойды.</p> <p>Екінші өлшем – халықаралық рейтингтер.</p> <p>ДЭҚ-дың 2016–2017 жылдарға жасаған Бәсекеге қабілеттіліктің жаһанды индексі бойынша Қазақстан 140 елдің ішінде 53 орынға орналасқан.</p> <p>IMD рейтингінде ҚР 61 мемлекеттің ішінде 34 орынды еншіленді.</p> <p>Үшінші өлшем – елдің түрлі салалардағы жетістіктері болып табылады. Мысалға, спорт саласында Қазақстан көшбасшылар қатарына енді.</p>
<p><b>«Мәдени мұра» бағдарламасы</b></p>	<p>2004–2011 жылдары аралығында бірнеше кезеңдерде іске асырылған қазақ халқының материалды және материалды емес элементтерін жүйелеу мен іздеуге бағытталған бағдарлама.</p> <p>Алғашқы рет ұлттық бірегейлікті мазмұндық тұрғыдан толықтыруға септігін тигізіп, ұлттық байлықты еселеген ірі ұлттық жоба іске асырылды.</p> <p>Кітап басылымы айтарлықтай күшейді, ол бір жағынан, ішкі мұраны жүйелеп, оны сыртқы өріске тарату үрдісін бастауға, екіншіден, Қазақстанға шетелдік үлгілерді қайта трансляциялауға мүмкіндік береді.</p> <p>Тарих, археология, этнография мен Қазақстан мәдениеті бойынша таралымы бір жарым миллионнан асатын 537 кітап жарық көрді.</p> <p>Тек 2004–2006 жылдары 200-ден астам кітап жарық көрді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– «Бабалар сөзі» кітаптар топтамасы, қазақ тіліндегі «Әлемдік әдебиет кітапханасы», «Қазақ музыкасының антологиясы»;</li> <li>– қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша («Әлемдік әлеуметтанулық ой», «Әлемдік философиялық мұра», «Әлемдік психологиялық ой»);</li> <li>– тарих бойынша («Қазақтар құқықтарының көне әлемі», «Әлемдік тарихи ой», «Ежелгі авторлар шығармаларындағы Қазақстан тарихы», «Қазақстан археологиясы»);</li> </ul>

	<p>– филология бойынша («Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі», «Орфографилық сөздік»);</p> <p>– мәдениеттану мен этнология бойынша («Әлемдік мәдениеттанулық ой», «Этнография мен антропология» топтамасындағы «Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері»).</p> <p>Тарихи кезеңдер мен оқиғалар, мысалға, Аңырақай шайқасы туралы іргелі зерттеулер жүргізілді.</p> <p>Көшпенділер мәдениетінің әлемдік мәдениет қазынасындағы үлесіне ерекше көңіл бөлінді.</p>
<p><b>«Халық тарих толқынында» бағдарламасы</b></p>	<p>Бұл ұлттық тарихты зерттеу бойынша Ведомствоаралық жұмыс тобының шеңберінде 2013 жылы бастама алған бағдарлама.</p> <p>Бағдарлама шеңберінде ежелгі дәуір мен орта ғасырдан бастап қазіргі заманға дейінгі барлық тарихи кезеңдер бойынша алдыңғы қатарлы зерттеулер іске асырылған.</p> <p>Ұлттық тарихты зерттеуге қатысты негізгі мәселелер бойынша ақпарат беретін «NATIONAL DIGITAL HISTORY» порталы ашылған.</p>
<p><b>Жауапкершілігі мол және мықты азаматтардың ұлты</b></p>	<p>Ұлт бір территорияда өмір сүріп жатқан, белгілі бір туыстық, тарихи, мәдени, шаруашылық, тілдік байланыстармен ортақтасқан адамдар қауымдастығына тиесілі сана сезімнің жоғары деңгейін білдіреді.</p> <p>Қазіргі әлемде ұлттың маңызды белгісі оның бәсекеге қабілеттілігі, яғни ұлттық менталитеттің өзгермелі жағдайларға бейімделіп, ұлттық мемлекеттің адами және әлеуметтік капиталын сапалы түрде жетілдіріп, еселеуге, ел тағдыры үшін жауапкершілік, патриотизм мен азаматтылықтың жоғары деңгейін көрсету мүмкіндігі болып табылады.</p>
<p><b>Ұлттық мәдени код</b></p>	<p>Қазіргі әлеуметтік теорияда биологиялық ағзалардың генінде даму бағдарламасы қалай жазылса, негізгі құндылықтар мен мәдениет санаттарында әлеуметтік қызметтің биологиялық қасиетінен жоғары тұратын бағдарламалық матрицалары мен әлеуметтік өзара әрекеттесулердің мазмұндық саласын құрылымдаудың қағидалары солайша көрініс табады.</p> <p>Әрбір этностық топ өзіндік мәдени және антропологиялық кодқа иеленеді. Тірі ағзадағы гендер әлеуметтік жүйенің ДНК рөлін атқарса ұлттық мәдениеттің әлеуметтік кодтары қоғамның өмірінде де сондай рөлді атқарады. Ұлттық ділдің дүниетанымық әмбебаптары адам өмірінің біртұтас бейнесін қалыптастырады.</p>

	<p>Белгілі бір мәдениет түріндегі құндылықтық басымдықтарының шкаласын көрсете отырып, олар білімнің, нанымдар, құндылықтық бағдарлар, мақсат ұстанымдары, қызмет ету үлгілері мен әрекеттердің қайсылары адамдардың әрекеттерін, тілдесуі мен қызметін реттейтінін, олардың әлеуметтік өмірін қалыптастыратынын анықтайды.</p> <p>Ұлттық сананың дүниетанымдық әмбебаптарының жүйесі өзіндік бір мәдени және генетикалық код болып табылады, соған сәйкес әлеуметтік ағзалар да жаратылып отырады. Әлеуметтік ағзалардың түбегейлі өзгеруі мәдени және генетикалық кодтың өзгеруінсіз мүмкін емес.</p>
<b>Ұлттық сананың консервациясы</b>	<p>Адамдардың тәжірибелері мен әрекеттерінің ескірген үлгілер мен стереотиптер, патриархалды және архаикалық формалардың шеңберінде сақталуы.</p>
<b>Тұғырнама</b>	<p>Программистер сөздігінен алынған ұғым. Жалпы мәнін қарастыратын болсақ, бағдарламалық қамтуды орындаудың ортасы, осы орайда осы ортаның шектеулер мен мүмкіндіктерді айқындайтынын ескеру қажет.</p> <p>Президент мақаласының аясында тұғырнама (платформа) қоғамдық санада конструктивті өзгерістер үрдісін басқаруға арналған операциялық жүйе ретінде түсініледі.</p>
<b>Бәсекелік қабілет</b>	<p>Түрлі анықтамалардың талдауы бәсекелік қабілеттің қызмет көрсетулер мен тауарлардың нарығында, сондай-ақ кадрлар, салалар, аймақтар мен ұйымдардың сұранысқа иеленуін білдіретінін аңғаруға мүмкіндік береді.</p> <p>Сұранысқа иелену сұранысты анықтайды, ал ол өз кезегінде нарықтың оңтайлы жұмыс істеуіне, яғни сұранысқа иеленуші азықты өндіру мен оны өткізуді ынталандырады. Сұраныс пен ұсыныстың үйлесімділігінен теңдестірілген баға қалыптасады.</p>
<b>Компьютерлік сауаттылық</b>	<p>Халық арасындағы компьютерді игерудің деңгейін, кең ауқымды интернетке қолжетімділігі бар халық үлесін, экономиканы цифрлаудың деңгейін, ұялы байланысқа шыға алатын халық үлесін, мессенджерлерге қолжетімділігі бар, адамдар үлесін, электрондық сауда саттықтың сұранысқа иелену деңгейін білдіреді.</p>
<b>Шет тілдердің білу</b>	<p>Әлемдік ақпараттық қордың жартысынан астамы ағылшын тілінде жазылған. Ақпарат күн сайын және сағат сайын жаңартылып отырады. Ақпарат көздерінің тек кішігірім бөлігі орыс және қазақ тілдеріне аударылып отырады.</p>

	<p>Сәйкесінше, шет тілдерін білмеу негізгі ақпараттық лектен тыс қалдырып отырады. 2020 жылға қарай әрбір бесінші қазақстандық ағылшын тілін білетін болады. Жастар арасындағы бұл көрсеткіш 40% жетуі тиіс.</p> <p>Ағылшын тілі кеңінен таралған елдер тез және барынша дамып келеді. Мысал – Үндістан, Сингапур, Жапония, Оңтүстік Корея. Оларға технологиялар мен тәжірибе, сонымен қатар инновациялық дамуды қамтамасыз ететін біліктілігі жоғары кадрлар тез келіп отырады.</p>
<p><b>Мәдени ашықтық</b></p>	<p>Халық мәдениетінің сыртқы және ішкі тұтынушы үшін қолжетімді екендігін білдіреді. Ол іске асырылу үшін аталмыш мәдени кодтың дистрибьюция жүйесіне енгізілуі тиіс. Мәдени өнім ұлттық табыстың айтарлықтай маңызды үлесін құрай алады. Мысалға, Астанадағы ЭКСПО-2017 жобасы 4 млн жуық келушілерді, оның ішінде 500–700 мың шет ел азаматтарын тарта алады.</p> <p>Мәдени ашықтық – бұл ашық туристік бағыттар, транзиттік туризм мен экотуризмге арналған инфрақұрылым.</p> <p>Мәдени ашықтық – бұл төл мәдени өніміздің мүмкінді тұтынушылары Қазақстанға келу қауіпсіз ғана емес, сонымен қатар қызғылықты, пайдалы және танымды екендігіне көз жеткізу үшін Қазақстан туралы жаппай хабардарлық пен әлеуметтік желілердің жұмысын қамтамасыз ету.</p>
<p><b>«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы</b></p>	<p>Бұл 2017 жылдың 31 қаңтарында жарияланған Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекелік қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауындағы бағыт болып табылады. Бұл цифрлық қоғам жолында қадам жасауға, цифрлық экожүйені құру бойынша сапалы жобаларды іске асыру мен Қазақстан экономикасының бәсекелік қабілеттілігін нығайтуға бағдарланған жаңа ұрпақтың бағдарламасы болып табылады.</p>
<p><b>Үш тілде білім беру бағдарламасы</b></p>	<p>Үш тілде білім беруді ілгерлету бойынша іс-шаралардың жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысының 2015 жылдың 30 қазанынан бастап № 11 Бұйрығымен бекітілген.</p> <p>2015–2020 жылдарға бағдарланған үш тілде білім беруді дамытудың жол картасы (Білім және ғылым, мәдениет және спорт министрліктерінің «2015–2020 жылдарға бағдарланған үш тілде білім беруді дамытудың жол картасын бекіту туралы» ортақ бұйрығын дамыту).</p> <p>Аталмыш құжаттар ағылшын тілін тереңінен оқытуға көшу бойынша нақты қадамдарды ұйғарып қана қоймай, пәндерді де ағылшын тілінде оқыту шараларын кеңейтуді де білдіреді.</p>

	<p>Мұндағы маңызды мәселе – кең бұқараның ағылшын тілін игеруі. Ағылшын тілінің бүкіл әлемдік картасының мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасында шамамен 1,8 млн адам немесе халықтың 15% тілді игерген (<a href="http://chartsbin.com/">http://chartsbin.com/</a>).</p>
<p><b>Мәдени және конфессия-аралық келісім бағдарламасы</b></p>	<p>ҚР Президенттің 2015 жылдың 28 желтоқсанындағы № 148 Жарлығымен бекітіліген Қазақстан халқы Ассамблеясын дамыту концепциясы (2025 жылға дейін). Негізгі үш бағыт – қазақстандық бірегейлікті нығайту; мемлекеттік этносаясатты іске асыруға септігін тигізу; ҚХА институтын күшейту.</p> <p>Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту мен дамытудың концепциясы. ҚР Президенттің 2015 жылдың 28 желтоқсанындағы № 147 Жарлығымен бекітіліген. Негізгі мақсат – азаматтық бірегейлік пен қазақстандық қоғамның бірлігін қалыптастыру.</p>
<p><b>Прагматизм</b></p>	<p>Тиімді нәтижелерді алуға бағдарланған саясат, көзқарастар мен құндылықтардың жүйесі.</p> <p>Прагматизм – иррационалды тәжірибені жоғарылатуға негізделген метафизиканың қарама-қайшы қыры.</p> <p>Прагматизм діни тәжірибені де қарапайым адам түсінетіндей практикалық тұрғыдан қарастырады.</p> <p>Сонымен қатар прагматизм меркантилизмнен, яғни барлық заттан таза пайда мен табыс түсірудің тәжірибесінен ерекшелінеді. Меркантилды адам барлық нәрсені сатылатынын, ал прагматик барлық нәрсенің пайдалы, позитивті және игілікке толы тәжірибе әкелуі тиістігін айтады.</p> <p>Прагматизм тағы да бір ағымнан ерекшеленеді. Ол – романтизм. Ақырғысы адамның рухани және шығармашылық өмірінің құндылығын негіздеумен, күшті құштарлықтар мен мінездерді, рухтандырылған және емдік қасиеті бар табиғатты бейнелеумен сипатталады.</p> <p>Яғни, романтизм шығармашылық бастама болса, прагматизм тәжірибе болып табылады. Романтика сурет салса, прагматика оны сатып, романтикті асырауға қажетті қаражат таба алады.</p>
<p><b>Дұрыс экологиялық өмір салты</b></p>	<p>Мұнда шаруашылық және экономикалық қызметтің ресурсты сақтаушы және табиғаты қорғаушы технологиялары, сонымен қатар энергия мен суды сақтау құндылықтары мен практикалары туралы сөз қозғалып отыр. Еуропа елдерінде «циркуляциялық экономиканың», яғни қалдықсыз жұмыс істейтін технологиялар мен екінші ретке жарайтын қолданыс технологиялар туралы қағидалар қарқынды дамып келеді. Осындай экономика «тұтыну қоғамының» экономикасынан түбегейлі түрде ерекшелінеді.</p>

	<p>Табиғатқа деген бұрыс, енжарлық қатынасты біз социалистік, яғни барлық заттың мемлекеттің меншігінде болған кезеңнен бастап сақтап келеміз. Азаматтар өз меншіктері болмағандықтан барлық нәрсеге енжарлықпен қарайтын.</p>
<p><b>Популистік идеологиялар</b></p>	<p>Популизм популюс (халық) сөзінен пайда болған. Эпиталардың мүдделеріне қарсылық таныту ниетте кең бұқараның қолдауына иеленуге тырмысу. Популистік идеологиялар билеуші таптағы консервативтік көңіл күйлерге, статус-квоны сақтап қалуға мүдделі болу, қоғамдық қажеттіліктер мен мүдделерді назарға алмау сияқты әрекеттерге жауап ретінде қалыптасты.</p> <p>Дәлірегінде популизм – бұл охлократия немесе бұқара билігі. Мысалға, фашизм Мюнхендегі сыра бүліншілігі мен шабуыл жасақтарының қызметінен бастау алған болатын. Социал-большевизм қаналған және маргиналды әлеуметтік таптардың монархиялық элита мен буржуазиялық олигархияға қарсы наразылығының негізінде қалыптасты.</p> <p>Популистік идеология электоралды демократияларға, яғни саяси жүйенің негізін сайлау құрайтын қоғамдарға тиесілі болып келеді. Әдетте популистер билікке қол жеткізген соң өз ұстанымдарынан бас тарта бастайды. Бұның айқын мысалы – Грекияда «СИРИЗА» атты солшыл партияның билікке келуі, ол өз кезегінде Еуропалық Одақты қатаң сынға алуды тоқтатып, Брюссельмен келісім орнатты.</p>
<p><b>Ұлттық бірегейлікті сақтау</b></p>	<p>1991 жылдың жалпыодақтық референдумында қазақстандықтардың шамамен 86% кеңестік мемлекеттің сақталуына дауыс беріп, өздерін Кеңес Одағынан тыс елестете алмады. Бүгінгі таңда халықтың сонша үлесі өздерін Қазақстан Республикасымен бірегейлендіреді. Бірегейлік дағдарысымен байланысты транзиттік кезең де еңсерілді. Жалпы қазақстандық бірегейлік қалыптаса алды.</p> <p>Қазіргі таңдағы ұлттық бірегейлік – бұл ұлттық қуаттылықтың бөлігі, яғни қоғамның өз өнеркәсіптік, экономикалық, интеллектуалды, геосаяси өнімін дамыту қабілеттері болып табылады. Бұл «жұмсақ күштің» ресурсы. Әлемде әр-алуандылық идеясы сұранысқа ие болып келеді. Ол әрбір қоғамның жаңашылдығымен бөлісе алатынын білдіреді. Ұлттық бірегейлік – бұл заманауи әлемде өзінді өзің таба алуға мүмкіндік беретін стратегиялық капитал.</p>



<p><b>Әруақтардың өшпес үні</b></p>	<p>Әруақтарға сену – адам өміріндегі бабалардың ерекше маңыздылығын көрсететін тәңірге құлшыну, исламға дейінгі кезеңдерден сақталып қалған наным-сенімдердің дәстүрлі түрі.</p> <p>Әруақтарға сенудің негізінде шежіре, фольклор дәстүрлері сақталынып, тәжірибе ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді.</p>
<p><b>Бір ұлттың аймақтық тұрғыдан бөлінуі</b></p>	<p>Қоныстану территориясының кеңдігіне қарамастан қазақтар көшпенді мәдениеттің есебінен әрдайым бір ұлт ретінде қала береді. Мысалға, басқа тілдерге қарағанда қазақ тілінде диалектілер жоқ. Қазақтардың бірлігін далалық коммуникация қамтамасыз етіп отырды. Мысалға, Ұлытау – тартылыс орталығы мен үш жүздің әрдайым жиналып отыратын жері.</p> <p>Әрбір ру басқа қазақ руларымен одақ құруға тырысып бақты. Рудың өкілі ауқатты болған сайын қалыңдығын алыс аймақтардан алған болатын. Сол себептен Қазақстандағы трайбализм Ауғанстпн мен Үндістандағы касталық салтқа қарағанда өзге сапалы негізге иеленіп келеді. Трайбализм түрлерінің айырықшалануы отырықшы және көшпелі мәдениет арасындағы ерекшеліктерімен анықталады.</p> <p>Сонымен қатар, кеңестік кезеңде дәстүрлі өмір салты мен өндірістің күйреуі, яғни автохтонды халықтың шетке ығысуы қазақтардың белгілі бір деңгейде аймақтануына әкеліп соқтырды. Яғни, дәстүрлі рулық және жүздік бөлінушілікке ендігі отырықшы бөліну белгілері қабаттасып, атап айтқанда территориалдық пен маусымдық көші қонсыз тұрмыстың жаңа практикаларының пайда болуына әкеліп соқтырды.</p>
<p><b>Меритократиялық қоғам</b></p>	<p>Қоғамдағы жетекші позицияларды әлеуметтік шығу тегі мен материалды жағдайына қарамастан барлық қабілетті азаматтардың иеленетінін білдіреді. Яғни, мұндағы басты критерий – интеллект, ойлау қабілеттері, жоғары ізгілікті қасиеттер – еңбекқорлық пен адалдық және т. б.</p> <p>Меритократия концепциясының өзі Ежелгі Спартадан бастау алады. Онда басқару ісі еңбегі сіңгендерге, яғни соғыс жорықтарына қатысқан немесе үлес қосқан дарға ғана тапсырылады.</p> <p>Меритократия мемлекеттік аппараттағы шенеуніктер табының диктатуралық элементі ретіндегі бюрократияға қарама қайшы қойылады.</p> <p>Меритократияның маңызды қағидасы – элиталардың циркуляциясы, яғни лайықты адамдардың толықтырылуы есебінен билеуші таптың әрдайым жаңартылып отыруы.</p>

	<p>Меритократияның үлгісі АҚШ болып табылғанымен, сыншылар американдық үлгіні қамқорлықтағы дарындылардың, яғни қамқоршылардың назарындағы меритократия жүйесі деп бағалайды.</p> <p>Меритократияны енгізудің маңызды элементі – бұл дарындыларға әлеуметтік лифттері іздеу және бағалау жүйесі.</p>
<p><b>Білімнің салтанат құруы</b></p>	<p>Кеңестік жүйеден, дәлірек айтқанда энциклопедиялық білім, білім берудің кеңдігі мен оның іргелі сипатынан ерекшелінеді. Білімнің салтанаты функционалды сауаттылықты, нақты құзырлар мен мамандандыруды білдіреді. Мектеп оқушыларында сабақ оқу жүктемесі жоғары болмай, олардың назары жалпылай дамуға, яғни өнер, спорт, тілдерді оқу, заманауи коммуникативті практикаларға бөлінуі мүмкін. Мұнда білімнің өзі емес, ал оның қолданылуы маңызды болып келеді.</p> <p>Сол себептен білімнің салтанаты пәнді тереңінен тануды, бастамашылдықты және еңбекқорлықты ұйғарады. Мұнда басымдық алынған білімнің жиынтығына емес, ал жаңа идеяларды генерациялауға қойылып отыр.</p>
<p><b>«Болашақ» бағдарламасы</b></p>	<p>Қазақстандық жастарға конкурс негізінде тағайындалып, шет елде білім алуға мүмкіндік беретін халықаралық стипендия. 1993 жылдан бастап жалғасын тауып келе жатыр. Осы уақыт аралығында он екі мыңнан астам адам білім алды. Бүгінгі таңда «Болашақ» бағдарламасының түлектері – бұл әлем мен тілдерді жақсы игерген қазақстандық қоғам дамуының бетке ұстарлары.</p>
<p><b>Зияткерлік мектептер жүйесі</b></p>	<p>Еліміздің он үш қаласында қарапайым отбасылардан шыққан он мыңнан астам дарынды балаларға алдыңғы қатарлы орта білім беріп отырған жиырма Назарбаев зияткерлік мектептердің желісі. Бұл желінің негізінде қырық мыңнан астам пән оқытушыларының білім алуы да ретке келтірілген.</p>
<p><b>Жоғары деңгейдегі бірқатар университеттерді қалыптастырды</b></p>	<p>Батыстық жоғары оқу орындарының үздік үлгілері бойынша Астана қаласында халықаралық деңгейдегі жаңа зерттеу университеті – Назарбаев Университет құрылды. Ол білім беру, ғылым мен инновация сияқты үш құрамдасты біріктіріп отыр. Университеттің 8 клиникасының негізінде органдарды трансплантациялау, кардиохирургия мен онкология бойынша күрделі оталар жасалатын «Болашақ емханасы» қалыптастырылды. 2015 жылы Назарбаев университеті алғаш рет 380 бакалаврды түлек етіп шығарды. Түлектердің басым бөлігі оқуларын жетекші халықаралық университеттерді жалғастырды.</p>

	<p>Назарбаев университетінің мәліметтеріне сүйенетін болсақ, олардың 2/3 Массачусетс технологиялар институтында, Стэнфордтық университетте, Лондонның Университеттік колледжінде, Дьюка университетінде Сингапурдың ұлттық университетінде, Берклидегі Калифорния университетінде, Колумбия университетінде, Лондонның экономика және саяси ғылымдар мектебінде оқып жатыр. Сондай ақ, түлектердің 42% шетелдік жоғары оқу орындарының гранттары бойынша оқып жатыр. Үш мыңнан астам студент университет алды дайындық, бакалавриат, магистратура мен докторантура бағдарламалары бойынша оқиды.</p>
<p><b>Қазіргі мамандықтардың жартысы жойылады</b></p>	<p>Қазіргі таңда технологиялық тәртіптің ауысуы іске асырылып жатыр. Әлемдік экономика мұнай мен көмірге, яғни көмірсутегіне негізделген төрт қалыпты жүйеден бесінші және алтыншы технологиялық қалыптарға көшіп жатыр. Олардың мәні энергетикалық парадигманың, капитал мен меншіктің арасындағы әлеуметтік қатынастардың, баға орнату мен өндіріс арасындағы, реттестіру мен тұтыну арасындағы негіздердің ауысуына негізделіп отыр.</p> <p>Қол еңбегі ендігі роботтармен алмастырылып жатыр. Күрделі технологияларды енгізумен немесе интеллектуалды жұмыспен байланысты мамандықтар анағұрлым сұранысқа иеленіп келеді. Мұндағы басты критерий – қосымша құнды өндіру үшін мүмкіндіктердің болуы. Гуманитарлы және әлеуметтік мамандықтарға деген сұраныс кеңеюде. Қоғам барған сайын қартайатын болады және де соған байланысты әлеуметтік қызмет көрсетулер саласы мен медициналық қызметкерлерді даярлауға көп күш пен энергия жұмсалатын болады.</p> <p>Ақпараттық және кибер мүмкіндіктер, цифрлық технологиялар айтарлықтай дамып жатыр. Олардың бәр әдетті әлемнің күл талқанын шығарып отыр. Компьютер шеңберінен шықпайтын, бірақ қоғамның өміршеңдігін анықтайтын электрондық сауда, электрондық валюталар мен виртуалды экономиканың нарығы пайда болуда. Дәстүрлі БАҚ желілік ресурстардан, ағымдық ақпараттық арналардан артта қалып отыр.</p> <p>Биотехнологтар мен нанотехнологтар анағұрлым сұранысқа иеленетін болады.</p>

<p><b>Революциялық емес, эволюциялық даму</b></p>	<p>Қазақстан Президентінің G-Global доктринасында жариялаған қағидаларының бірі.</p> <p>Эволюция – жаңғыру теориясы элементтерінің бірі, олар өз кезегінде тәжірибені үйлесімді, кикілжінсіз тапсыруды және ортаның бейімделу мүмкіндігін, ұрпақтардың сабақтастығын жақсарту және зардаб тигізуді азайтуды қамтамасыз етеді.</p> <p>Революция күш салу, тарихи жағдайды тұтастай игерудің жобасы мен жоспарын білдіреді: бұрыңғы қоғамның ұстанып келген құрылымдары, идеалдары, әлеуметтік байланыстары мен құндылықтары қайта анықтала бастайды. Әлеуметтік өзгерістердің қазіргі теорияларында революциялар ендігі «тарих локомотивтері», адамзаттың жұлдызды сәттері, жоғары ойлардың орындалуы, әлеуметтік қызметтің шығармашылық сипаты мен дүниежүзілік тарихи үрдісінің имманенті логикасы ретінде қарастырылмайды. Дегенмен, әлеуметтік эволюцияның да классикалық теориясы барынша қарастырылған болатын.</p> <p>Қазіргі таңда эволюцияның сызықтық сипаты туралы түсінік әлеуметтік өзгерістердің шынайы сипатына сай келмейді деп шешілді. Оның орнына түрлі мәдениеттердің, өркениеттер мен қоғамдардың бір бірінен сапалы түрде ерекшеленетіні, және оларды кезеңдердің біртұтас дәрежеленген немесе артта қалушылықтан прогресске қарай жылжу шкаласы бойынша тізіп қоюға болмайды деген ұйғарым келді. Сонымен қатар әлеуметтік эволюцияның әмбебап тетігі туралы қағида сынға алынды. Бұл қағида эволюция себептері мен факторларының алуандылығын мойындаумен, және олардың ішінен абсолютті шешуші күшке иеленетіндердің шықпайтынын ұғынумен ауысты. Әлеуметтік өзгерістердің прогрессивті және позитивті жүріп өтуінің бұл мәселесінде әлеуметтік прогресс тетіктерінің шарттарын, субъектілерін, қозғаушы күштерін анықтаумен байланысты сұрақтар ерекше маңыздылыққа иеленеді. Прогрессивті өз өзіндік трансформацияға бағдарлану тұрғысынан қоғамның ең мінсіз эволюция түрі шарттардың келесі комбинацияларынан тұрады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Шығармашылық, тәуелсіз, шынайылықты орынды қабылдайтын қайраткерлер;</li> <li>• Ашық, толерантты, иілмелі әлеуметтік құрылымдар;</li> <li>• Ұзақ және сыйлы дәстүр;</li> </ul> <p>Болашаққа және оны стратегиялық жоспарлауға деген оптимистік ұзақмерзімді көзқарас.</p>
---	--

<p><b>Ұлттық дамудың ықылым заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретілді</b></p>	<p>Көптеген дәлелдер Қазақстанның XX ғасырда шикізат және кен өңдеу орталықтарының біріне айналғанын растайды.</p> <p>1917 жылға қарай Қазақстанда темір жолдардың 2793 шақырымы салынған, олардың 2557 шақырымы жалпы қолданыста, ал 236 жергілікті деп бағаланды.</p> <p>Топырақтан салынған жолдар жүз шақырымға алты шақырымды құрады.</p> <p>675 фабрика мен заводтар бар болатын.</p> <p>Қазақстандағы жұмысшылардың саны шамамен тоқсан мың адамды құрады.</p> <p>1914 жылы 44 банк ұйымдары 345 несиелік және жинақтаушы мекемелер қызмет етті.</p> <p>XX ғасырдың басында бұл өлкеде қала халқының өсімі байқалды. 1897–1914 жылдары барлық облыстарда қала халқы бір жарым есеге көбейді. Орал (47,5 мың адам), Петропавл және Верный (43,2 мыңнан), Семей (34,4 мың) ірі қалалар деп есептелді. Қалалардың көбісі әкімшілік орталықтары ретінде пайда болып, сауда және өндіруші өнеркәсіп орталықтарына айналды.</p> <p>Қаладағы ең ірі әлеуметтік топ саудагер буржуазия болды — 20,3%, кен орындарын өңдеу және тамақ өнеркәсібінде жұмыс атқарғандардың үлесі – 33,1% құрады (негізінде жалдамалы жұмысшылар), қалалықтардың 20% ауыл шаруашылығымен айналысты.</p> <p>Бүкілресейлік халық санағының мәліметтері бойынша қазіргі шекаралардың шеңберінде өлкенің территориясында 4147,8 мың адам өмір сүрді, олардың ішінде 3392,7 мыңы немесе 81,7% қазақтар болды. 1914 жылға қарай өлкені мекендейтін жалпы халықтың саны 5910,0 мың адамды құрады, оның ішінде қазақтардың саны – 3845,2 мың немесе 65,1%.</p> <p>1914–16 жылдары тек соғыс қажеттіліктері үшін Түркістан өлкесінен 70 мың жылқы, 15 мың түйе, 13,5 мың үй тәркіленіп алынды.</p> <p>Тарихи дереккөздердің мәліметтері бойынша нарықтық қатынастардың элементтерінен тұратын Жаңа экономикалық саясатты енгізу дала экономикасын тез қалыптастыруға және жаңғыртуға әкеліп соқтырды. 1925 жылдың соңына қарай өнеркәсіптік өнімді өндірудің деңгейі алты есеге көбейіп, 1921 жылдың 17% көрсеткішіне қарағанда 60% құрады. Кейіннен ЖЭС-тан ұжымдастыру мен меншікті тәркілеуге өту шаралары басталды.</p>
---	---

<p><b>Ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды</b></p>	<p>1917 жылы қазақтардың саны шамамен 6 млн адамды құрады. 1937 жылға қарай ол үш есе қысқарды. Бұдан кейінгі өсім тек соғыстан кейінгі кезеңде байқалады. 1959 жылы 2,7 млн адамнан 1970 жылға қарай 4,2 млн адамға дейін өсті. Дегенмен салмақтық үлесі бойынша қазақтар төмендей түсіп, қалаларда азшылық топтарды құрады.</p> <p>Халық құрылымындағы қазақтардың үлесі революцияға дейінгі кезеңдегі 65% көрсеткішінен XX ғасырдың ортасына қарай 30% көрсеткішке дейін түсті.</p>
<p><b>Қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды</b></p>	<p>Ә. Бөкейханов бастаған либерал-демократиялық қозғалыс даладағы ең ірі саяси қозғалыс болып табылды. Түркия мен Иран елдеріндегі 1905–1907 жылдары болған революциялардың толқынымен Қазақстанда ұлттық сана-сезімнің өсуі, түркілік бірліктің нығаюы үрдісі жүріп жатты. «Алаш» партиясының түйіні ретінде ұлттық зиялылар, сонымен қатар дала ақсүйектерінің өкілдері күреске түсті. Партия мүшелерінің саны бес мың адамды құрады. Бұдан бөлек жаңа қозғалыстар мен ұйымдар қалыптаса бастады. Осының барлығы саяси плюрализм мен көп партиялықтың бір бейнесі болды. Бұл үрдістің шарықтау шегі 1917 жылы 21–28 шілде аралығында Орынбор қаласында Қазақстанның автономиясын жариялаған I Жалпықазақ съезінің өткізілуі болды. Нәтижесінде қазақ даласындағы либералды және демократиялық тренд басылып, большевиктердің диктатурасымен алмасты.</p>
<p><b>XX ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды</b></p>	<p>Өткен ғасырда барлық материктер мен континенттерді жайпап өткен елу шақты революция орын алған болатын. 1910 жылғы монархияны құлдыратқан португалиялық революциядан бастап 2000 жылғы Югославиядағы «бульдозерлік революциямен» аяқтауға болады.</p> <p>Жаңа ғасырда революциялар ішкі әлеуметтік қозғалыстардың салдары емес, ал геосаяси технологияға айнала бастады. Оны біз Украинадан, 2004–2005 жылдары Грузиядан, 2009–2010 жылдары араб елдерінен де байқай аламыз.</p>
<p><b>Қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады</b></p>	<p>Қазақстанда демократия мен ағартушылықтың идеялары тарай бастады. Дереккөздердің мәліметінше, XX ғасырдың басына қарай қазақ даласында білім берудің серпілісі байқала бастады. Торғай, Ақмола, Жетісу, Орынбор өлкелерінің оқыту мекемелерінде 6–8 мыңнан бастап 25 мың адамға дейін оқыды. Жалпы 105 мың оқушысы бар 2006 мектеп қызмет атқарды.</p> <p>Мешіттердің қарамағындағы медреселер маңызды рөл атқарды.</p>

	<p>Қазан университетінде 1887 және 1917 жылдары аралығында шамамен .40 қазақ оқыды.</p> <p>Сондай ақ, саяси мақсатта араб әліпбиінің алдымен латынға, кейін кириллицаға ауысуы ұлттық мәдениет пен зиялыларға орасан зор зардабын тигізді. Бұл қазақтарды 1929 жылға дейін басылып шыққан қазақ (Құнанбаев Абай, Дулатов Міржақып, Жұмабаев Мағжан, Әуезов Мұхтар және т.б.), сонымен қатар жалпы түркілік (Әл-Фараби, Ахмед Яссауи, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Кашғари және т.б.) әдебиеттен алыстатты.</p> <p>Орыс тілін оқыту арқылы қазақ халқы орыс мәдениетіне қол жеткізе алды, ал кеңестік идеология шеңберінде әлемдік мәдениетке де біртабан жақын болды. Дегенмен, бұл жағдайда ұлттық бірегейлік жойыла бастады.</p> <p>ҚазКСР-ның 1937 жылы қабылданған Конституциясында мемлекеттік тіл туралы бап болмады. Ал 1938 жылдың он үшінші наурызында «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» Үкім қабылданды.</p> <p>1938 жылдың 13 сәуірінде Қазақстанның үкіметі № 353 «Ұлттық мектептерді қайта ұйымдастыру туралы» үкімді қабылдап, ол өз кезегінде Наркомпростың қызметіндегі жетекшілікке айналды. Аталмыш «қайта ұйымдастыру» кеңестік билік жылдарында ұлттық тілдерге негізделіп жасалған білім беру жүйесін жоюға бағдарланған.</p> <p>1955 жылдың 4 маусымында ҚазКСР Министрліктер кеңесінің «Орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті оқитудан босату туралы» бұйрығы шықты.</p> <p>Қазақстанды орыстандыру саясаты кеңес дәуірінде өскен көптеген қазақтардың өз тілін білмеуіне әкеліп соқтырды. 1954 және 1986 жылдары аралығында қазақ тілінде оқытатын 546 мектеп жабылды. 1957 жылы Алматы қаласында тек бір № 12 қазақ мектебі жұмыс істеді, ал күллі ҚазКСР бойынша қазақ тілінде оқытатын және ауыл мектептерінде бастауыш сыныптары үшін мұғалімдерді дайындайтын жалғыз бір жоғары оқу орны - КазЖенПИ ғана қалды.</p>
<p><b>Еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды</b></p>	<p>Лестер Браун атындағы Бүкіләлемдік бақылау институтының бағалаулары бойынша Қазақстанда егістік жерлерді тиімсіз пайдаланған үшін гумустың тең жартысы жоғалған. Егер КСРО жерлерінде мұндай шығындар жылына 2,3 млн тоннаны құраса, онда Қазақстанда олар шамамен 1 млрд тоннаны құрады. Гумустық қабат бұзылып, әрбір миллиметрлік қабатпен бір гектарлық жерден 76 кг азот, 240 кг фосфор, 800 кг калий жойылып отырды.</p>

	<p>Сонымен бірге өндіріс тиімділігіне қатысты үлкен сұрақтар туындады. 1 млрд пұт нанды өндіру үшін бір миллион адамға дейін тартылды. Соның өзінде Кеңес Одағы астықтың импортері болып қала берді. Бидайдың өнімділігі әр гектардан 6–7 центнерді құрады.</p>
<p><b>XX ғасыр игіліктері: индустриаландыру, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуы, жаңа интеллигенцияның қалыптасуы</b></p>	<p>Миллиондаған өмір мен тауқымет көрген талай тағдырды құрбандыққа шала отырып, Қазақстан аграрлық-индустриалды республиканың белгілі бір қасиеттеріне иеленді.</p> <p>ЖІӨ көлемі бойынша республика үшінші орын алды. Республикада хромның 95%, бариттің 83%, сары фосфордың 90%, фосфаттың 40%, мыстың шамамен 30% , күмістің 50%, қорғасын мен цинктің 70%, көмірдің 20% өндірілді.</p> <p>Алайда өнеркәсіп саласы кен өндіру жаққа қарай ауытқи бастады – шамамен екі есеге (КСРО бойынша 9% көрсеткішке қарсы 14–16% көрсеткішті құрады).</p> <p>Ауыл шаруашылығында да осы іспетті жағдай. Жүннің төрттен бір бөлігіне иелене отырып, Қазақстан жүндік және шұлықтық өнімдерді өндіру саласында 4-5% үлесті ғана иемденді.</p> <p>1937 жылға қарай жаппай бастапқы оқу шаралары аяқталды. Мектептердің саны жеті мыңға жетіп, олардағы оқушылар саны 1 млн адамды құрады.</p> <p>1928 жылы Алматы қаласында алғашқы ЖОО – Абай атындағы ҚазПИ құрылды. Соғысқа дейін он мың студенті бар жиырма жоғары оқу орны құрылған.</p> <p>1938 жылы Ғылымдар академиясының Қазақ филиалы ашылды.</p> <p>1940 жылы Қазақстанда 57 ғылыми мекеме есептелді.</p> <p>Қазақстанға соғыс жылдары ғылыми институттардың эвакуациялануы ғылым және білім беру саласына жаңа серпін берді.</p>
<p><b>Ұлттың емес, ал территорияның жаңғыруы</b></p>	<p>Қазақстан Республикасында революциядан кейін болғандардың барлығы шынында экстенсивті өзгерістерді, яғни инфрақұрылымды, институттады қалыптастыру, индустриалды қоғамның дағдылары мен білімді игеруді білдірді. Бірақ, ұлттың этностық мәдениеті көп жылға жабық қазан күйінде қалды. Мұндағы бар мәселе қазақтардың аграрлық халық ретінде қала беріп, өмірдің жағдайларына бейімделуіне негізделіп отыр.</p> <p>1989 жылғы санақ мәліметтері бойынша қазақтардың тек үштен бір бөлігі тәуелсіздік алғанға дейін қалада тұрды. Бүгінгі таңда қалалықтардың үлесі шамамен 70% құрап отыр. Сәйкесінше, қазақтардың арасында ауылды жердің патриархалды практикалары басым болды, ал қалаларда қазақтар орыс мәдениеті мен менталитетін игеріп алды.</p>



	<p>Ұлт жағдайларға бейімделе алғандықтан тірі қалды. Дегенмен, ұлттық рухтың жаңғыруы – Абайдан бастау алған және Алаш Ордамен жалғасын тапқанымен, сол кезде ұзақ жылдарға тоқтап қалды.</p>
<p><b>Сананың ашықтығы</b></p>	<p>«Ашық қоғам» теориясының ағымына кіреді. Ашық қоғам концепциясы ең алғашқы рет Анри Бергсонмен құрылды. Кейін ол Карл Поппермен нақтылана және жетелене түсті. Ол өзінің «Ашық қоғам және оның жаулары» атты еңбегінде ашық қоғам концепциясын өзінің критикалық рационализм теориясымен біріктірді.</p> <p>Поппер түсінігіндегі ашық қоғам толықтай демократияланған. Оның мүшелері жеке еркіндіктің кез келген шектеулеріне қарсылық танытады, өзінің сыни ойлау дағдысына және талқылау барысында қол жеткізген келісімдерге сүйене отырып, шешім қабылдайды. Мұндай қоғам шектелген капитализм болып табылмайды, және де марксизм немесе анархияға да негізделмеген: бұл демократияның жеке басты нұсқасы болып табылады.</p>
